

*«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы» сериясы*

Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев

**ҚЫЗМЕТ
ХРОНИКАСЫ
2008 ЖЫЛ**



АСТАНА 2012

УДК 342
ББК 67.400.6
Қ 18

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Басып шығарушы: «Деловой Мир Астана» ЖШС

Редакциялық-баспагерлік топ:

М.Б. Қасымбеков (жетекші), саяси ғылымдардың докторы, профессор,
Б.Б. Темірболат (жауапты редактор), саяси ғылымдардың кандидаты,
Ж.К. Үсембаева, техника ғылымдарының докторы, профессор,
Е.А. Хасенов, филология ғылымдарының кандидаты,
Т.А. Темірханов, М.М. Бейсенова

Қ 18 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет
хроникасы. 2008 жыл. — Астана: Деловой Мир Астана, 2012. — 406 б.

ISBN 978-601-7259-48-8

Бұл кітап «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы» сериясы бойынша шығарылып отырған кезекті басылым болып табылады.

Кітапта 2008 жылы елімізде және шетелдерде Мемлекет басшысының қатысуымен өткізілген басты іс-шаралар жайында баяндалған, сонымен қатар осы кезеңде Н.Ә. Назарбаевтың сөйлеген толыққанды сөздерінің мәтіндері, 2008 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының маңызы зор заңдары мен Президент жарлықтарының тізбесі ұсынылған, түрлі анықтамалық ақпараттар келтірілген.

Сондай-ақ, кітаптың компакт дискідегі мультимедиялық нұсқасы ұсынылған. Басылым көпшілік оқырманға арналған.

УДК 342
ББК 67.400.6

ISBN 978-601-7259-48-8

© Қасымбеков М.Б., 2012
© «Деловой Мир Астана» ЖШС. 2012
© Барлық құқықтары қорғалған

2008 жыл Қазақстан үшін түрлі жарқын әрі жоспарлы оқиғаларға толы жыл болды. Елдің қоғамдық-саяси өмірі барлық қырынан Елбасының барынша тығыз жұмыс кестесінің мазмұнынан өз көрінісін тапты. Шет елдерге және еліміздің өңірлеріне жасаған жұмыс сапарларын, еліміздің тыныс-тіршілігінің мәселелері бойынша өткен түрлі мәжілістерді, халықаралық және республикалық форумдардың жұмысына қатысуларын, шетелдік мемлекет және қоғам қайраткерлерін қабылдауларын, жұртшылық өкілдерімен және кәсіпорындардың еңбек ұжымдарымен кездесулерін, өнеркәсіптік және әлеуметтік объектілерде болғандарын және тағы басқаларды қоса алғанда, жыл бойы Президент Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен 500-ден астам іс-шаралар өткізілді.

Атап айтқанда, осы кезеңде Н.Ә. Назарбаев Үкіметтің ақпанда және қазанда болған 2 кеңейтілген отырысына қатысты; Үкімет мүшелерінің және Президент Әкімшілігі басшылығының қатысуымен 5 жұмыс мәжілісін өткізді, олардың қатарында 2015 жылға дейінгі Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын және денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру барысы, 2009–2011 жылдарға арналған үшжылдық республикалық бюджет жөніндегі және т.б. мәселелер бар; құқық қорғау жүйесіндегі әкімшілік реформа, сот реформасы, сыбайлас жемқорлықпен күрес, ішкі саясат және идеологиялық жұмыс, т.б. мәселелер жөнінде 6 кеңес, сонымен бірге облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен кеңес өткізді. Бұдан басқа, Мемлекет басшысы Астана қаласының әкімдігінде елорданың 10 жылдығын мерекелеуге әзірлік және оның одан арғы дамуы жөнінде 4 кеңес, сондай-ақ еліміздің өңірлеріне жұмыс сапарлары барысында 6 көшпелі кеңес өткізді.

Президенттің жаңындағы консультативтік-кеңестік органдар жүйесі бойынша Н.Ә. Назарбаевтың төрағалығымен Ұлттық инвесторлар кеңесінің отырысы, Шетел инвесторлары кеңесінің 2 отырысы, сондай-ақ Қауіпсіздік кеңесінің 4 отырысы

өтті, оларда Ұлттық қауіпсіздіктің 2007–2012 жылдарға арналған стратегиясын жүзеге асыру барысы, төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою саласында мемлекеттік органдардың басқару тиімділігін арттыру, заңдылық пен құқық тәртібін қорғауды, қылмыспен және сыбайлас жемқорлықпен күресті қамтамасыз етудегі мемлекеттік органдардың жұмыс жағдайы жөніндегі, т.б. мәселелер қаралды.

Президент Бас прокуратура мен Сыртқы істер министрлігі алқаларының кеңейтілген отырыстарына қатысты, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұлттық компаниялар мен даму институттары басшыларының есептерін тыңдады.

Н.Ә. Назарбаев Парламент палаталарының бірлескен екі отырысына қатысып, Парламент палаталары төрағаларымен және депутаттармен кездесе отырып, депутаттық корпуспен тұрақты байланыста болды.

Жыл бойында Президент сондай-ақ Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлімен; Қазақ тағам академиясының президенті, академик Т.Ш. Шармановпен; Ауған соғысының ардагерлері ұйымдары қауымдастығының төрағасы Б. Смағұлмен; «Атамекен» одағы» Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы басқармасының мүшелерімен; Астананы алғаш салушылармен; ұлттық университеттер ректорларымен; Олимпиадалық ойындарға қатысушылармен және жүлдегерлерімен, тағы басқалармен кездесті.

Мемлекет басшысы еліміздің өңірлеріне 19 жұмыс сапарын жасады.

Сыртқы саяси кесте де тығыз болды. Барлығын қоса алғанда, Президенттің қатысуымен халықаралық сипаттағы 112 кездесу мен іс-шаралар өтті, олардың қатарында екіжақты қарым-қатынастар аясында 6 шетелдік сапар, 9 көпжақты саммит пен 8 халықаралық форумға қатысу бар.

Н.Ә. Назарбаев 13 баспасөз конференциясы мен 15 брифинг өткізді, 20 жетекші шетелдік және отандық БАҚ-қа сұхбат берді.

Президент 2700-ден астам құжаттарды қарап, қол қойды, олардың қатарында 102 заң, 215 жарлық, 115 өкім, 22 мәжіліс хаттамалары, 2000-ға тарта қызметтік құжаттар, талдамалық және ақпараттық-анықтамалық материалдар, 84 Алғыс хаттар, азаматтардың 179 арыз-шағымдары бар, соңғы аталғандардың 106-сы бақылауға алынды.

Осы кезеңде Мемлекет басшысы 59 күн сапарларда болды, оның 20 күні шет елдерге, 39 күні Қазақстанның өңірлеріне арналды.



Ғаламдық дағдарыстың әсерінен 2008 жылы әлемдік экономикалық конъюнктураның күрт нашарлауын ескере отырып, Мемлекет басшысы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы мәселелерін айрықша назарға алды.

Президент 6 ақпанда Парламент палаталарының бірлескен отырысында жасаған «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» деп аталатын Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдауының өзінде-ақ оның негізгі арқауы әлемдік экономикалық дағдарыстың зардаптарына қарсы тұру әрекеті болды.

Бұл Жолдау 2006 және 2007 жылғы Жолдаулардың қисынды жалғасы екенін атап өте отырып, Н.Ә. Назарбаев модернизациялауды одан әрі жүйелі

жалғастырудың, әлемдік нарықта жаһандық іркілістің жақындап келе жатуы жағдайында тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етудің және әлеуметтік даму қарқынын сақтап қалудың маңыздылығына айрықша мән берді. Осыған байланысты қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету; халықаралық мұнай және энергетика нарығында ықпалды әрі жауапты қатысушы ретінде мемлекеттің позицияларын нығайту; экономиканың инфрақұрылымын, ең алдымен «Қазақстан экономикасының дамуына ілесе алмай жататын» электр энергетикасы мен көлік инфрақұрылымын дамыту; ауыл шаруашылығының экспортқа бағдарланған салаларын ұлғайтудың негізінде агроөнеркәсіптік секторды нығайту; бизнеске қосымша қолдау көрсету бірінші кезектегі міндеттер ретінде белгіленді. Сонымен бірге Жолдауда зейнетақылар мен бюджеттіктердің еңбекақысын одан әрі арттыру жөніндегі мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелері дәйектелді.

Жаңа Жолдауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді нақтылау шеңберінде Мемлекет басшысы Үкімет мүшелерімен, орталық және жергілікті атқарушы органдар басшыларымен, тағы басқаларымен бірқатар кеңестер мен жұмыс кездесулерін өткізді.

14 ақпанда Мемлекет басшысының төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы болып өтті, онда Президент 2007 жылдағы әлеуметтік-экономикалық дамудың қорытындыларын шығарып, Жолдаудың алдағы кезеңге арналған межелерін жүзеге асыру жөнінде кең көлемді міндеттерді алға тартты. Н.Ә. Назарбаев банктердің әдеттен тыс стратегиясының салдарынан пайда болған қаржы жүйесіндегі, құрылыс пен жылжымайтын мүлік секторындағы «қызып кетуден» сабақ алудың маңыздылығын атап өте отырып, министрліктер, ведомстволар мен мемхолдингтер басшылықтарының алдына қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету және әлемдік қаржы нарықтарындағы дағдарыстың ұлттық экономикаға теріс ықпалын төмендету жөнінде міндеттер қойды. Одан басқа, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне тұрмысы төмен халықтың жағдайына айрықша назар аудару; адамдарды, әсіресе бұрынғы құрылысшыларды жұмысқа орналастыру, оларды қайта мамандық даярлаудан өткізумен айналысу; 100 мектеп пен 100 аурухана бағдарламасының орындалуын қамтамасыз ету; өңірлерде сыбайлас жемқорлықпен күреске басшылық жасау тапсырылды.

Үкімет және Президент Әкімшілігі басшылығымен наурызда өткізілген кеңесте Президент жаңа Жолдауды жүзеге асыру барысында мемлекеттік бағдарламаларды орындау, әлеуметтік салаларды дамыту, мемлекеттік қызмет пен экономикалық жоспарлау жүйесін жетілдіру мәселелерін көтерді.

Соның қорытындысы ретінде, 2008 жылдың басында-ақ Үкімет ұлттық банк жүйесінің алдағы сыртқы қатерлерге қажетті дайындық деңгейін қамтамасыз етіп, өтімділік мәселесін жедел шешті; қазақстандық банктер үшін олардың өздерінің сыртқы және ішкі міндеттемелерін орындауы жөнінде қолайлы ахуалдар жасады; құрылыс нарығын қолдау және үлескерлік құрылысқа қатысушылардың құқығын қорғау жөнінде қажетті шаралар қабылдады; шағын және орта бизнесті дамыту үшін қаржылар бөлді.

Сонымен бірге, әлемдік экономикалық дағдарыстың одан әрі шиеленісіне түсуіне байланысты, 13 қазанда облыстардың, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің, ұлттық компаниялар басшыларының қатысуымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент Үкіметке дағдарысқа қарсы кешенді бағдарлама әзірлеуді

тапсырды. Мемлекет басшысы оның негізгі бағыттары ретінде қаржы секторын тұрақтандыруды, жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешуді, шағын және орта бизнеске қолдау көрсетуді, агроөнеркәсіптік кешенді ынталандыру мен индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруды атады.

Н.Ә. Назарбаев сол күні-ақ облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен кеңес өткізіп, онда халықтың тұрмысы төмен бөлігіне қолдау көрсету, жаңа жұмыс орындарын ашу, үлескерлердің заңды құқықтарын қорғау, шағын және орта бизнеске қаржылай қолдау көрсету, сондай-ақ мемлекет пен ұлттық компаниялардың тапсырыстарын отандық кәсіпорындарға орналастыруына ықпал ету жөнінде дағдарысқа қарсы бағдарламаның шеңберінде, аймақтық деңгейде қосымша іс-шаралар қабылдау қажеттігіне назарларын аудартқызды.

Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес дағдарыстың теріс зардаптарын жоюға бағытталған бірқатар қосымша іс-шаралар қабылданды.

Ең ірі «Қазына» және «Самұрық» мемлекеттік холдингтерінің бірігуінің базасында дағдарысқа қарсы бағдарламаны жүзеге асырудың негізгі құралдарының бірі болуға тиісті «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» құрылды. Холдингке қолда бар активтерін толықтыра отырып, «Қазатөменеркәсіптің», «Еуразия табиғи ресурстар корпорациясының», «Қазақмыстың», «Қазақстандық ипотекалық компанияның», «Қазақстандық ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қорының» және «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің», сондай-ақ 7 әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияның мемлекеттік акциялар пакеттері берілді.

Сондай-ақ акциялар пакетіне ие болу жолымен еліміздің төрт жетекші коммерциялық банктері — Халық банкін, Альянс банкін, БТА және Қазкоммерцбанкті қосымша капиталдандыру жүзеге асырылды.

25 қарашада Үкімет «Самұрық-Қазына» қоры мен «ҚазАгро» холдингін қатыстыра отырып, Үкіметтің, Ұлттық банктің және Қаржы нарығын реттеу және қадағалау агенттігінің дағдарысқа қарсы бірлескен іс-қимыл бағдарламасын қабылдады. Оны жүзеге асыру үшін 2009–2010 жылдары Ұлттық қордан 10 млрд. доллар қаржы көзделіп отыр.

Бұдан басқа, 2009 жылдан бастап Қазақстанда жаңа Салық кодексін қолданысқа енгізу жоспарланды, ол шикізаттық емес секторға салмақты едәуір жеңілдетеді. Корпоративтік салық кезең-кезеңімен 30-дан 15%-ға дейін төмендейді, ҚҚС мөлшері 13-тен 12%-ға дейін азаяды.

Шығындарды кейінге шегеру мерзімі 3 жылдан 10 жылға дейін ұзартылады. Үлескерлік тұрғын үй құрылысының қатардағы қатысушыларын қолдау жөнінде теңдесі жоқ іс-шаралар қабылданды.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің 6 маусымдағы Атырау қаласында және 5 желтоқсандағы Алматы қаласында өткен кезекті отырыстары, сондай-ақ Ұлттық инвесторлар кеңесінің 21 қарашадағы «Дағдарысты еңсеру жөніндегі тұрақтандыру шараларын іске асырудағы мемлекет пен бизнестің өзара бірлескен іс-қимылы» деген тақырыппен өткен отырысы әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында қолайлы инвестициялық ахуалды қамтамасыз ету және инновациялық жобаларды іске асыру мәселелеріне арналды.

Осы және басқа да мәселелер сондай-ақ АҚШ Конгресі Өкілдер палатасының Табиғи ресурстар жөніндегі комитетінің төрағасы Н. Рэйхэлл басқарған делегация-

мен, Солтүстік Каспий жобасы бойынша «Royal Dutch Shell», «Total», «Eni S.p.A.», «ExxonMobil Corporation», «ConocoPhillips Inc.» және «INPEX» мердігерлік компанияларының өкілдерімен; «General Electric» компаниясының президенті және бас атқарушы директоры Ф. Бекқалимен; «Kingdom» инвестициялық компаниясы басқармасының төрағасы Әл-Уалид бен Талап бен Абдел Өзиз әл-Саудпен; Еуропа қайта құру және даму банкінің президенті Т. Мироппен, Дүниежүзілік банктің президенті Р. Зеллекпен және басқалармен болған кездесулерде де басты назарда болды.

Соның нәтижесі ретінде, жаһандық экономикадағы дағдарыс құбылыстарына қарамастан, Қазақстан шетел инвесторлары үшін жоғары инвестициялық тартымдылығын сақтауда. Н.Ә. Назарбаевтың тек шетелдік сапарларының қорытындылары бойынша Бахрейнмен және Абу-Дабимен 1,5 млрд. доллардан астам сомаға екі бірлескен қор құру, «CITIC» қытай корпорациясымен бірге қоры 1 млрд. долларға дейін капиталдандырылған қор құру, сондай-ақ француз және жапон компанияларымен серіктестік арқылы 3 млрд. доллар сомадан асатын жобаларды іске асыру жөніндегі уағдаластықтарға қол жетті.

Дағдарысқа қарсы қабылданып жатқан іс-шаралар нәтижелілігінің маңызды көрсеткіші 2008 жылы Қазақстанның 9 облысында 19 жаңа өнеркәсіптік өндіріс орындарының іске қосылғаны бола алады; отандық алғашқы «Астана-Бұрабай» автобаны ашылды; еліміз үшін маңызды, Ресей аумағы бойынша 82 шақырымдық транзитті қысқартып, Қазақстанның шығысын орталықпен жалғастырған «Шар-Өскемен» теміржол магистралінің құрылысы аяқталды; 2 театр, жаңа мектептер, ауруханалар және басқалар салынды.

Мемлекет басшысының тікелей қатысуымен Алматы облысының Іле ауданында «Даму» индустриялық-логистикалық орталығы, Шымкент қаласында ТМД-да баламасы жоқ Медициналық мақсаттағы құрал-жабдықтар мен бұйымдарды стерилизациялау жөніндегі орталығы, ұзындығы 224 шақырымдық «Астана-Щучье» алты жолақты автобаны, Алматы әуежайының барлық әуе кемелері түрлерін шектеу қоймай қабылдайтын жаңа ұшу-қону жолағы, Қарағанды облысында «30 корпоративтік көшбасшы» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде салынған «Silicium Kazakhstan» металлургиялық кремний өндіру жөніндегі зауыт сияқты маңызды инновациялық жобалардың, тағы басқалардың тұсаукесері болды.

Жыл ішінде Мемлекет басшысы сонымен қатар елдің қоғамдық-саяси және мәдени өміріне белсене араласты.

17 қаңтарда Н.Ә. Назарбаев «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысына төрағалық етіп, оның қорытындысы бойынша «Қазақстанның өркендеуі және қазақстандықтардың игілігі үшін: біз елдің әрбір азаматының өмірін қалай жақсартамыз» атты партиялық тұғырнаманы іске асыру бағдарламасы қабылданды.

Қаңтардың соңында өткен «Болашақ» бағдарламасы стипендиаттарының форумында Президент Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін көтеру жолындағы басым бағыттардың бірі ретінде «Зияткерлік ұлт-2020» ұлттық жобасын әзірлеу идеясын алға тартты. Өз сөзінде ол «Болашақтың» бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыруға бағытталған маңызды «серпінді жобалардың» бірі болып табылатындығын және

«Болашақ» түлектерінің келешекте реформалар мен мемлекет басқарудың басында тұруға қабілетті басқарушылардың жаңа үдетушісінің негізі бола алатындығын атап көрсетті.

«Нұр Отан» Халықтық демократиялық партиясы «Жас Отан» жастар қанатының бірінші съезінің делегаттарымен мамырдағы кездесуі де жастардың елдің қоғамдық-саяси өміріне араласуы тақырыбына арналды.

Сәуірде Н.Ә. Назарбаев Қазақ жерінің кеңістігіне біздің тарихымызда тұңғыш рет жол тартқан Олимпиада алауының халықаралық эстафетасын қабылдады.

Маусымда Президент «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыру жөніндегі қоғамдық кеңестің отырысына қатысып, онда бағдарламаның келесі кезеңінің басымдықтары айқындалды, сондай-ақ Қазақстанның мемлекеттік қызметінің үлгісін реформалаудың перспективалық қағидаттарын тұжырымдауға арналған «Елдің бәсекеге қабілеттілігін көтерудегі мемлекеттік қызметтің рөлі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысты.

Қазақстан елордасы Астана қаласының 10 жылдығын мерекелеу жылдың маңызды оқиғасы болды, оны еліміз бұрын-соңды болмаған ауқыммен атап өтті.

Мерекелік салтанаттың алдында үлкен дайындық жұмыстары жүргізілді. Оның аясында Мемлекет басшысы 11 ақпанда «Астанабасжоспар» МКМ ғылыми-зерттеу жобалау институтында және 26 наурыз бен 3 шілдеде Астана қаласының әкімдігінде 3 кеңес өткізді. «Алдағы мерейтойдың саяси мәні аса маңызды. Бұл қатардағы жай мереке емес, ол Астана қаласының ғана емес, бүкіл елдің дамуына жаңа серпін беруге тиіс үлкен жалпыұлттық іс-шара» екендігін Президент үнемі қадап айтумен болды. Сондықтан елорданы дамыту мен оның құрылысы мәселесі, әсіресе коммуналдық жүйенің, жолдардың, астана ПИК қызметінің жай-күйіне, тұрақтардың, бала бақшалардың, кітап дүкендерінің және басқаларының жетіспейтіндігіне байланысты проблемалық жағдайлар оның айрықша назарында болды.

Арнайы мерекеге арналған «Астананың 10 жылдығы» мерейтойлық медалі тағайындалып, онымен бүкіл республика бойынша 30 мыңға жуық адам марапатталды.

Мерекелік салтанат Мемлекет басшысы «Атамекен» қорғандық кешенінде Мемлекеттік жалауды көтеру рәсімін ашып, қазақстандықтарды алда тұрған мерейтоймен құттықтаған 30 маусымнан бастау алды.

Одан кейінгі күндер ішінде Н.Ә. Назарбаев Астана қаласының Қазақстанның өңірлері елордаға тарту еткен нысандарын аралап шықты. Олардың қатарында цирк ғимаратының алдындағы алаңқай (Қарағанды облысы), «Жастар» алаңы (Алматы қаласы), «Нұр Астана» орталық мешітінің жанындағы гүлзар (Маңғыстау облысы), Кеңес Одағының Батыры Б. Момышұлы (Жамбыл облысы) мен Жамбыл (Алматы облысы) ескерткіштері, Кеңес Одағының Батыры Ә. Молдағұлова мемориалдық кешені (Ақтөбе облысы), «Еуразия» монументі (Батыс Қазақстан облысы) және басқалары бар. Сонымен қатар мереке күндері Президент Республикалық диагностикалық орталықтың, Қазақ гуманитарлық-заң университетінің жаңа ғимаратының, «Астана» ұлттық теннис орталығының және басқаларының ашылуына қатысты.

5 шілдеде Мемлекет басшысы өзінің «Ақорда» резиденциясында Қазақстанға мерейтойлық іс-шараларға қатысу үшін келген Әзірбайжан Президенті И.Г. Алиев, Армения Президенті С.А. Саргсян, Грузия Президенті М.Н. Саакашвили,

Қырғызстан Президенті Қ.С. Бакиев, Ресей Президенті Д.А. Медведев, Тәжікстан Президенті Э.Ш. Рахмон, Түрікменстан Президенті Г.М. Бердымұхамедов және Түркия Президенті А. Гүлді қабылдады.

Сол күні Президент Бейбітшілік пен келісім сарайында елорданың 10 жылдығына арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

6 шілдедегі мерекелік іс-шаралар Н.Ә. Назарбаевтың сөзімен айтқанда ұрпақтар сабақтастығын нышандау үшін тұрғызылған «Қазақ елі» монументінің ашылу салтанатынан басталды.

Мерейтойлық оқиғаға байланысты Қазақстан көшбасшысының атына еліміздің азаматтары мен еңбек ұжымдарынан, мемлекет басшыларынан, халықаралық ұйымдардың жетекшілерінен, шетелдік саяси және қоғам қайраткерлерінен көптеген құттықтаулар келіп түсті. Олардың қатарында БҰҰ бас хатшысы Пан Ги Мун, АҚШ Президенті Дж. Буш, ЮНЕСКО бас директоры К. Мацуура, Сингапур Парламентінің спикері А. Тармуга, АҚШ Ұлттық демократия институтының президенті К. Уоллак және басқалары бар.

Тұтастай алғанда елорданың жаңа нысандарының саны мерейтойлық іс-шаралар аясында берілгендерімен шектелген жоқ. Жыл ішінде «Сарыарқа» және «Керуен» ойын-сауық орталықтары, ҰҚК жаңа әкімшілік ғимараты, Астана қаласының №60 лицейі, «Авиценна-Элит», «Солтүстік шұғыласы» тұрғын үй кешендері, «Astana Financial Tower» бизнес-орталығы, «Пекин Палас» бес жұлдызды қонақүй кешені, Есіл өзені арқылы өтетін жаңа көпір және басқалары пайдалануға берілді.

Әлемдік экономикалық дағдарыстың зардаптарына қарамастан елордада сонымен қатар тұрғын үй құрылысының да қарқынды жүргізілгенін атап айту керек. Жаңа жыл қарсаңында 500-ден астам отбасы қоныс тойларын жасады. №2 перзентхана дәрігері А. Югайға, көп балалы ана Т. Тоқтароваға, Ұлы Отан соғысының ардагері Ф. Шәмілұлына, Қ. Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық-драма театрының актрисасы А. Аймағанбетоваға, балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің суда жүзу бойынша жаттықтырушысы А. Кудрявцевке, №58 орта мектеп мұғалімі О. Шахановқа жаңа пәтер кілтін тапсырып тұрып: «Муниципалдық тұрғын үй беру — мемлекеттің дәрігерлерге, мұғалімдерге, мәдениет қайраткерлеріне, мемлекеттік қызметшілерге, табысы аз адамдарға, мүгедектерге, ардагерлерге деген қамқорлығының жарқын куәсі», — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев.

2008 жылы Астана қаласын дамытудың қорытындылары Астана қаласының әкімдігінде Мемлекет басшысының қатысуымен өткен желтоқсандағы елорданы одан әрі дамыту мәселелері жөніндегі кезекті кеңесте жасалды. Онда үшжылдық кезеңге арналған бірінші кезектегі қала құрылысы іс-шараларын көздейтін қаланың Бас жоспарына түзетулер жобасы ұсынылды. «Елордаға негізгі керектілерді біз жасадық, барлық инфрақұрылым салынды, барлық үкіметтік және заң шығарушы билік құрылымдары осында, қаланың орталығы салынды, адамға қажеттілердің бәрі бар, — деді өз сөзінде Президент. — Алайда өмір бір орнында тұрмайды, алға жылжиды, біз де бар күш-жігерімізді артта қалған инфрақұрылымды алға сүйреуге шоғырландыруға тиіспіз». Осыған байланысты қалалық әкімдікке барлық күш-жігерді елорданың инфрақұрылымын, бірінші кезекте жылу және энергиямен қамсыздандыру жүйесін дамытуға шоғырландыру тапсырылды.

2008 жылы үлкен қоғамдық серпіліс туғызған іс-шаралар қатарында Мемлекет басшысының қыркүйек айында Парламенттің төртінші шақырылымының екінші

сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі болды. Сонда депутаттық корпус алдына қойылған міндеттерге сәйкес 2008 жылы Салық және Бюджет кодекстері, 2009–2011 жылдарға арналған үшжылдық бюджет, бәсекелестік туралы заң қабылданды, сондай-ақ 2007 жылы қабылданған Конституцияға түзетулер аясында елді одан әрі демократияландыру үшін құқықтық база жасау жөнінде кең ауқымды жұмыс жүргізілді.

Және бір мәнді оқиға қазан айында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XIV сессиясы болды, онда Президент ұлттық бірлік доктринасын, жастарды тәрбиелеудің кешенді бағдарламасын және мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру жөнінде шаралар жүйесін әзірлеуге бастама көтерді.

6 қарашада Н.Ә. Назарбаев «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы ұйымдастырған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес форумына қатысты. Оған қатысушылар алдында сөз сөйлеген Президент Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық іс-қимыл жоспарының қабылданғанын жария етті, қолданыстағы заңнаманы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тұрғысынан ревизиялаудың және лоббилау туралы арнайы заң қабылдау қажеттігін қадап айтты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбын Президенттің ұдайы назарында ұстап отырғанын атап көрсеткен жөн. Жыл ішінде аталған проблематика сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі кеңесте, Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында, Бас прокуратура алқасының кеңейтілген отырысында, Бас прокуратура, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі, Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті басшыларының есеп беру барысында қаралды.

Қараша-желтоқсанда Н.Ә. Назарбаев «Сапа саласындағы үздік жетістігі үшін» Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының лауреаттарын және «Алтын сапа» республикалық байқауы-көрмесінің дипломанттарын марапаттау салтанатына қатысты, сондай-ақ 2008 жылдың басында тағайындалған жыл сайынғы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» байқауының жеңімпаздарына сыйлық тапсырды.

Елдің қоғамдық-саяси күнпарағының мерейлі жабылуы Қазақстан Тәуелсіздігінің 17 жылдығын мерекелеу болды. Мереке қарсаңында Мемлекет басшысы қазақстандықтардың үлкен тобына мемлекеттік наградалар мен сыйлықтар тапсырды. Олардың қатарында «Халық қаһарманы» жоғары атағына ие болған Қазақстан Қарулы Күштері Штабтар бастықтары комитеті төрағасының орынбасары, генерал-лейтенант Б.Е. Ертаев, сондай-ақ еңбектегі ерлігі үшін «Қазақстанның Еңбек Ері» жоғары мемлекеттік наградасының тұңғыш иегерлері болған Ы. Алтынсарин атындағы №159 Алматы гимназиясының директоры А.Т. Миразова және Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының «Зенченко және К» командиттік серіктестігінің бас директоры Г.И. Зенченко бар.

Жыл ішінде Президент сонымен қатар жұмыс сапарымен елдің барлық өңірлерінде болды. Бұл сапарлардың барысында ол облыстардың активтерімен, кәсіпорындардың еңбек ұжымдарымен, жұртшылық өкілдерімен кездесіп, 100-ден астам өнеркәсіптік және әлеуметтік нысандарда болды, жаңа өндіріс орындарын

ашуға қатысты. Мемлекет басшысы курорттық аймақтардың инфрақұрылымын дамыту мәселелері жөнінде — Бурабай қаласында, елдің энергетика кешенін дамыту перспективалары жөнінде — Павлодар қаласында, денсаулық сақтау жүйесінің проблемалары жөнінде — Шымкент қаласында, химиялық өнеркәсіпті дамыту жөнінде — Тараз қаласында, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту және 30 корпоративтік көшбасшы мәселелері жөнінде — Қостанай қаласында, Шығыс Қазақстан облысы қалаларының, аудандарының және ауылдық округтерінің әкімдерімен — Глубокое ауданының Предгорное ауылында көшпелі кеңестер өткізді. Н.Ә. Назарбаев сонымен қатар Қарағанды облысының Жезқазған қаласында өткен Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі мәселелері жөніндегі республикалық форумға және Қостанай облысының Рудный қаласында өткен орта буын кәсіптік-техникалық кадрлар даярлау проблемаларына арналған Халықаралық еңбек форумына қатысты.

Ұлттық қауіпсіздік пен Қарулы Күштер құрылысы мәселелерін өткір назарда ұстай отырып, Мемлекет басшысы тұрақты негізде әскери бөлімшелерде болып тұрды. Жыл ішінде ол Астана қаласына қоныс аударған бірқатар әскери бөлімдерде, Оңтүстік Қазақстандағы «Оңтүстік» өңірлік басқармасының Сарыағаш шекара жасағында және басқаларында болды.



Сыртқы саясат қызметінің аясында Мемлекет басшысы 9 жан-жақты саммиттерге (ТМД, ЕурАзЭҚ, ҰҚШҰ, ШЫҰ саммиттеріне, Орталық Азия көшбасшыларының кездесуіне, Астана қаласының 10 жылдығын мерекелеу аясында және Ақмола облысының Шортанды-Бурабай курорттық аймағындағы мемлекет басшыларының бейресми кездесулеріне), сондай-ақ елімізде және шетелде өткен 8 халықаралық форумдарға (VII Еуразиялық медиа-форумға, Таяу Шығыс бойынша Дүниежүзілік экономикалық форумға, ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының жыл сайынғы 17-сессиясына, Қазақстан мен Ресейдің Өңіраралық ынтымақтастығының V форумына, «Ортақ әлем: саналуандық арқылы прогреске» мұсылман және батыс елдерінің сыртқы істер министрлерінің конференциясына және басқаларына) қатысты.

Достастық елдерінің мемлекетаралық бірлестіктері желісі бойынша өзара іс-қимыл анағұрлым қарқындылығымен сипатталды.

Осылайша, жыл ішінде ТМД-ның 3 саммиті: жоғары деңгейдегі 2 бейресми кездесу — 22 ақпанда Мәскеу қаласында және 6 маусымда Санкт-Петербургте болды, сондай-ақ 10 қазанда Бішкекте саммит өтті.

ТМД мемлекеттері басшыларының кездесулерінде талқыланған негізгі тақырып — ТМД-ны одан әрі дамыту тұжырымдамасын іске асырудың, сондай-ақ ТМД-ны 2020 жылға дейін экономикалық дамыту стратегиясы жобаларын әзірлеудің барысы, Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар кешені, 2020 жылға дейін көлік саласындағы ынтымақтастықты дамытудың басым бағыттары мәселелері болды.

5 қыркүйекте Мемлекет басшысы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі сессиясының жұмысына қатысты, оның барысында Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы (ҰҚШҰ) жауапкершілігі аймағында туындаған проблемалар қаралды, сондай-ақ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің Минск (2006) және Душанбе (2007) сессиялары шешімдерінің орындалуы қорытындыланды.

Н.Ә. Назарбаев қазанда Бішкек қаласында ТМД-ға қатысушы мемлекеттер басшылары кеңесінің, ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің отырыстарына және Орталық Азия мемлекеттері басшыларының кездесуіне қатысты.

ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің отырысының күн тәртібі 2010 жылға дейін кеден одағын қалыптастыру жөніндегі бұрын қабылданған Іс-қимыл жоспарына сәйкес ЕурАзЭҚ аясында кеден одағы мен біртұтас экономикалық кеңістікті қалыптастыру мәселелерін қамтыды.

Орталық Азия мемлекеттері басшыларының кездесуінде өңірдегі су шаруашылығы, энергетика және азық-түлік салаларындағы ағымдағы мәселелерді бірлесіп шешу шаралары, сондай-ақ Халықаралық Аралды құтқару қорының қызметі талқыланды.

19–21 желтоқсанда Мемлекет басшысы Ақмола облысының Бурабай курорты аймағында өткен Қазақстан, Армения, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан президенттерінің бейресми саммитіне қатысты. Кездесудің қорытындысында ҰҚШҰ аясында жедел әрекет ету күштерінің тобын қалыптастыру, әлемдік экономикалық дағдарыс зардаптарын еңсеруге көмектесу үшін бірлескен қор құру және инновациялық жобаларды бірлесіп әзірлеу мен енгізу жөніндегі жоғары технологиялар орталығын құру туралы келісімдер болды. Саммит барысында Қазақстан мен Ресейдің 2009–2010 жылдарға арналған Бірлескен іс-қимыл жоспарына қол қойылды.

Ел Президенті басқа да халықаралық және мемлекетаралық форумдар жұмысына қатысуға басым ден қойды.

Мемлекет басшысы Алматы қаласында сәуір айының аяғында дәстүрлі түрде өткізілген VII Еуразиялық медиа-форумға қатысты. Форум қонақтары мен қатысушыларының алдында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы әлемдік экономиканың дамуы мен жаһандық сәйкессіздіктерді еңсеруді тұрақтандыруға мүмкіндік беретін халықаралық кооперациялардың жаңа нысанын әзірлеуге қатысты батыл қадам жасау туралы көпшілік қатысушылардың ұстанымын қолдады. «Бүгін барлық елдерден, әлемдік тарихта еш уақытта болмаған, жаңа тәртіп орнатуға деген жауапкершілік қажет. Әлемдік қоғамдастықтың құзыретіне сай оның мүмкіндіктерін халықаралық құқық пен әр мемлекеттің рөлі мен жауапкершілігі тұрғысынан қайтадан бағамдау қажеттілігі туып отыр», — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Н.Ә. Назарбаев 18 мамырда Египеттегі Шарм әл-Шейх қаласында өткен Таяу Шығыс бойынша Дүниежүзілік экономикалық форумға (Давос) қатысты. Форумға 15 мемлекет пен үкіметтің басшылары, 80-ге жуық министр, әлемнің 60-тан астам елінің ірі бизнесмендері мен қоғам қайраткерлері, оның ішінде Таяу Шығыстағы «төрттіктің» (БҰҰ, ЕО, АҚШ және РФ) арнаулы өкілі Т. Блэр, МАГАТЭ-нің бас директоры М. әл-Барадеи, Дүниежүзілік банк президенті Р. Зеллек қатысты.

Мемлекет басшысы маусымда Астанада ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының жыл сайынғы 17 сессиясының жұмысын ашты. Н.Ә. Назарбаев оған қатысушылардың алдында сөйлеген сөзінде ЕҚЫҰ-ның бүгінгі күн тәртібінің өзекті мәселесі оны жаңа халықаралық болмысқа бейімдеу болып табылады деп мәлімдеді. Өз кезегінде, «Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету туралы шешім елімізді «Еуропаға жол» атты арнаулы бағдарламаны әзірлеуге жетеледі». Ол энергетика, көлік транзиті, технологиялар трансферті, білім, гуманитарлық ынтымақтастық саласында Еуропа елдерімен кең тұрғыда іс-қимыл жасаудағы мүдделілігімізді білдіреді.

Сессия аясында Қазақстан Президенті ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының төрағасы Й. Леннмаркер, ЕҚЫҰ-ның аз ұлттар істері жөніндегі Жоғарғы комиссары К. Воллебек, сондай-ақ Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен комиссия төрағасы Э. Хастингс басшылық еткен АҚШ Конгресі делегациясымен екіжақты кездесулер өткізді.

28 тамызда Душанбеде өткен ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттер басшылары кеңесінің кезекті отырысында Н.Ә. Назарбаев сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту, біртұтас энергетикалық кеңістік құру, көлік коммуникацияларын дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін, стихиялық апаттардың алдын алу және ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттер аумағында олардың зардаптарын жою тетіктерін қамтамасыз ету қажеттігіне баса ден қойды.

Президент екіжақты қатынастар желісі бойынша жылды Оман Сұлтандығына 15–16 наурызда барған ресми сапарымен ашты. Күн тәртібінде Парсы шығанағы бағытындағы және қайтар жолдағы өзара жүк тасымалын ұйымдастыру, Оманның Қазақстанның стратегиялық маңызды салаларында инвестициялық қатысуын кеңейту, сондай-ақ Қазақстанның Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі (АӨСШК) мен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі сияқты халықаралық бастамаларының қызметіне қатысуы мәселелері болды.

Маусымның бірінші жартысында Мемлекет басшысы Францияда ресми сапармен болды, онда Президент Н. Саркозиген, Премьер-министр Ф. Фийонмен, Парламент палаталарының спикерлері К. Понселемен және Б. Аккуайемен, Францияның бұрынғы Президенті Ж. Ширакпен кездесті. Сапардың маңызды бөлігі Канныдағы «Thales» аэроғарыш компаниясына бару, сондай-ақ Францияның іскер топтарының өкілдерімен кездесу болды. Сапардың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Францияның стратегиялық әріптестігі туралы маңызды құжатқа, сондай-ақ экономиканың түрлі салаларында екіжақты ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған 10 келісімдер мен шарттарға қол қойылды.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан-Франция ынтымақтастығын дамытудағы сіңірген еңбегі үшін Францияның жоғары мемлекеттік наградасы — Құрметті легионның Үлкен Крест орденімен марапатталды.

Маусымның екінші жартысында Президент Жапонияда ресми сапармен болды. Оның аясында Император Акихитомен, Парламент палаталарының спикерлері И. Конномен және С. Эда, Премьер-министр Я. Фукудамен, Жапонияның Экономика, индустрия және сауда министрі А. Амаримен кездесулер өткізді. Сонымен қатар жапондық кәсіпкерлердің Қазақстанға деген үлкен қызығушылығын ескере отырып, Н.Ә. Назарбаев әлемге әйгілі компаниялар «Sumitomo Corporation», «Marubeni Corporation», «Toshiba», «Kansai Electric Power Company Inc.», «Tokio Electric Power Company Inc.», «Mitsui&Co Ltd», «Itochu Corporation», «Mitsubishi Corporation», «INPEX» басшылығымен кездесіп, олардың Қазақстанның қайта өңдеу кешенін, машина жасауды, энергетика, көлік және коммуникация инфрақұрылымын, құрылысты, фармацевтиканы дамыту жобаларына қатысуын талқылады.

Ядролық қарусыздану ісіне қосқан үлесі, халықаралық бейбітшілікпен қауіпсіздікті, толеранттық пен ұлтаралық үйлесімді нығайту жөніндегі бастамалары үшін Император Акихито Н.Ә. Назарбаевты Жапонияның жоғары мемлекеттік наградасы — Үлкен лентадағы Хризантема орденімен марапаттады.

Шілденің соңы — тамыздың басында Мемлекет басшысы Испанияда жұмыс сапарымен болды, ол Король Хуан Карлоспен I кездесті, жетекші испандық компаниялар — «Telefonica, S.A.» (телекоммуникациялар), «Iberdrola» (энергетика), «Indra» (ақпараттық технологиялар), «DRAGADOS,S.A.» (құрылыс және инфрақұрылым), «Talgo» (теміржол көлігі) басшыларымен Қазақстанда балама энергетика, автомобиль жолдары құрылысы, жүрдек теміржол қатынасы, туризм саласындағы ірі жобаларды іске асыру тұрғысында келіссөздер жүргізді. Н.Ә. Назарбаев сапарының соңында Сарагостағы «Экспо-2008» Дүниежүзілік көрме аясында Қазақстан Республикасының Ұлттық күнінің ашылу салтанатына қатысты.

6 тамызда Моңғолияға мемлекеттік сапар болды. Ел Президенті Н. Энхбаярмен, Парламент төрағасы Д. Лундээжанцанмен және Премьер-министр С. Баярмен кездесулер барысында бірлескен кәсіпорындар құру, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімдерін өзара жеткізіп беруді жолға қою, бірлескен транзит-көлік әлеуетін дамыту саласында ұзақ мерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселелері қаралды. Н.Ә. Назарбаев қазақ диаспорасының өкілдерімен де кездесті.

Н.Ә. Назарбаевқа қазақ-моңғол қарым-қатынастарын нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін осы елдің жоғары мемлекеттік наградасы — «Эрдэнэ Очир» ордені тапсырылды.

Мемлекет басшысы Моңғолияға сапары аяқталған соң бірден Қытайға жол жүрді, онда Бейжіңдегі XXIX жазғы Олимпиада ойындарының салтанатты ашылу рәсіміне қатысып, қазақстандық олимпиадашылармен кездесті. Сол кезде Президент ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаомен, РФ Үкіметінің төрағасы В.В. Путинмен және Корея Президенті Ли Мен Бакпен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев 12 тамызда қысқа мерзімді жұмыс сапарымен Қырғызстанда болып, онда Чолпан-Атада Президент Қ.С. Бакиевпен өңірлік және екіжақты ынтымақтастықтың жекелеген мәселелері бойынша келіссөздер жүргізді.

Қазақстанда өз кезегінде 12 шет мемлекеттің: Украинаның, Қырғызстанның, Өзбекстанның, Тәжікстанның, Ресейдің, Грузияның, Түрікменстанның, Түркияның, Біріккен Араб Әмірліктерінің, ГФР-дың, Латвияның, Катардың басшылары сапармен болды. Осы арада Ресей Президенті Д.А. Медведевтің ұлықтау рәсімінен кейін алғашқы шетелге жол жүруін — біздің елімізге 22 мамырда жасаған мемлекеттік сапарын атап көрсетуге болады.

Президент жыл бойы 9 шетелдің Премьер-министрлерін, атап айтқанда, Италияның, Люксембургтің, Литваның, Кореяның, Францияның, сондай-ақ қазан айында Ұйым үкіметтері басшылары кеңесінің отырысына қатысу үшін Астанаға келген ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер мен бақылаушыларды қабылдады. Олардың қатарында — ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьері Вэнь Цзябао, РФ Үкіметінің төрағасы В.В. Путин, Тәжікстанның Премьер-министрі А. Акилов пен Моңғолияның Премьер-министрі С. Баяр бар.

2008 жылы Қазақстанға келген халықаралық ұйымдардың, шетелдің саяси және іскер топтарының өкілдерімен көптеген кездесулер болды. Олардың арасында «Азия қоғамының» төрағасы Р. Холбрук, Таяу Шығыстағы «төрттіктің» (БҰҰ, ЕО, АҚШ және РФ) арнаулы өкілі Т. Блэр, АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы К. Райс, ИЕК (Ислам елдері конференциясы) бас хатшысы Э. Ихсаноялы, ҰҚШҰ бас хатшысы Н.Н. Бордюжа, ЕҚЫҰ төрағасы — Финляндияның Сыртқы істер министрі А. Стубб, ЕурАзЭҚ бас хатшысы Т.А. Мансұров, Түркияның Ұлы ұлттық жиналысы төрағасы

К. Топтан, Абу Даби мұрагер ханзадасы шейх Мұхаммед бен Заид әл-Нахаян, БДҰ бас директоры М. Чан және басқалар бар.

Мемлекет басшысы Ресейдің, Израильдің, Латвияның президенттерімен, АҚШ-тың сайланған Президенті Б. Обамамен, Палестинаның ұлттық әкімшілік төрағасы М. Аббаспен телефон арқылы келіссөздер жүргізді.

Президент жыл соңында Қазақстанда тіркелген шетелдік дипломатиялық корпуспен дәстүрлі кездесу өткізді. Жыл бойына әлемнің 20 елінің елшілері сенім грамоталарын тапсырғанын атап өтуге болады.

Қазақстанның 2008 жылғы сыртқы саяси қызметін қорыта келе, оның көпвекторлылық мен тату көршілік қатынастар принципіне негізделген халықаралық бағытының басты басымдықтарының тұрақты екендігін атап айтуға болады.

Қазақстан Ресей қатынастарының биік деңгейде сақталуы да кездейсоқтық емес. Жоғары деңгейде 10 кездесу өткізілді, оның ішінде Ресей Президенті Д.А. Медведевтің (мамыр) Қазақстанға келуі, оның Астана қаласының онжылдық мерейтойына арналған салтанатқа (шілде), Қазақстан мен Ресейдің Өңіраралық ынтымақтастығының V форумының жұмысына (Ақтөбе қ., қыркүйек) және мемлекет басшыларының бейресми кездесуіне қатысуы бар.

ҚХР басшылығымен де өзара қарым-қатынастар қарқынды түрде қалып отыр. Бейжің қаласында XXIX Олимпиадалық ойындардың ашылуына байланысты іс-шаралар барысында ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаомен келіссөздер жүргізуі 2008 жылғы Қазақстан-Қытай қатынастарындағы айтулы оқиға болды. ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьері Вэнь Цзябаоның Қазақстанға ресми сапары ҚХР мен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға себін тигізді.

АҚШ пен байланыстар да Мемлекеттік хатшысы К. Райстың Қазақстанға сапарымен жылды тәмамдап, мазмұны жағынан тартымды болды. АҚШ Конгресі Сенаты мен Өкілдер палатасының делегацияларымен көптеген кездесулер өткізілді.

Қазақстанның сыртқы саясатының еуропалық векторы да едәуір қарқынға ие болды. 2010 жылы ЕҚЫҰ-на төрағалық етуі қарсаңында Астана қаласында ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының жыл сайынғы 17-ші сессиясы өткізіліп, Мемлекет басшысының ЕҚЫҰ өкілдерімен кездесулері болды.

Орталық Азиядағы ықпалдасу процестерін кеңейту мәселелері басты назарға алынды. Бұған Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан президенттерінің елімізге ресми сапарлары, сондай ақ Астана қаласының 10-жылдығына байланысты іс-шаралар аясындағы Түрікменстан Президентімен келіссөздер көп ықпал етті.

Н.Ә. Назарбаевтың Жапонияға, сонымен бірге Германия, Катар, БАӘ басшыларының елімізге сапарларының мазмұндылығын да атап айту қажет. Қол жеткізілген уағдаластықтарды дамыту үшін Премьер-министр К.Қ. Мәсімов пен Үкімет мүшелері шетел мемлекеттеріне бірнеше рет сапарларға барды.

Сонымен қатар АӨСШҚ, ЕҚЫҰ, ИКҰ, ШЫҰ, ЕурАзЭҚ және ТҮРКСОЙ сияқты 6 ықпалды халықаралық бірлестікке таяудағы үш жылда Қазақстанның алдағы төрағалық етуімен байланысты халықаралық танылудың сапалы жаңа деңгейіне шыққанын ескере отырып, Мемлекет басшысы 19 қарашада болған кеңейтілген алқа отырысында Сыртқы істер министрлігі алдына бірқатар міндеттер қойды. Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде: «Алдағы кезеңде сыртқы саясат ведомствосы барлық мемлекеттік органдардың белсенді қатысуымен мынадай маңызды бағыттарда күш жұмылдыруы керек: біздің шекарамыздың бойымен қауіпсіздік және тату көршілік

белдеуін нығайту; әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында елдің экономикалық дамуына жан-жақты жәрдемдесу; Еуразиялық және Орталықазиялық ықпалдасуды тереңдету», — деп атап көрсетті. Президент Қазақстанның сыртқы саясатының жаңа тұжырымдамасын әзірлеуді, сондай-ақ «Еуропаға жол» атты мемлекеттік бағдарламаны толыққанды іске асыруды қамтамасыз етуді, 2009 жылы Астанада — Өлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III съезін, Давос экономикалық форумы аясында жаһандық конференцияны өткізуді, 2010 жылы — АӨСШК-нің кезекті саммитін өткізуді және басқа мәселелерді тапсырды.



Мемлекет басшысы тәуелсіздіктің 17 жылдығын атап өтуге байланысты салтанатты жиналыста: «Мен үшін ең жоғары награда — осы жылдардың барлығында өзгермеген бүкілхалықтық қолдау мен халықтың сенімі. Ең қиын уақытта маған жігер беретін, жігерлендіретін — осы сенім. Денсаулығым мен күш-қуатым жеткенше Отанымыздың және Қазақстан халқының игілігіне жұмыс істеймін, еңбек етемін деп нақты айта аламын!» деген еді.

Президенттің осы сөздері 2008 жылдың ауқымды да айқын арқауы болмақ.

ҚАҢТАР



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	31
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	



4 қаңтар

Мемлекет басшысы «В.П. Зверьков туралы» №507 Жарлығына қол қойды.

5 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстандағы православиелік христиандарын баспасөз бетінен Рождество мерекесімен құттықтады.

6–11 қаңтар

Мемлекет басшысы қысқа мерзімді демалыста болды.

7 қаңтар

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасындағы қысқа мерзімді демалысының барысында ҚХР Төрағасының арнайы өкілі, ҚХР Мемлекеттік кеңесінің мүшесі Тан Цзясюаньді, Хайнань провинциясының губернаторы Ло Баоминді және «СІТІС» тобының директорлар кеңесінің төрағасы Кун Данды қабылдады.

11 қаңтар

Мемлекет басшысы Қарағанды облысындағы «Абай» шахтасында орын алған апат кезінде қаза болған және зардап шеккен кеншілердің отбасыларына көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Бұл қайғылы оқиға барлығымыздың жүректерімізді ауыртты. Қазақстан халқының және жеке өз атымнан қаза болған кеншілердің туыстары мен жақындарына қатты қайғырып көңіл айтамын. Менің тапсырмам бойынша апат себептерін зерттеп, оның салдарларын жою және зардап шеккендерге қажетті көмек көрсету үшін үкіметтік комиссия құрылды», — делінген жеделхатта.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» №16-IV, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия даму банкінің арасындағы Техникалық көмек туралы негіздемелік келісімді ратификациялау туралы» №17-IV заңдарына қол қойды.

14 қаңтар

Мемлекет басшысы Солтүстік Каспий жобасы бойынша мердігер компаниялардың өкілдерін қабылдады. Президентпен кездесуге «Royal Dutch Shell», «Total S.A.», «Eni S.p.A.», «ExxonMobil Corporation», «ConocoPhillips Inc.» және «INPEX» компанияларының өкілдері қатысты.

Кездесу барысында Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі С.М. Мыңбаев Президенттің тапсырмасына сәйкес Қазақстан Үкіметінің Солтүстік Каспий жобасы өнімдерін бөлу туралы келісімге қол қойған компаниялар консорциумымен жүргізген келіссөздерінің қорытындылары жөнінде хабардар етті.

«Қашаған әлемдегі ірі мұнай-газ кен орнының бірі болып табылады. Оны игеру үшін Қазақстан аса ірі трансұлттық компаниялармен өнімді бөлу туралы Келісім жасады. Алайда, осы компаниялардың бірінші мұнай алу мерзімін кешіктіруіне байланысты, Қазақстан табыстың өзіне тиесілі үлесінен айрылды. Көп раундтық күрделі келіссөздердің нәтижесінде Қазақстан тарапы өз мүдделерін қорғап қалды. «ҚазМұнайГаз» компаниясы жобадағы өз үлесін екі есеге ұлғайтатын болды, бұл болашақта табыстың еселеп артуына әкеледі. Бұл өте маңызды. Бүгінгі кездесу біздің барлығымыздың ортақ шешімге тоқталғанымызды білдіреді. Біз байланыстарды үзген жоқпыз. Және инвестор компаниялар да, Қазақстан жағы да жүргізілген келіссөздердің нәтижелеріне риза», — деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев.



Өзара түсіністік туралы жаңа Меморандумда бекітілген қол жеткізілген уағдаластықтарға сәйкес, «Қазмұнайгаз» Ұлттық мұнайгаз компаниясы» АҚ үлесі екі еселенді және ол басқа инвесторлардан қосымша үлестерді сатып алу процедуралары аяқталғаннан кейін 16,81% құрайды. Бұл Қазақстанды «Қазмұнайгаз» компаниясы атынан автоматты түрде Солтүстік Каспий жобасының ірі қатысушысы ете алады.

Мемлекет басшысы «*Ғ.Р. Әбдірахымовты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы*» №508, «*Н.Б. Онжановты Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы*»

№509, «М.Х. Абалақовты Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №510, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 ақпандағы №3859 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы» №511 жарлықтарына қол қойды.

15 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Б.Ә. Мұхаметжановты қабылдады. Ол министрліктің 2007 жылғы жұмыс қорытындылары туралы баяндады.



Мемлекет басшысы «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы бойынша өзінің орынбасарлары Б.Т. Жұмағұловпен, Қ.Н. Келімбетовпен және С.Н. Громовпен кездесті. Олар 2007 жылғы 18 тамызда өткен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне депутаттарды сайлаудан кейінгі партияның жүргізіп отырған жұмысы жөнінде, сондай-ақ 2008 жылғы 17 қаңтарға жоспарланған «Нұр Отан» Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысын өткізуге дайындық ба-рысы туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы Грузияның Президенті М.Н. Саакашвилидің президенттік сайлаудағы жеңісіне байланысты құттықтау жеделхатын жолдады.

Жеделхатта Н.Ә. Назарбаев М.Н. Саакашвилидің басшылығымен халықтың әл ауқатын одан әрі жақсартуға және мемлекеттілікті нығайтуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық дамудың жалғаса беретіндігіне, ал екі ел арасындағы достық қарым-қатынастардың алдағы уақытта да әріптестік негізде әрі өзара тиімді ынтымақтастықта дами беретініне сенім білдірді.

Мемлекет басшысы «Бурабай» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» №512 Жарлығына қол қойды.

17 қаңтар

Мемлекет басшысы «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысына төрағалық етті.



Отырыстың күн тәртібінде партияны және оның рөлін қазіргі заман талабына сай одан әрі дамыту мәселелері қаралды, соған байланысты Саяси кеңес мүшелерінің қарауына «Қазақстанның өсіп-өркендеуі мен қазақстандықтардың игілігі үшін: біз елдің әрбір азаматының өмірін қалай жақсартамыз» партиялық тұғырнамасын іске асыру бағдарламасының жобасы шығарылды.

Саяси кеңеске қатысушылар алдында сөз сөйлеген Президент партия ел дамуының ұзақ мерзімді бағытының сабақтастығын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге ел дамуының жаңа стратегиялық идеяларын да туындатуы керектігін атап көрсетті. «Өсіп-өркендеген және қуатты Қазақстан — біз бастаған жаңғырулардың мақсаты мен мазмұны. Мен еліміздің нығайып, толысқанын, халықаралық беделінің өскенін көрген кезде мақтаныш сезіміне бөленемін. Мұнда «Нұр Отан» партиясы маңызды рөл атқарады», — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев.



«Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының «Қазақстанның өсіп-өркендеуі мен қазақстандықтардың игілігі үшін: біз елдің әрбір азаматының өмірін қалай жақсартамыз» партиялық тұғырнамасы (Халықтық тұғырнама) 2007 жылғы 4 шілдеде партияның кезектен тыс XI съезінде қабылданған болатын. Онда әрбір азамат үшін берік әлеуметтік кепілдіктері бар экономикалық жағынан өркендеген мемлекет құру бойынша 2007–2012 жылдарға арналған басты міндеттер белгіленген.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі Н.А. Ысқақовты қабылдады. Ол министрліктің 2007 жылғы жұмыс қорытындылары туралы баяндады.

Кездесу қорытындысы бойынша Президент министрлікке 2024 жылға дейін орнықты даму мақсатында энергия мен жаңартылатын ресурстарды тиімді пайдалану стратегиясын қабылдауды тапсырды, сондай-ақ балама энергия көздерін қолдау бойынша заң жобасын әзірлеу мен Қазақстанға «лас» технологияларды енгізуге тыйым салу қажеттілігіне назар аудартты.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі С.Н. Ахметовті

қабылдады. Ол Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясының жүзеге асырылу барысы туралы есеп берді, сондай-ақ автокөлік және темір жол, су көліктері салаларындағы инфрақұрылымдық нысандар құрылысын салу барысы туралы баяндады.

Кездесу соңында Президент теміржол саласы мен азаматтық авиация бойынша нақты тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы «Қ.Қ. Әбусейітовті Қазақстан Республикасының Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №513, «А.Б. Қарашевты Қазақстан Республикасының Чехия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №514 жарлықтарына қол қойды.

18 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Е.Қ. Ертісбаевты қабылдады. Ол министрліктің 2007 жылғы жұмыс қорытындылары мен 2008 жылға арналған басты басымдықтары туралы баяндады.



Мемлекет басшысы «А.Н. Хамзаев туралы» №515, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қаңтардағы №273 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №516 жарлықтарына қол қойды.

21 қаңтар

Мемлекет басшысы «Самұрық» Мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Р. Эвансты қабылдады. Ол холдингінің 2007 жылы атқарған қызметінің қорытындылары туралы есеп берді.

Кездесу барысында Президент басшылықтың алдына 2008 жылға арналған бірқатар нақты тапсырмалар қойды.



22 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің отырысына төрағалық етті.

Отырыста төтенше жағдайлардың алдын алу және салдарын жою саласында мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру мәселесі және Қазақстанның Ауғанстан Ислам Республикасында орын алған қақтығыстардан кейінгі қалпына келтіру шараларына қатысу мәселесі талқыланды.

Аталған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі В.К. Божко, Сыртқы істер министрі М.М. Тәжин, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Н.С. Әшімовтің баяндамалары тыңдалды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Қ.К. Тоқаевты қабылдады. Ол палатаның заңнамалық қамтамасыз ету жөніндегі қызметі мен 2008 жылғы жұмыс жоспары туралы хабардар етті.

23 қаңтар

Мемлекет басшысы «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы Саяси кеңесі бюросының отырысына төрағалық етіп, бірқатар кадрлық шешімдерді жария етті.

Н.Ә. Назарбаев Ә.Р. Жақсыбековті «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы төрағасының бірінші орынбасары етіп тағайындады. Партия төрағасының бірінші орынбасары Б.Т. Жұмағұлов Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы қызметіне тағайындалуына байланысты және партия төрағасының орынбасары Қ.Н. Келімбетов Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы лауазымына тағайындалуына байланысты өз міндеттерінен босатылды.



Мемлекет басшысы «Атамекен» одағы» Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы басқармасының өкілдерімен кездесті.

Өз сөзінде Президент Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы күндерден бастап-ақ елдің шағын және орта бизнесінің қалыптасуын қолдап келе жатқандығын атап айтты. «Қазақстандағы кәсіпкерліктің дамуын тежейтін басты факторға бизнеске әкімшілік қысымның сақталуы, шағын бизнестің қаржы ресурс-тарына қолжетімділігінің төмендігі, жоғары

білікті кадрлардың жетіспеушілігі жатады. Бұл мәселелермен жүйелі түрде, Үкіметпен, мемлекеттік холдингтермен және әлеуметтік кәсіпкерлік корпорацияларымен тығыз қарым-қатынас жасай отырып айналысу қажет», — деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев.

Кездесу барысында «Атамекен» одағы» Қазақстан ұлттық экономикалық палатасының төрағасы А.Т. Перуашев, Қазақстанның астық одағы президенті Н.С. Тілеубаев, Қазақстанның микроқаржы ұйымдары қауымдастығының директорлар кеңесінің төрағасы Ш.А. Жүсіпов, Қазақстанның жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары қауымдастығының президенті Л.Н. Худова, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстанның машина жасаушылар одағының басқарма төрағасы М.Қ. Пішембаевтар сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы Иордания Королі Абдалла II бен Хусейнмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында Н.Ә. Назарбаев Иордания Королімен екіжақты ынтымақтастыққа қатысты бірқатар мәселелерді талқылады және оны өзіне ыңғайлы уақытта Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды. Сондай-ақ Президент Қазақстан Республикасының Премьер-министрі К.Қ. Мәсімовтің 2008 жылы Иорданияға жұмыс сапарымен баруы жоспарланғандығын хабарлады.



Мемлекет басшысы «С.Д. Пірімбетовті Қазақстан Республикасының Әзірбайжан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №517, «Ө. Өзбеков туралы» №518, «Ә.Р. Жақсыбеков туралы» №519, «Қ.Н. Келімбетовті Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы қызметіне тағайындау туралы» №520, «М.Т. Есенбаев туралы» №521, «А.П. Рауды Ақмола облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №522, «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы» №523 жарлықтарына қол қойды.

24 қаңтар

Мемлекет басшысы Қарағанды облысында жұмыс сапарымен болып, Жезқазған қаласында өткен жұмыс

берушілердің «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі» атты республикалық форумының жұмысына қатысты.

Президент өз сөзінде мемлекет пен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру орнықты дамудың негізгі қағидаларының бірі болып табылатынын атап өтті. «Қазақстанда мемлекет пен бизнес экономикалық қана емес, сондай-ақ әлеуметтік мәселелерді шешуде де толыққанды серіктес болуы тиіс. Қазіргі заманғы әлемде бизнестің қоғам дамуына, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларға қосқан ерікті үлесі болып табылуын бағамдайтын корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті анықтап, қабылдайтын кез келді. Мемлекет саясаттан ең бастысы, әлеуметтік жауапкершілікті, жаңа жұмыс орындарын ашуды, жұмыскерлерге кепілді әлеуметтік пакет ұсынуды, экологиялық нормалардың сақталуын күтеді».

Президент бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі жыл сайынғы конкурсын өткізу және «Парыз» сыйлығының лауреаты арнайы атағын тағайындау туралы Жарлыққа қол қойғанын мәлімдеді. «Біздің қоғамда кәсіпкерлерге жалпыұлттық байлықтар жасаушы және Қазақстанның гүлденуі мен қазақстандықтардың тұрмысын жақсартуға жағдай жасаушы адамдар ретінде сенім артылуы тиіс. Бүгінде Қазақстанда осындай сенімге лайықты қуатты да табысты жеке құрылымдар, ірі шетелдік инвесторлар жетерлік», — деп атап көрсетті Президент (Қосымшаны қараңыз).



Түстен кейін Мемлекет басшысы Жезқазған қаласының №10 орта мектепті аралап көрді және «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС филиалы «Қазкат» зауытының жұмыстарымен танысты.

25 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының кеңейтілген алқа мәжілісіне қатысты.

Алқа мәжілісінің күн тәртібінде «Зандылық, қылмыспен және сыбайлас жемқорлықпен күрестің жағдайы туралы» мәселе қаралды.

Алқа мәжілісіне қатысушылар алдында сөз сөйлеген Н.Ә. Назарбаев елімізде құқық қорғау органдарының тиімді жұмыс істеуі үшін барлық



жағдайлар жасалғандығын атап өтті. Сонымен бірге Президент құқық қорғау органдарының жұмысындағы кемшіліктерді өткір сынға алып, олардың жұмыстарының басты көрсеткіші ел азаматтарының құқық қорғау органдарына және нақты қызметкерлеріне деген сенімінің деңгейінен көрінуі қажеттігін атап айтты (Қосымшаны қараңыз).

Мәжіліс барысында Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Р.Т. Түсіпбеков, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) төрағасы С.С. Қалмырзаев, Ішкі істер министрі Б.Ә. Мұхаметжанов және Жоғарғы сотының төрағасы Қ. Мәми баяндама жасады.

Мәжілісті қорытындылай келе, Н.Ә. Назарбаев құқық қорғау органдарының алдына мемлекеттік органдар қызметіндегі заңдылықты одан әрі нығайту, қылмыспен және сыбайлас жемқорлықпен күрес тиімділігін арттыру, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету бойынша нақты тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы «Е.К. Баударбек-Қожатаевты Қазақстан Республикасының Сингапур Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №524 Жарлығына қол қойды.

28 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Б.Б. Жәмішевті қабылдады. Ол республикалық бюджеттің 2007 жылғы орындалу қорытындылары және министрліктің 2008–2010 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары туралы баяндады.

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ж.С. Кәрібжановты қабылдады. Ол Президентке облыстың 2007 жылғы әлеуметтік экономикалық даму қорытындылары және 2008 жылға арналған міндеттері жөнінде хабардар етті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау

жөніндегі есеп комитетінің төрағасы О.Н. Өксікбаевты қабылдады. Ол комитеттің 2007 жылдың IV тоқсанында жүргізілген бақылау шараларының нәтижелері туралы баяндады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Грузиядағы Дипломатиялық миссиясын қайта ұйымдастыру туралы» №525 Жарлығына қол қойды.

29 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты В.А. Нехорошевіті қабылдады. Ол «Арселор Миттал Теміртау» компаниясы мен «Қорғау» көміршілер кәсіподағы арасындағы келіссөздер қорытындылары туралы, сондай-ақ осы келіссөздер барысында кеншілер мен металлургтерге арналған әлеуметтік жеңілдіктер көлемін ұлғайту мен жалақыны арттыру туралы келісімге қол жеткізілгендігі жайында хабардар етті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С. Есімовті қабылдады. Ол Президентке өткен жылғы аграрлық сектордың даму қорытындылары туралы баяндады.

Мемлекет басшысы «Қ.Қ. Лама Шариф туралы» №526 Жарлығына қол қойды.

30 қаңтар

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен «Болашақ» бағдарламасы түлектерінің форумына қатысты.

Президент өз сөзінде Қазақстанның келешек дамуындағы «Болашақ» бағдарламасы түлектерінің рөлін ерекше атады. Президент қазіргі таңда «Болашақ» бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыруға бағытталған аса маңызды «серпінді жобалардың» бірі болып табылатындығын, сондай-ақ нақ осы «Болашақ» бағдарламасының түлектері реформалар мен мемлекеттік басқарудың тұтқасын ұстайтын жаңа басқарушылар қатарының негізін қалай алатындығын айтты.

«Біз «Болашақ» түлектері арқылы жаңа Қазақстанның қалыптасуына нақты үлес қосуға да-



йын еліміздің Отанын жан-тәнімен сүйетін, патриот жастарын көреміз. Өздеріңе ел артқан үмітті ақтайтын кез келді», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Форумда Президент «Интеллектуалды ұлт — 2020» ұлттық жобасының идеясын талқылауды ұсынды. Жобаның мақсаты — қазақстандықтарды жаңа қалыпта тәрбиелеу, сондай-ақ Қазақстанды бәсекеге қабілетті адами капиталы бар мемлекетке айналдыру болып табылады (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Ақорда» астаналық резиденциясында Щучье көлінің жағасында әлемдік деңгейдегі туристік-ойын-сауық кешенін құруды қарастыратын «Бурабай» курорттық аймағын дамыту жобасымен танысты.

Президент «Бурабай» курорттық аймағы Қазақстанның інжу-маржаны екендігін, сондықтан ормандарды қолдан келгенше сақтап, шабылған ағаштардың аумағын қалпына келтіру қажеттігін айтты. Сонымен қатар жобаны жасаушыларға курорттық аймақтың көлік инфрақұрылымын салу қажеттігін ескертті.



«BF Global» түрік компаниясы жасаған Бурабай курорттық аймағын дамыту жобасы қазіргі заманғы талаптарға сай 3700 нөмірлік 9 қонақ үй салуды қарастырады. Сондай-ақ, жалпы ауданы 21 мың шаршы метрден асатын ойын-сауық және сауда орталықтары салынады. Кешенге бірнеше казино, 700-ден астам жеке меншік коттеждер мен 1620 пәтерлік 4–5 қабаттан тұратын тұрғын үйлер кіреді.

Жобаны жүзеге асыру «Бурабай» курорттық аймағын танымал жазғы және қысқы демалыс орны ретінде дамытуды көздейді. Гольф-клубтар, ат-спорты орталығы, шыңға өрмелеуге арналған учаскелер осында әлемнің түпкір-түпкірінен туристерді тартады.

Қыста демалуды сүйетіндер үшін онда мұз айдындары, шаңғы жолбағыттары мен осы заманғы көтергіштері бар тау шаңғысы жолдары ұйымдастырылады.

Жобаны 5 кезеңге бөліп, 12 жылда жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен телефон арқылы сөйлесті.

Н.Ә. Назарбаев И.А. Каримовты 70-жылдық мерейтойымен құттықтап, оған денсаулық, ұзақ өмір, егеменді Өзбекстанның Бірінші Президенті қызметінде

зор табыстарға жетуін тіледі. Президент сонымен қатар екі ел арасындағы санғасырлық достық пен өзара түсіністік дәстүріне негізделген қарым-қатынастар Қазақстан мен Өзбекстан халықтарының игілігі үшін одан әрі қарқынды түрде дами беретіндігіне сенім білдірді.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы №1271 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №527, «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №528 жарлықтарына қол қойды.



1



2



Алтын алқа» (1-сурет) және «Күміс алқа» (2-сурет) алқалары 1993 жылдан бастап беріле бастады. Олар көп балалы аналарға арналған наградалар болып табылады. Алғашқыда «Алтын алқа» алқасымен 10 және одан көп бала, ал «Күміс алқа» алқасымен 8–9 бала туып, тәрбиелеген аналар марапатталатын.

Кейін, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 2 желтоқсандағы «Азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес, «Алтын алқа» алқасымен 7 және одан көп бала, «Күміс алқа» алқасымен 6 және одан көп бала тәрбиелеген аналар марапатталатын болды.

АҚПАН



Дс		4	11	18	25
Сс		5	12	19	26
Ср		6	13	20	27
Бс		7	14	21	28
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	
Жк	3	10	17	24	



5 ақпан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Орынбор газ өңдеу зауытының базасында шаруашылық қоғам құрудағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» №18-IV, «1926 жылғы 25 қыркүйектегі Құлдық туралы конвенцияны, 1953 жылғы 7 желтоқсандағы Құлдық туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы және 1956 жылғы 7 қыркүйектегі Құлдықты, құл саудасын және құлдыққа ұқсас институттар мен әдет-ғұрыптарды жою туралы қосымша конвенцияны ратификациялау туралы» №19-IV Қазақстан Республикасының заңдарына қол қойды.

6 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың басты бағыттары туралы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады.

Жолдаудың 2006 және 2007 жылдардағы Жолдаулардың заңды жалғасы болып табылатындығын айта келе, Н.Ә. Назарбаев одан әрі жүйелі жаңғыртудың, әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету мен әлеуметтік даму қарқынын сақтап қалудың маңыздылығын атап көрсетті. Осыған байланысты қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету; мемлекеттің халықаралық мұнай және энергетикалық нарықтарында ықпалды да жауапты қатысушысы ретінде ұстанымын күшейту; экономика инфрақұрылымын, оның ішінде ең алдымен Қазақстан экономикасының дамуына «ілесем алмай келе жатқан» электр энергиясы мен тасымалдау жүйесін дамыту; ауыл шаруашылығының өнімдерді экспортқа шығаратын секторларын кеңейту негізінде агроөнеркәсіптік секторды нығайту; бизнесті қосымша қолдау бірінші кезектегі басты міндеттер ретінде айқындалды. Бұл ретте Жолдауда мемлекеттің зейнетақыны және бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақыларын одан әрі көтеру бойынша әлеуметтік міндеттемелері нақтыланды (Қосымшаны қараңыз).



Мемлекет басшысы «А.Қ. Жанқұлиевті Қазақстан Республикасының Швейцария Конфедерациясындағы

Төтенше және Өкілетті Елшісі, Женева қаласындағы (Швейцария) Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлімшесі мен басқа да халықаралық ұйымдар жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №529, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу туралы» №530 жарлықтарына қол қойды.

7 ақпан

Мемлекет басшысы ЕурАзЭҚ бас хатшысы Т.А. Мансұровты қабылдады.

Т.А. Мансұров 2008 жылы 24–25 қаңтарда Мәскеу қаласында болып өткен үкімет басшылары деңгейіндегі Интеграциялық комитеті мен Мемлекетаралық кеңес отырысының қорытындылары туралы хабардар етті. Атап айтқанда, ол ЕурАзЭҚ Бірыңғай көлік кеңістігін қалыптастыру Тұжырымдамасын бекіту туралы, Кедендік одақтың құқықтық базасын қалыптастыру барысы және т.б. жөнінде баяндап берді.

Өз кезегінде Президент 2007 жылы 6 қазанда Душанбе қаласында ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің отырысында мемлекеттердің басшылары бекіткен Кедендік одақты қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар Жоспарын нақпа-нақ орындау, ЕурАзЭҚ-тың барлық органдарының Қоғамдастықты одан әрі дамыту жөніндегі жұмыстарының тиімділігін арттыру және белсенді ету қажеттігін атап көрсетті.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі басқармасының төрағасы Ә.Ф. Сәйденовпен, «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ президенті Ж.Ә. Құлекеевпен, Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары Б.Т. Жұмағұловпен бірқатар жұмыс кездесулерін өткізіп, онда «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іс жүзіне асырудың жай-жапсарлары талқыланды.

8 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Франция Республикасының Премьер-министрі Ф. Фийонды қабылдады.



Кездесу барысында тараптар сауда-экономикалық қатынастарды кеңейтудің перспективалары мен халықаралық ұйымдар аясында екі елдің ынтымақтастығы мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №531 Жарлығына қол қойды.

11 ақпан

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттары Мемлекеттік хатшысының Оңтүстік және Орталық Азия істері жөніндегі көмекшісі Р. Баучерді қабылдап, онымен екіжақты қарым-қатынастарды одан әрі дамыту перспективаларын талқылады.



Мемлекет басшысы израильдік тараптың бастамасы бойынша Израиль Мемлекетінің Президенті Ш. Переспен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында екі жақты қарым-қатынастарды түрлі салаларда дамытудың жағдайы мен перспективалары талқыланды. Мәселен, тараптар парламентаралық ынтымақтастықты жандандыру керектігіне тоқталды, технологиялар мен инновациялар саласындағы өзара ықпалдастықты нығайтуға мүдделілік танытты.

Н.Ә. Назарбаев Таяу Шығыстағы ахуал бейбіт реттеледі деген үміт білдірді және Ш. Пересті Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды.

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы жаңа «Сарыарқа» сауда орталығында және Астана қаласы бас жоспарын жобалау ғылыми-зерттеу институтында болды. Онда Президент «Қазақ елі» монументінің, ұлттық әскери университеттің, «Беларусь» әкімшілік іскерлік және көрме орталығының жобаларымен және жеке тұрғын үй құрылысының даму келешегімен танысты.

Мемлекет басшысы «Е.Х. Қазыхановты Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі қызметіне

тағайындау туралы» №532, «Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штат саны мен құрылымы туралы» №533 жарлықтарына қол қойды.

13 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттіктің төрайымы Е.Л. Бахмутованы қабылдады. Ол агенттіктің 2007 жылғы жұмыс қорытындылары туралы есеп берді әрі Президенттің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында алға қойылған міндеттерді іске асыру бойынша өз ұсыныстарын білдірді.

14 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген құрамдағы мәжілісіне төрағалық етті. Үкімет 2007 жылдың нәтижелерін қорытындылап, 2008 жылдың жоспарын жария етті.

Президент банктердің әдеттен тыс стратегиясының салдарынан пайда болған қаржы жүйесіндегі, құрылыс пен жылжымайтын мүлік секторындағы «қызып кетуден» сабақ алудың маңыздылығын атап өте отырып, министрліктер, ведомстволар мен мемхолдингтер басшылықтарының алдына қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету және әлемдік қаржы нарықтарындағы дағдарыстың ұлттық экономикаға теріс ықпалын төмендету жөнінде міндеттер қойды.


Одан басқа, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне тұрмысы төмен халықтың жағдайына айрықша назар аудару; адамдарды, әсіресе бұрынғы құрылысшыларды жұмысқа орналастыру, оларды қайта мамандық даярлаудан өткізумен айналысу; 100 мектеп пен 100 аурухана бағдарламасының орындалуын қамтамасыз ету; өңірлерде сыбайлас жемқорлықпен күреске басшылық жасау тапсырылды.

Отырыста сондай-ақ Премьер-министр К.Қ. Мәсімов, Ұлттық банк төрағасы Ә.Ф. Сәйденов, Қаржы министрі Б.Б. Жәмішев, «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ басқармасының төрағасы Қ.А. Бозымбаев, Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттіктің төрайымы Е.Л. Бахмутова, Қызылорда облысының әкімі М.А. Құл-Мұхаммед және Ақтөбе облысының әкімі Е.Н. Сағындықов сөз сөйледі.



Мемлекет басшысы Халықаралық теннис федерациясының президенті Ф. Риччи Биттиді және Ресей теннис федерациясының президенті, Халықаралық Олимпиадалық комитеттің мүшесі Ш. Тарпищевті қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстандағы теннистің даму келешегі, атап айтқанда — қазақстандық спортшылардың халықаралық теннис турнирлеріне қатысуы талқыланды.



Мемлекет басшысы «Ш.А. Тарпищевті II дәрежелі «Достық» орденімен наградтау туралы» №534, «Мемлекет басшысының 2008 жылғы 6 ақпандағы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» №535, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі №1449 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №536, «О.И. Жұмабековті Қазақстан Республикасы Жоғары сот кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №537, «С.М. Бүркітбаев туралы» №538, «Ә.Ө. Исекешевті Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі қызметіне тағайындау туралы» №539 жарлықтарына қол қойды.

19 ақпан

Мемлекет басшысы «Ғ.І. Оразбақов туралы» №540, «В.С. Школьникті Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрі қызметіне тағайындау туралы» №541, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгеріс мен толықтыру енгізу туралы» №542, «Б.М. Имашевты Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі — Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы қызметіне тағайындау туралы» №543, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы №29 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №544 жарлықтарына қол қойды.

20 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Ә. Дербісәліні қабылдады.

Кездесу барысында дін саласының жекелеген мәселелері талқыланды. Президент сонымен



қатар Түркістан қаласында 2000 жылы Түркістан қаласының 1500 жылдық салтанатына орай Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Түрік Республикасының Президенті А.Н. Сезер тасын қалап белгі еткен жерге салынатын мешіттің жобасымен танысты.

21 ақпан

Мемлекет басшысы «General Electric» компаниясының президенті және бас атқарушы директоры Ф. Беккалиді қабылдап, онымен компанияның Қазақстанда іске асыруды жоспарлап отырған бағдарламаларын талқылады.

Мемлекет басшысы «Самұрық» Мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ басқармасының төрағасы Қ.А. Бозымбаевты қабылдады. Ол холдингтің өткен жылғы жұмыс қорытындылары мен 2008 жылға арналған жоспарлары туралы баяндады.

Мемлекет басшысы Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмонмен телефон арқылы сөйлесіп, ауа райының апатты жағдайларының нәтижесінде пайда болған Тәжікстандағы жағдайдың мән-жайын білді.

Э.Ш. Рахмон Тәжікстанның қазіргі кезде бірінші кезекте электр энергиясы мен азық-түліктің жетіспеуіне байланысты үлкен қиындықтарға ұшырап отырғанын хабарлады және қиындықтан шығу үшін көмек көрсетуді өтінді.

Н.Ә. Назарбаев дизель отыны мен пешке жағатын мазут, астық, қысқы киім және азық-түлікті қосқанда 1,5 млн. доллар көлеміндегі гуманитарлық көмекті жіберуге шешім қабылданғаны туралы хабарлады.



Мемлекет басшысы «Н.Ж. Дәненов туралы» №545, «И.Д. Меркель туралы» №546 жарлықтарына қол қойды.

22 ақпан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында өткен ТМД-ға мүше мемлекеттер басшыларының бейресми кездесуіне қатысты.

Саммит барысында мемлекеттер басшылары ТМД-ның одан әрі дамуының Тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі негізгі Іс-шаралар жоспарының орындалу барысын талқылады, ТМД-ның экономикалық даму стратегиясының жобасы, ортақ энергетикалық және азық-түлік нарықтарын қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу, Достастықтың жарғылық органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі кешенді шараларды қабылдау және т.б. бойынша арнайы топтардың жұмыстарын жандандыруға қатысты пікірлерін ортаға салды.



Қазақстан Президенті өзінің сөйлеген сөзінде «ЕҚЫҰ-на төрағалық етуге Қазақстанның кандидатурасын қолдау мәселесінде орнықты және жүйелі ұстанымдары үшін» әріптестеріне алғыс сезімін білдірді. Мемлекет басшысы Қазақстанның Достастық елдерінен бірыңғай кандидат ретінде қарастырылуына орай бұл табысты ортақ жетістік деп бағалайтындығын айтты. ЕҚЫҰ төрағалығы лауазымын бірінші рет ТМД мемлекеті иеленеді, әрі ол географиялық жағынан мұсылман тұрғындары басым азиялық өңірге жақын орналасқан Қазақстанның төрағалығы туралы шешім Ұйымның барлық қатысушы мемлекеттерінің тең құқықтығы туралы айтуға мүмкіндік береді.

Н.Ә. Назарбаев халықаралық қаржы нарықтарындағы соңғы кездегі дағдарыстарға және оның Достастық елдері үшін мүмкін болатын салдарына байланысты мәселелерге әріптестерінің назарын аударды. ТМД елдерінің экономикаларын тұрақсыздандыруға жол бермеу мақсатында Қазақстан Президенті мемлекеттердің басшыларын экономикалық саясатты үйлестіруге және неғұрлым тығыз ықпалдастыққа шақырды. Осыған орай Н.Ә. Назарбаев әлемдік қаржы нарықтарындағы тұрақсыздықты болдырмаудың, осы салада үйлестірілген саясат жүргізудің тетіктерін әзірлеу үшін халықаралық қаржы институттарын тарта отырып, экономикалық блок министрлерінің, ұлттық банктер төрағаларының конференциясын өткізуді ұсынды.

Отырыс аяқталған соң Н.Ә. Назарбаев саммиттің басқа да қатысушыларымен бірге Мемлекеттік Кремль сарайына келіп, Отан қорғаушылар күніне арналған салтанатты кешке қатысты.

28 ақпан

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Н.С. Әшімовті қабылдады. Ол облыста орын алған

су тасқыны жағдайларының сипаты, келтірілген зияны мен табиғи тосын апаттың салдарларын жою бойынша жүргізіліп жатқан шаралар туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы барлық зардап шеккендерге қажетті көмек көрсету, үйлерді, мектептерді, медицина мекемелерін, электр желілерін, газ құбырларын қалпына келтіру үшін республикалық және жергілікті бюджеттен қажетті қаражат бөлу жөнінде тапсырма берді.



Мемлекет басшысы «Б.Ө. Исабаев туралы» №547, «Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 24 қыркүйектегі Босқындарға және мәжбүрлі қоныс аударушыларға көмек туралы келісім мен 1995 жылғы 10 ақпандағы Босқындарға және мәжбүрлі қоныс аударушыларға көмек туралы келісімге хаттамаға қатысушы болмау ниеті туралы» №548 жарлықтарына қол қойды.

29 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Қ.К. Тоқаевты қабылдады. Ол Сенаттың заң шығарушылық қызметінің ағымдағы және перспективалық бағыттары жөнінде баяндады.



Мемлекет басшысы «В.П. Зверьков туралы» №549 Жарлығына қол қойды.



НАУРЫЗ



Дс		3	10	17	24	31
Сс		4	11	18	25	
Ср		5	12	19	26	
Бс		6	13	20	27	
Жм		7	14	21	28	
Сн	1	8	15	22	29	
Жк	2	9	16	23	30	



3 наурыз

Мемлекет басшысы Д.А. Медведевке Ресей Федерациясының Президенті қызметіне сайлануына байланысты құттықтау жеделхатын жіберді.

«Сіздің кандидатураңызға дауыс бере отырып, Ресей халқы елдің әлеуетін тиімді іске асыруға бағытталған салиқалы саясаттың одан әрі жалғасуын таңдады. Сіз, ресейліктердің қолдауымен өзіңіздің барлық біліміңізді, күш-жігеріңізді және тәжірибеңізді экономикалық өсім мен әлеуметтік әл-ауқатты қамтамасыз етуге, саяси тұрақтылықты сақтауға әрі Ресей Федерациясының халықаралық беделін нығайтуға жұмсайтыныңызға сенімдімін», — делінген жеделхатта.

Н.Ә. Назарбаев Ресей басшысының қызметі алдағы уақытта да Ресей мен Қазақстанның арасындағы бұрын қол жеткізілген уағдаластықтарды одан әрі іске асыру мен достық қарым-қатынастарды нығайтуға бағытталатынына нық сенім білдірді.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен және Ресейде 2008 жылғы 2 наурызда болған президенттік сайлауда жеңіске жеткен Д.А. Медведевпен телефон арқылы сөйлесті.

Н.Ә. Назарбаев В.В. Путиннің президентігі кезеңінде Қазақстан мен Ресейдің қарым-қатынасы барлық салада — саясатта, экономикада, қорғаныс ынтымақтастығы мәселелерінде, мәдени-гуманитарлық байланыстарда мүлдем жаңа деңгейге жеткенін атап көрсете отырып, екіжақты ынтымақтастықты дамытуға сіңірген зор үлесі үшін оған ризашылығын білдірді.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев Д.А. Медведевті президент сайлауындағы айқын жеңісімен құттықтады және екі елдің одақтастық қатынастарын өскелеңдікпен дамытатындығына сенім білдіре отырып, оған Ресей мен ресейлік халықтың игілігі жолында жаңа лауазымда табыстар тіледі.

Мемлекет басшысы «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» алқасымен наградтау туралы» №550 Жарлығына қол қойды.

4 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Катар Мемлекетінің Әмірі шейх Хамад бен Халифа әл-Танимен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында Қазақстан мен Катар арасындағы екі жақты қатынастар мәселелерінің тұтастай кешенін талқылады, сондай-ақ өңірлік және халықаралық өзекті проблемалар бойынша пікір алмасты. Тараптар халықаралық және өңірлік ұйымдар, оның ішінде БҰҰ мен ИКҰ шеңберінде ынтымақтастықты дамытуға мүдделі екендігін білдірді.

Сондай-ақ екі елдің сыртқы істер министрліктерінің арасында саяси кеңестерді тұрақты түрде өткізіп тұру, сауда-экономикалық байланыстарды жандандыру мақсатында Қазақстан-Катар Іскерлік кеңесін құру, сонымен бірге Қазақстанның мұнай-газ, мұнай-химия, туристік және басқа салалардағы ірі ауқымды жобаларды іске асыруға Катар инвестицияларын тарту бойынша уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Келіссөздер барысында Үкіметаралық инвестицияны қолдау және өзара қорғау жөніндегі Келісімнің және бірлескен инвестициялық қорды құру мәселесі бойынша «Қазына» Тұрлаулы даму қоры» АҚ және Катар инвестициялық қоры арасында Өзара түсіністік туралы меморандумын қосқанда бірқатар құжаттарға қол қойылды. 2007 жылы Катардың астанасы — Доха қаласында Қазақстанның Елшілігінің ашылуына жауап ретінде Астана қаласында Катар тарабы өзінің дипломатиялық өкілдігін ашуды жоспарлап отырғандығын хабарлады.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы «Арал теңізінің балық шаруашылығы кәсіпорындарын қоғамдық басқару және олардың тұрақты тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету» жобасын қаржыландыру үшін грант бөлу туралы келісім хатқа қол қою туралы» №551 Жарлығына қол қойды.

5 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстанда ресми сапармен жүрген Катар Мемлекетінің Әмірі шейх Хамад бен Халифа әл-Танимен бірге «Нұр Астана» Ислам мәдени орталығында болды.

Президент Катар Әмірін елордамыздың көрікті орындарының біріне айналған осы мешіттің құрылысына қосқан үлесі үшін алғыс білдірді.

«Нұр Астана» Ислам мәдени орталығы Катар Әмірінің Қазақстанға ресми сапарының бағдарламасы барысында аралап көрген соңғы нысан болды.



«Нұр Астана» Ислам мәдени орталығы Катар мемлекетімен қайтарымсыз негізде бөлінген қаражатқа салынған болатын. Бұл туралы уағдаластыққа 1999 жылғы сәуір айында Катар мемлекетінің Әмірі шейх Хамад бен Халифа Әл Танидың Қазақстанға ресми сапармен келуі кезінде қол жеткізілген еді.

Ислам мәдени орталығының салтанатты түрде ашылуы 2005 жылғы 22 наурызда болды.

Діни ғимараттың жалпы аумағы 3 мың шаршы метрден асады. Оны әрқайсысы 62 метрлік төрт мұнара қоршап тұр. Бас күмбездің биіктігі 43 метрді құрайды. Мешіт 5 мыңға дейін дінге сенушілерді қабылдай алады.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Украинаның Президенті В.А. Ющенкомен кездесті.

Шағын құрамда келіссөздер жүргізгеннен кейін Н.Ә. Назарбаев пен В.А. Ющенко Астана қаласындағы Конгресс-холлда өткізілген Қазақстандағы Украина жылының ашылуына орайластырылған салтанатты шараға қатысты.

Салтанатты рәсімді ашқан Президент өткен жылы Украинадағы Қазақстан жылының табысты өткенін атап өтті. Украиндықтар Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерімен танысып, елдің бай мәдени мұрасы жайлы көптеген мәліметтер алды, қазіргі Қазақстанның қадамдарын сезінді. Н.Ә. Назарбаев 2007 жылғы Қазақстанның Украинадағы жылын қорытындылай келіп, оның экономикалық тиімділігін — 2007 жылы екіжақты тауар айналымының 2006 жылмен салыстырғанда 64%-ға өскенін ерекше атап өтті.

«Біз келешекті ойлай отырып, елдеріміз бен халықтарымыз арасындағы байланыстарды одан әрі нығайту үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға міндеттіміз. 2008 жылы Қазақстандағы Украина жылын өткізудің басты мақсаты осында жатыр», — деді Н.Ә. Назарбаев.

6 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстанда ресми сапармен жүрген Украинаның Президенті В.А. Ющенкомен

кеңейтілген құрамда келіссөздер өткізіп, екі-жақты ынтымақтастықты одан әрі дамытудың мәселелері, сондай-ақ өңірлік және халықаралық өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты.

Келіссөздер барысында екі мемлекеттің Бірлескен мәлімдемесі қабылданды, онда «Қазақстан-Украина 2007–2008 жылдарға арналған іс-әрекет Жоспарын («Жол картасы — 2») қоса алғанда, барлық бұрынғы қол жеткізілген уағдаластықтарды толықтай іске асыруға нық сенімді екендіктері көрсетілді; Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан — Украина Мемлекетаралық комиссиясының жұмысын жандандыруға қатысты пікірлерін білдірді; бірлескен энергетика саласындағы, қазақстандық мұнайды транзиттеудегі, мұнай-газ кен орындарын игерудегі жобалар мен мұнай-газ жабдықтарын бірлесіп өндіру аясында ынтымақтастықты одан әрі жалғастыру келісілді.

Кездесу қорытындысы бойынша мемлекет басшыларының бірлескен баспасөз конференциясы өткізілді.



Сол күні Мемлекет басшысы Украинаның Президенті В.А. Ющенкомен бірге Қазақстан-Украина бизнес-форумының жұмысына қатысты.

Бизнес-форумға 130 қазақстандық компания, Украина жағынан машина жасау, құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік, энергетика, жеңіл өнеркәсіп және экономиканың басқа да салаларымен айналысатын 80 компания қатысты.

Сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев бүгінгі бизнес-форумның нәтижесінде екі елдің компаниялары мен кәсіпорындары үшін үлкен мүмкіндіктер ашылатынына, соның нәтижесі ретінде жаңа келісім-шарттарға қол қойылып, бірлескен жобалар іске асырылатынына, Қазақстан мен Украина кәсіпкерлері арасындағы өзара ықпалдастықтың еселеп артатынына сенім білдірді.

«Бұл үшін бізде барлық қажетті нәрсе бар, оның ішінде екі елдің саяси қалауы да бар», — деді Президент.

7 наурыз

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Салтанат сарайында өткен 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік Көктем балына қатысты.

Салтанатты мерекені ашып, сөз сөйлеген Президент Қазақстанның барлық әйелдерін көктем мейрамымен құттықтап, зор денсаулық, баянды бақыт, дүниедегі бар жақсылықты тіледі.

11 наурыз

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Үкіметі төрағасының орынбасары — Қаржы министрі А.Л. Кудринді қабылдады.

Кездесуде қаржы секторындағы, ДСҰ-ға кірудегі екіжақты қарым-қатынастарды дамыту мәселелері, Еуразиялық даму банкінің қызметі, сондай-ақ Қазақстан мен Ресейдің көлік инфрақұрылымындағы және т.б. жобаларды іске асыру бойынша даму институттарының ынтымақтастығы талқыланды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережені бекіту туралы» №552 Жарлығына қол қойды.

12 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Президент Әкімшілігінің басшылығымен жұмыс бабындағы кеңес өткізді.

Кеңесті ашқан Президент Қазақстанда 29 мемлекеттік бағдарлама қабылданғанын, осыған байланысты қазіргі уақытта жаңа бағдарлама қабылдаудың қажеттілігі жоқтығын, бұған дейін қабылданған бағдарламаларды іске асыруға ден қою қажеттігін атап өтті. «Мемлекеттік бағдарламалардың тиімді іске асырылуы үшін әр бағдарламаға нақты басшы жауап беруі тиіс. Мен келесі айдан бастап басымды болып табылатын 7 мемлекеттік бағдарламаның орындалу барысын тыңдамақпын. — деді Н.Ә. Назарбаев.

Отырыс соңында Мемлекет басшысы Үкіметке және Президент Әкімшілігіне Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыруға бағытталған нақты тапсырмалар берді.



Басымды болып табылатын 7 мемлекеттік бағдарламаның қатарында Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003–2015 жылдарға арналған стратегиясы, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі Көлік стратегиясы, Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында денсаулық сақтауды реформалау және дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған

мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, 2007–2009 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасы, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006–2010 жылдарға арналған тұжырымдамасы бар.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Қырғыз Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Ж. Рүстенбековтен сенім грамотасын қабылдады.

14 наурыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №553 Жарлығына қол қойды.

15 наурыз

Мемлекет басшысы Оман Сұлтандығында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Маскат қаласында Оман Сұлтаны Кабус бен Саидпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылады. Атап айтқанда, Парсы шығанағы бағытына және одан кері бағытта жүк тасымалдауды өзара ұтымды ұйымдастыру перспективалары, Оманның Қазақстандағы стратегиялық маңызды салаларды инвестициялауын кеңейту, сондай-ақ Оманның АӨСШК және Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі тәрізді Қазақстанның халықаралық бастамаларының қызметіне қатысу мәселелерін қарастырды. Осыған байланысты тараптар Сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі екіжақты үкіметаралық комиссияны, сонымен қатар Қазақстан-Оман Іскерлік кеңесін құрудың маңыздылығын атады.



i *Оман Сұлтандығы — Қазақстанның араб әлеміндегі аса белсенді әріптестерінің бірі. Біздің елдеріміз арасындағы табысты ынтымақтастықты дамыту негізі 1997 жылы Н.Ә. Назарбаевтың Оманға жасаған бірінші ресми сапары кезінде қаланды. Содан бергі екі елдің өзара қарым-қатынасы кең ауқымды мәселелер бойынша серпінді саяси үнқатысумен, сондай-ақ бірқатар ірі*

экономикалық жобаларды нақты жүзеге асырумен сипатталып отыр.

Қазақстан Оман Сұлтандығының экономиканы әртараптандыру мен шикізат секторын дамыту бойынша тәжірибесіне көбірек назар аударады.

Қазақстан тәрізді Оман Сұлтандығының экономикалық дамуының негізінде әуел бастан мұнай өндіру өнеркәсібі тұрды, ол 40% жылдық жалпы ұлттық өнімді және 75% экспортты қамтамасыз етті. Бұл ретте Оманның өзге көршілеріне қарағанда ірі мұнай қоры жоқ, Мұнай экспорттаушы елдер ұйымына да (МЭҰ), Араб мұнай экспорттаушы елдерінің ұйымына да (АМЭҰ) кірмейді.

2000 жылы Кабус бен Саид Сұлтан 2020 жылға дейін елдің мұнайды бағытқа алмауы жөніндегі «Оман-2020» бағдарламасын ұсынды.

Реформалар Сұлтандықтың ұлттық табыс көздері мен адами ресурстардың дамуын өзгертуді көздейді.

Осыған байланысты 2006 жылы Оман басшылығымен 7-ші бесжылдық жоспары бекітілді, онда мұнай мен шетелдік жұмыс күшіне тәуелділікті азайту, индустриалдық жобаларды, туризм саласын, орта және шағын кәсіпкерлік пен банк, транспорттық және ақпараттық инфрақұрылымдарды дамытуға жұмсалатын шығындар көлемін арттыру бойынша шаралар қарастырылған.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне арналған «Қазақстандағы билік шуағы» атты кітаптың авторы, сауд саясаттанушысы, танымал ғалым Маджид ат-Түрікпен кездесті.

Кездесу кезінде автор бұл Қазақстан мен оның Президенті туралы жазылған араб тіліндегі тұңғыш рет кітап екендігін және Нұрсұлтан атты есім араб тілінде «Билік шуағы» деп аударылатынын ерекше атап өтті.

16 наурыз

Мемлекет басшысы Оман Сұлтандығына ресми сапары барысында Маскат қаласының көрікті жерлерімен танысты.

Н.Ә. Назарбаев Кабус Сұлтанның үлкен мешітін, Кабус Сұлтанның Ұлттық университетін және «Білім алабы» технопаркін аралап көрді.

Сапар аясында Қазақстан Республикасының Білім министрлігі мен Оман Сұлтандығының Білім министрлігі арасында Білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға, екі елдің Сыртқы істер министрліктерінің арасындағы визалық талаптардан дипломатиялық паспорт иелерін босату туралы меморандумға, Қазақстан Республикасының

Сауда-өнеркәсіптік палатасы мен Оман Сауда-өнеркәсіптік палатасы арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.



Кабус Сұлтанның үлкен мешіті Арабия түбегіндегі Қағбадан кейінгі екінші үлкен мешіт болып саналады. Мешіттің жалпы аумағы 416 мың шаршы метрді құрайды. Мешіттің бес мұнарасы бар, олардың ең бастысының биіктігі 91 метрден асады. Ал мінажат залында салмағы 21 тонна, жан-жақ өлшемдері 70-те 60 метрді құрайтын әлемдегі ең үлкен парсы кілемі ілінген. Мінажат залына 7 мыңға дейін адам сыяды.

Кабус Сұлтанның Ұлттық университеті Омандағы жалғыз жоғарғы оқу орны болып табылады. Университет Кабус Сұлтанның бастамасымен 1986 жылы бой көтерген болатын. Оқу кешенінің аумағында клуб, кітапхана, 5 лекция залдары, 100 дәрісхана, мәдениет және конференция орталығы, студенттік орталық және мешіт бар. Университетте қарапайым азаматтар да қызметін пайдалана алатын госпиталь орналасқан. Университет 4 ғылыми-зерттеу журналы мен 2 жаңалықтар газетін шығарады.

«Білім алабы» технопаркі 2003 жылы ашылған, 25 гектардан аса жерді алып жатыр, оның ішінде 20 мың шаршы метрдей жерді кеңселік орынжайлар мен бизнес-инкубаторлар алып жатыр. Паркте жоғары технологиялармен айналысатын 60-тан аса компаниялар, сондай-ақ 2 ақпараттық технологиялар колледжі («Уальжад» қолданбалы ғылым колледжі және Ақпараттық технологиялардың Таяу Шығыс колледжі) жұмыс істейді. Технопарктің басты мақсаты ішкі нарыққа жетекші әлемдік компанияларды тарту мен отандық жоғары технологиялар өндірісін дамытуға түрткі болу болып табылады.

18 наурыз

Мемлекет басшысы «Б.С. Шабарбаев туралы» №554 Жарлығына қол қойды.

20 наурыз

Мемлекет басшысы «Kingdom» инвестициялық компаниясының басқарма төрағасы, Сауд Арабиясының корольдік үйінің мүшесі, ханзада Әл-Уәлид бен Талал бен Әбдел Әзиз әл-Саудты қабылдады.

Әңгіме барысында Президент Қазақстан нарығына Сауд Арабиясының іскер топтарын тартуға еліміздің айрықша маңыз беретінін атап өтті.

Өз тарапынан ханзада Әл-Уәлид бен Талал Астана қаласында «Four Seasons» мейманхана кешенінің құрылысын салуға немесе осы сауда белгісімен елордада салынып жатқан мейманханалардың бірін басқаруға алуға қызығушылық танытты.





«Kingdom» холдингтік компаниясы әлемдегі ең ірі инвестициялық құрылымдардың бірінен саналады. Ол жоғары деңгейлі «Four Seasons», «Fairmont» және «Movenpick» қонақ үйлерін басқару жөніндегі үш үлкен халықаралық компания акцияларының бақылау пакеттеріне иелік етеді, сондай-ақ «News Corporation Ltd», «Time Warner», «Motorola», «Apple Inc.», «Disney Land Resort Paris» сияқты әлемдік бизнес-топтардың және бірнеше Сауд Арабиясы банктерінің ірі акционері болып табылады. Холдинг телекоммуникацияларды, ақпараттық технологияларды, электрониканы, банк және машина жасау салаларын, ауыл шаруашылығын, денсаулық сақтауды, туризм мен мейрамхана және қонақүй бизнесін, бөлшек сауданы, жоғары сән үлгісінің индустриясын, сауда үйінің желілері мен супермаркеттерді дамытуға қаражат салады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің Хатшылығы арасындағы Хатшылықтың Қазақстан Республикасының аумағында болуы шарттары туралы келісімді ратификациялау туралы» №20-IV, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иордания Хашимиттік Корольдігінің Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» №21-IV заңдарына қол қойды.

21 наурыз

Мемлекет басшысы Халықаралық әуесқой бокс федерациясының (AIBA) президенті Чинг Куо Ву бастап келген делегацияны қабылдады.

Кездесу елордада өтіп жатқан «Астана-2008» бокстан екінші Азиялық олимпиадалық іріктеу турнирі аясында болды, мұнда спортшылар Бейжіңдегі олимпиада ойындарына жолдама үшін бақ сынасауда.

Әңгіме барысында Президент Орталық Азия елдерінде бокс, күрес сияқты спорт түрлері дәстүрлі дамып келе жатқандығын, бұл Қазақстанның спортшылар қауымы үшін маңызды шара екендігін атап өтті.



Екінші Азиялық олимпиадалық іріктеу турнирі отандық бокс тарихында алғаш рет Қазақстанның елордасы — Астана қаласында 2008 жылғы 17–23 наурыз күндері өткізілді. Турнир барысында Азияның 24 елінен келген боксшылар Бейжіңдегі олимпиада ойындарына бару үшін Азия құрлығына арналған 19 қалған лицензия үшін бақ сынасты. Сайыс қорытындысы бойынша Олимпиадаға жолдаманы 5 қазақстандық спортшы иемденді.

Мемлекет басшысы Қазақ ұлттық музыка академиясының ректоры А.Қ. Мұсақожаеваға Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығын табыс етті.

Жоғары награда «дүниежүзілік музыка өнерін дамытуға қосқан айрықша үлесі, жалпыадамзаттық руханият, бейбітшілік және келісім құндылықтарына негізделген белсенді әртістік қызметі үшін» берілді.



Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы бейбітшілік және халықтар арасындағы достықты, өзара сенімді, мемлекетаралық қатынастарда теңдік пен бірдей қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған белсенді қызметі үшін; қоғамдық және ұлтаралық келісімді орнықтыруға, Республиканың көпұлтты халқының бірлігін нығайтуға қосқан ерекше үлесі үшін; Қазақстан ұлттары мен ұлыстарының мәдениеті мен тарихи дәстүрлеріне деген құрметті қалыптастыратын терең ойлы публицистикалық шығармалар үшін беріледі.

Мемлекеттік сыйлыққа ие болған адамдарға «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының лауреаты» атағы беріледі, диплом, омырау белгісі, куәлік және ақшалай сыйақы тапсырылады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығын беру туралы» №555, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 шілдедегі №155 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №556, «М.А. Құл-Мұхаммед туралы» №557, «1965 жылғы 21 желтоқсандағы Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияның 14-бабында көзделген Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитеттің құзыретін тану туралы Қазақстан Республикасының мәлімдемесіне қол қою туралы» №558 жарлықтарына қол қойды.

22 наурыз

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы «Астана-Бәйтерек» монументінің жанында Наурыз мейрамына орай өткен мерекелік шараларға қатысты.

Президент елорда тұрғындары мен қонақтары алдында сөйлеген сөзінде қазақстандықтарды Наурыз



мейрамымен құттықтап, барлығына зор денсаулық, бақыт пен береке тіледі.

23 наурыз

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы «Қазақстан» спорт кешенінде Бейжің олимпиадасына жолдама ойнатылған екінші Азиялық олимпиадалық іріктеу турнирін тамашалады.

25 наурыз

Мемлекет басшысы белгілі қырғыз жазушысы Ш.Т. Айтматовты қабылдады.

Президент ұлы жазушыны алда келе жатқан 80-жылдық мерейтойымен құттықтап, мерейтойлық шаралардың қазақ жерінде де өткізілетінін айтты. «Ш.Т. Айтматовтың шығармаларынан қаншама қазақстандық ұрпақтар тәлім алды. Қазіргі жаңа тарихи жағдайларда қалыптасып келе жатқан жастардың да Шыңғыс Айтматовтың туындыларын оқуы өте маңызды», — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қарашада Кейптаунда қол қойылған Авиациялық объектілерге қолданылатын жылжымалы жабдыққа қатысты халықаралық кепілдіктер туралы конвенцияға қосылуы туралы» №559, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №560 жарлықтарына қол қойды.

26 наурыз

Мемлекет басшысы Астана қаласының әкімдігінде елорданың 10 жылдығын атап өтуге байланысты өткен кеңесіне төрағалық етті.

«Алдағы мерейтойдың саяси мәні аса маңызды. Бұл қатардағы жай мереке емес, ол Астана қаласының ғана емес, бүкіл елдің дамуына жаңа серпін беруге тиіс үлкен жалпыұлттық іс-шара», — деп атап айтты Президент кеңесті аша отырып. Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаев қала дамуының өзекті проблемаларына назар аударып, коммуналдық жүйелердің, жолдар мен астаналық ПИК, автокөлік қою орындарының, бала бақшалардың, кітап дүкендерінің және т.б. жетіспеушілігін өткір сынға алды.



27 наурыз

Мемлекет басшысы ҰҚШҰ бас хатшысы Н.Н. Бордюжаны қабылдады. Ол сол күні Астана қаласында болып өткен ҰҚШҰ мүше мемлекеттердің Заңсыз есірткі айналымына қарсы күрес жөніндегі құзіретті орган басшыларының үйлестіру кеңесі отырысының қорытындылары туралы хабардар етті.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етті.

Отырыста Қазақстан Республикасының 2007–2012 жылдарға арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын жүзеге асыру барысы талқыланып, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Б.Т. Сұлтанов, Ішкі істер министрі Б.Ә. Мұхаметжанов, Ауыл шаруашылығы министрі А.С. Есімов, Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары В.З. Жұмақанов, Алматы облысының әкімі С.А. Үмбетов баяндама жасады.

Отырыс қорытындысы бойынша Н.Ә. Назарбаев Үкіметке және тиісті орган басшыларына тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы «М.С. Мырзамадиева туралы» №561 Жарлығына қол қойды.

31 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Ж.К. Түймебаевты қабылдады. Ол министрліктің 2007 жылғы жұмыс қорытындылары туралы және 2008 жылға арналған қызметінің басты басымдықтары туралы баяндады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының жергілікті соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №562 Жарлығына қол қойды.

СӘУІР



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	



1 сәуір

Мемлекет басшысы Кувейт Мемлекетінің Әмірі Әкімшілігінің басшысы шейх Насер Сабах әл-Ахмад әл-Жабер Ас-Сабахты қабылдады.

Ол Президентке Кувейт Мемлекеті Әмірінің, сондай-ақ мұрагер ханзада мен осы елдің Премьер-министрінің сәлемін жеткізді.

Кездесу барысында екіжақты қарым-қатынастарды одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.



Мемлекет басшысы «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2008 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» №563 Жарлығына қол қойды.

2 сәуір

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы «Медеу» мұз айдынында Олимпиада алауын алып жүру арқылы жер жүзін айналып өтетін халықаралық Олимпиада эстафетасының ашылу салтанатына қатысты.

Салтанатты рәсімді ашқан Н.Ә. Назарбаев тарихта тұңғыш рет кең-байтақ байырғы қазақ жеріне Олимпиада алауының келуімен құттықтады. «Қазір көпұлтты Қазақстан халқы бүкіл әлем алдында әлемнің олимпиада алауына өз батасын береді. Біз бұл алаудың осы жылы өзіміздің ұлы көршіміз және досымыз Қытайда XXIX-шы Олимпиадалық ойындардың жарық жұлдызы ретінде жарқырап жанатындығына қуанамыз. Пекиндік олимпиада миссиясының жиырма бірінші ғасырда спорттың жаһандық дамуын жаңа белестерге бастайтындығына сенім мол. Қазақстанда спорт, ең алдымен бұқаралық спорт мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты болып табылады. Біздің еліміз Олимпиадалық ойындардың 117 чемпионын, Әлем мен Азиялық ойындар чемпиондарын тәрбиелеп шығарды. Олардың қол жеткізген табыстары біздің мемлекетіміздің беделін өсіре түсіреді. Спортты дамытудағы Қазақстанның үлесін мойындау ретінде біздің оңтүстік астанамыз — Алматы қаласы — 2011 жылы VII қысқы Азиялық ойындарды өткізу құқығын иеленді. Біз оны жоғары деңгейде өткізетін боламыз.



Және де мен болашақта қысқы Олимпиадалық ойындарды осы Алматыда өткізу құқығын жеңіп аламыз деп үміттенемін», — деді Президент.

Мемлекет басшысы спортшыларға Бейжің ойындарындағы олимпиадалық жеңістер мен рекордтар өзара теңдік пен жаһандық келісімнің символына, адамзат рухының ең жоғары көрінісі, халықтар, елдер мен құрлықтар достығының гимніне айналуын тіледі (Қосымшаны қараңыз).

Салтанатты рәсімнің соңында Н.Ә. Назарбаев Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы елшісі Чжан Сиюннен алауды қабылдап алып, «Медеу» стадионының жарыс жолымен жүгіріп өтті және алауды 2004 жылғы Афины Олимпиадасының чемпионы, боксшы Б. Артаевқа табыс етті.

i 24 наурызда Афиныдағы киелі Олимп тауында жағылып, жазғы ойындар өтетін Бейжіңге жеткізілген олимпиадалық алау 2008 жылдың 1 сәуірінде Алматыға әкелінді. Қазақстандық шаһар — олимпиада алауын алып жүрушілердің 130 күндік маршруты жүріп өтетін бес құрлықтағы 22 ірі қаланың біріншісі. Қазақстандағы олимпиада алауының эстафетасына таны- мал спорт ардагерлері, еңбек сіңірген жаттықтырушылар, болашағынан үміт күттіретін жас спортшылардан құралған 80 алау алып жүруші қатысты. Эстафетаға сондай-ақ белгілі саясаткерлер, бизнесмендер, спорт федерацияларының басшылары, әртістер қатысты.

Мемлекет басшысы Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтының (ҚМЭБИ) жаңа оқу ғимаратында болды.

Президент «ҚМЭБИ түлектері жоғары бәсекеге қабілеттілікке ие екендігін атап өтті. Мұның жарқын дәлелі — жұмыс берушілердің бағасы. Олардың пайымдауынша, ҚМЭБИ Қазақстанның жоғары оқу орындары рейтингісі бойынша гуманитарлық-экономикалық ЖОО-лардың арасында бірінші орынды иеленеді.

i 1992 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған ҚМЭБИ Солтүстік Американың кредиттік технологиялары бойынша магистрлер мен бакалаврлар даярлайтын коммерциялық емес жоғары оқу орны болып табылады. Бүгінде институтта Қазақстанның барлық өңірлерінен 4 мыңнан астам жастар білім алуда. ҚМЭБИ АҚШ, Германия, Польша, Румыния, Сауд Арабиясы, Түркия, Ресей, Қытай, Корея, Балтық жағалауы елдерінен және бүкіл

Орталық Азия республикаларынан келген 300-ге тарта шетелдік студенттерді даярлауда. Жалпы аумағы 5,6 мың шаршы метрді құрайтын жаңа корпуста қазіргі заманғы мультимедиялық құралдармен жабдықталған 14 аудитория, 3 дәрісханалық амфитеатр, 100-ден аса пайдалану терминалдарын ұсынатын 3 жеке компьютерлік сыныптар, бүкіл ғимарат бойынша жоғары жылдамдықтағы сымсыз интернет байланысы және студенттердің жеке жұмыс істеуіне арналған арнайы бөлінген орын бар.

4 сәуір

Мемлекет басшысы Астана қаласының төртінші шақырылымдағы 11-ші кезектен тыс сессиясына қатысып, депутаттардың қарауына елорда әкімі қызметіне тағайындау үшін И.Н. Тасмағамбетовтің кандидатурасын ұсынды.

«И.Н. Тасмағамбетов елдің Премьер-министрі, Президент Әкімшілігінің басшысы, Атырау облысының және Алматы қаласының әкімі болған жылдарда өз ісінің тиімділігін көрсетті», — деді Н.Ә. Назарбаев. Президент елорда басшылығының алдыңғы кезектегі міндеті — Астананың 10 жылдық мерейтойын тиісті деңгейде өткізу екендігін атап өтті. «Біздің қаламызды және Қазақстанның мүмкіндіктерін бүкіл әлемге көрсету қажет», — деп атап көрсетті Президент.

Мемлекет басшысы сондай-ақ 2011 жылы аталып өтетін Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына дейін қаланың барлық қажетті инфрақұрылымдарын, оның ішінде коммуналдық жүйелерді, мәдениет, денсаулық және білім беру мекемелерінің құрылысын аяқтау қажеттігіне назар аударды. «Елорда Қазақстанның барлық қалаларына үлгі болуы қажет. Астана — біздің еліміздің негізгі серпінді жобаларының бірі. Мен жүктеген тапсырмаларды әрдайым орындап келген И.Н. Тасмағамбетов, астаналықтарға қала құрылысының, осы қаладағы тәртіп пен мәдениеттің озық үлгілерін көрсете отырып, алдына қойылған міндеттерді шешеді деп үміттенемін. Сонымен бірге, елорданы дамыту — бұл әкімдіктің ғана емес, сондай-ақ Үкіметтің және тұтастай алғанда, мемлекеттің ісі», — деп мәлімдеді Президент.

Қалалық мәслихаттың шешімімен И.Н. Тасмағамбетовті Астана қаласының әкімі қызметіне тағайындауға келісім берілді.

Мемлекет басшысы Астана қаласының 10 жылдығын жоғары деңгейде өткізуге әзірлік пен қаланы одан әрі дамыту үшін Қазақстан



Республикасының Премьер-министрі К.Қ. Мәсімов пен Астана әкімі И.Н. Тасмағамбетовке жеке жауапкершілік жүктеді.

Сонымен қатар, Н.Ә. Назарбаев елорданың бұрынғы әкімі А.Ұ. Маминге жақсы жұмысы үшін ризашылығын білдірді және қала активіне оның «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ президенті болып тағайындалғанын хабарлады.



Мемлекет басшысы «А.Ұ. Мамин туралы» №564, «И.Н. Тасмағамбетовті Астана қаласының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №565, «А.С. Есімовті Алматы қаласының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №566 жарлықтарына қол қойды.

7 сәуір

Мемлекет басшысы «Ақорда» астаналық резиденциясында Қазақстанның оңтүстігіндегі Көксарай су реттегішінің құрылысы мәселесі жөнінде кеңес өткізді.

Кеңеске Қазақстан Республикасының Премьер-министрі К.Қ. Мәсімов, Премьер-министрінің орынбасары Ө.Е. Шүкеев, Төтенше жағдайлар министрі В.К. Божко, Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің төрағасы А.Д. Рябцев, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Н.С. Әшімов, «Қазгипроводхоз» институтының директоры Л. Дмитриев, «Euroconsult Mott MacDonald» компаниясының «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасы бойынша топ жетекшісі Я. Йохан (Нидерланды) қатысты.

Талқылау қорытындысы бойынша Президент Сырдария өзенінде су реттегіш құрылысын салудың дұрыс болатындығын айтты. «Осындай үлкен шығындарға барып, жаңа су қоймасын салу — бұл оңай шешім емес. Бірақ бізде басқа таңдау жоқ. Сондықтан мәселені түпкілікті шешейік — Көксарайды салатын боламыз. Бұл, мәселен, Батыстан Қазақстанның оңтүстігіне тартылатын газ құбыры секілді нысан — ол пайда әкелмейді, бірақта көптеген проблемаларды шешуге көмектеседі», — деп қорытындылады Н.Ә. Назарбаев.

Бұған қоса, Президент осы мәселеге байланысты су реттегішті салу Сырдария өзеніндегі судың ластануына және Аралдың одан әрі тартылуына

соқтыратын болады деп қате пікір қалыптастырған Қызылорда облысының жұртшылығы арасында түсінік жұмыстарын жүргізуді тапсырды.



Сырдария өзенінде Көксарай су қоймасының құрылысын салу Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарына қарасты аумақтар мен елді мекендерді тасқын су басып кету проблемасын шешуге арналған. Жыл сайын Қызылорда облысындағы 200 мыңға жуық тұрғын, 51 елді мекен мен Оңтүстік Қазақстан облысындағы 20 елді мекен тұрғындары тасқын судың салдарынан зардап шегеді.

Аталған проблема қысқы мезгілде Тоқтағұл (Қырғызстан), Қайраққұм (Тәжікстан) және Шарбақ (Өзбекстан) су қоймаларынан Шардара су қоймасына құйылатын су мөлшерінің артуына байланысты туындап отыр. Қазақстан мемлекетаралық және үкіметаралық деңгейде әлденеше рет бірыңғай гидроэнергетикалық жүйе аясындағы проблемалық мәселелерді шешуге көмектесетін ортаазиялық су-энергетикалық консорциумын құру туралы ұсыныс білдірген болатын. Алайда бұл ұсыныс көрші елдерден қолдау таппаған еді.

Осыған байланысты Елбасының тапсырмасымен Қазақстан Үкіметі Көксарай су реттегішінің құрылысын салу туралы шешім қабылданды. Оның толық сыйымдылығы 3,0 текше шақырым, су бетінің аумағы 466 шаршы шақырым, орташа тереңдігі — 6,44 метр, тоған жотасының ұзындығы — 44,7 шақырымды құрайды.

Көксарай су реттегіші ұзақмерзімді су сақтау қоймасы емес, онда қысқы қалдық су 3–4 ай көлемінде жинақталады да, жазғы мезгілде Қызылорда облысының ауыл шаруашылығының қажетіне және Сырдария өзені сағасының су экожүйесіне жұмсалады.

Бұл жобаны жүзеге асыру жақын маңдағы аумақтар мен елді мекендерді тасқын су басып кету, өзен жағасындағы суармалы жерлерді суару проблемаларын шешумен қатар Шардара СЭС-нде қысқы мезгілде электр энергиясының өндірілуін арттырып, еліміздің оңтүстігінде электр қуаты тапшылығын жоюға да мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтардың өзара сапарлары туралы келісімді ратификациялау туралы» №22-IV, «Шанхай қаласында (Қытай Халық Республикасы) 2001 жылғы 15 маусымда қол қойылған Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясына өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» №23-IV заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Кешірім жасау туралы» №567 Жарлығына қол қойды.

8 сәуір

Мемлекет басшысы Эстония Республикасының бұрынғы Президенті А. Рюительді қабылдады.

Кездесу барысында түрлі салалардағы екіжақты экономикалық ынтымақтастықты дамыту жайы әңгіме болды.

Мемлекет басшысы Үндістан Республикасының вице-президенті — Үндістан Парламенті жоғарғы палатасының төрағасы М.Х. Ансаримен кездесті.

Тараптар сауда-экономикалық, саяси және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамытудың кең ауқымды мәселелерін талқылады. Атап айтқанда, мұнай-газ саласындағы, оның ішінде Каспий қайраңындағы Сәтбаев мұнай блогы бойынша өзара іс-қимылдарды жандандыру; инвестиция мен банк ісі, ақпараттық технологиялар, туризм, әскери-техникалық кооперация, мәдени-гуманитарлық, және бірінші кезекте білім және ғылым саласындағы қатынастарды жандандыру, парламентаралық байланыстарды нығайту мәселелері қозғалды.

Кездесу соңында Н.Ә. Назарбаев М.Х. Ансариді 2009 жылы Астана қаласында өткізілетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III съезіне қатысуға шақырды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-қырғыз мемлекеттік шекарасындағы бірлескен бақылау туралы келісімді ратификациялау туралы» №24-IV, «Санкт-Петербург қаласында (Ресей Федерациясы) 2002 жылғы 7 маусымда қол қойылған Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы Өңірлік терроризмге қарсы құрылым туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» №25-IV заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «А.Қ. Күрішбаевты Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметіне тағайындау туралы» №568 Жарлығына қол қойды.

9 сәуір

Мемлекет басшысы «Guif Financial House» компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Э.Ю. Джа-нахи мен «PFC Energy International» компаниясының басқарма төрағасы В. Заноянды қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев Каспий маңы өңірінде мұнай және газ өнеркәсібін құруды қарастыратын «Каспий энергетикалық хабы» жобасымен танысты.



Каспий энергетикалық хабы Маңғыстау облысының Ақтау қаласындағы Каспий теңізі жағасында еліміздің мұнай-газ саласы үшін коммерциялық, техникалық және кадрлық қызметтерді толық қамтитын энергетикалық кластер салуды қарастырады. Жоба мұнай-газ экспортын әртараптандыру мен оның құрылымындағы шикізат құрамды азайтуға бағытталған.

Каспий энергетикалық хабының аумағында ғылым мен техника паркі, геофизикалық мәліметтер зертханасы, ақпараттық технологиялар, қоршаған ортаны зерттеу орталықтары, жаңартылатын энергия көздері, сондай-ақ мамандандырылған техникалық колледж бен мұнай-газ компаниялары үшін техникалық кадрларды даярлау мен жалдау орталығының құрылыстары салынбақ.

Қазіргі уақытта жобаны жасаушылар осындай жобаларды Катарда, Үндістан мен Ливияда табысты жүзеге асырды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Р.Т. Түсіпбековті қабылдады. Ол елдегі заңдылықты сақтау мен құқықтық тәртіптің ахуалы және прокуратура органдарының ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында атқарған жұмысы, сондай-ақ Бас прокуратураның кеңейтілген алқа отырысында Президент берген тапсырмалардың орындалу нәтижелері туралы баяндады.



Мемлекет басшысы Атырау облысының әкімі Б.С. Рысқалиевті қабылдады. Ол облыстың 2007 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары жөнінде әңгімеледі.

Кездесу соңында Президент облыс әкіміне Атырау облысының одан әрі дамуына қатысты бірқатар тапсырмалар берді.

10 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің бір топ депутаттарын қабылдады.

Депутаттар В.Я. Бобров, Ж.А. Досқалиев, Г.И. Есімбаева және Р.М. Шаекинмен кездесу барысында денсаулық сақтау, білім беру салаларының жай-күйі, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияны дамыту, шағын және орта бизнеске салық салу жүйесін жетілдіру жолдары туралы тыңғылықты әңгіме болды.

«Сіздер «Нұр Отан» партиясы ұсынғандар болып табыласыздар. Қазір менің Жолдауымды іске асыру жөнінде ауқымды жұмыс жүріп жатыр. Меморгандардың бақылауында 149 тапсырма тұр. Үстіміздегі жылы Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарына сәйкес біздің алдымызда тұрған міндеттерді жүзеге асыруға қажетті 19 заңды қабылдау көзделген. «Нұр Отан» партиясының, депутаттық корпустың міндеті — адамдардың тұрмысын жақсарту жөнінде тұрақты жұмыс істеу», — деді кездесу соңында Президент.



Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация (ӘКК) дегеніміз елдің тиісті өңірлерінде мемлекеттік активтерді басқаратын өңірлік даму институттары болып табылады. Олардың міндеті — кластерлік жолмен мемлекеттік жеке серіктестік негізінде бәсекеге қабілетті, экспортқа бағытталған өндірістерді құру арқылы өңірлік экономикалық нарықтарды дамыту және инвестицияларды тарту мен инновацияларды ендіру үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыру.

Қазақстанның жеті макроөңірлерінде 7 ӘКК құрылған, олар — «Сарыарқа» (Астана қ., Ақмола және Қарағанды облыстары), «Жетісу» (Алматы қ. және Алматы облысы), «Ертіс» (Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары), «Оңтүстік» (Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары), «Каспий» (Атырау және Маңғыстау облыстары), «Тобыл» (Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары), «Батыс» (Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстары).

ӘКК қызметін үйлестіру «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-мен жүзеге асырылады.

11 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі, Үкіметі мүшелері, құқық қорғау органдары, арнайы және басқа да мемлекеттік органдар басшылығының қатысуымен құқық қорғау жүйесіндегі әкімшілік реформа мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Кеңестің қорытындысы бойынша Президент құқық қорғау жүйесін реформалау, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың деңгейін арттыру, заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтау, шағын және орта бизнеске әкімшілік



қысым көрсетуді азайту жөнінде нақты тапсырмалар берді.

14 сәуір

Мемлекет басшысы «Chevron Corporation» корпорациясының директорлар кеңесінің төрағасы — бас атқарушы директоры Д. О'Райллиді қабылдады.

Д. О'Райлли Президентке мұнай өндіруді арттыру бойынша компаниямен қабылданып жатқан шаралар туралы, сондай-ақ күкіртті сақтау мен пайдалану жобасының іске асырылу барысы жөнінде айтып берді.

Президент Теңіз кен орны ауданындағы экологиялық жағдайды жақсартуға қатысты нақты тапсырмалар берді және елдің табиғатты қорғау туралы заңын мүлтіксіз сақтау қажеттігін атап айтты.




15 сәуір

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі «Самұрық» Қазақстан холдингі» АҚ басқармасының төрағасы Қ.А. Бозымбаевты қабылдады. Ол «Самұрықтың» 2015 жылға дейін дамытудың жаңа стратегиясын таныстырды.

Мемлекет басшысы Словакия Республикасының бұрынғы Президенті Р. Шустерді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан-Словакия экономикалық ынтымақтастығын дамыту туралы сөз болды.



Мемлекет басшысы Астана қаласының әкімі И.Н. Тасмағамбетовті қабылдады. Ол елорданың халықаралық тұсаукесерінің 10 жылдығын өткізудің тұжырымдамасымен таныстырды.

16 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің, орталық мемлекеттік органдары мен Ұлттық даму институттары басшыларының қатысуымен жұмыс кездесуін өткізіп, онда Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 жылға дейін стратегиясын жүзеге асырудың барысы туралы есептерін тыңдады.

Кездесу барысында Премьер-министр К.Қ. Мәсімов, Индустрия және сауда министрі В.С. Школьник,

Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Б.Т. Сұлтанов, «Қазына» Тұрақты даму қоры» АҚ басқармасының төрағасы А.Ф. Дунаев баяндама жасады.

Кездесуді қорытындылай келе, Президент Стратегияның негізгі міндеті — шикізат ресурстарына тәуелді емес балама экономика құру екендігін атап өтті. «Бұл экономикалық дамудың маңызды міндеті. Еліміздің келешегі осыған байланысты. Қазіргі уақытта Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы әртараптандырылған, экспортқа бағытталған және инновациялық экономиканы құруға бағыт алды. Экономиканы әртараптандыруда даму институттарының қызметі маңызды рөл атқарады әрі әлемдік қаржы жүйесінің жаһандық дағдарысы жағдайында өзінің маңыздылығын көрсетті», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Елбасы сондай-ақ Стратегияны жүзеге асыру жөніндегі жұмыстағы кемшіліктерді атап көрсетіп, тиісті түзетулер енгізуді тапсырды.

«Үкіметке стратегияны жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік органдардың жұмыстарын оңтайлы үйлестіру, «30 корпоративтік көшбасшы» бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды жүйелеу қажет. Жалпы алғанда, «30 корпоративтік көшбасшы» бағдарламасы ел экономикасының бәсекеге қабілетті салаларын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың жүйелік тетігі болуы керек», — деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев.

Президент сондай-ақ инвестициялық жобаларды жүзеге асыруда бизнес-қоғамдастыққа қолдау көрсетудегі «Қазына» тұрақты даму қоры» акционерлік қоғамы мен әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың рөлін күшейту міндетін қойды.



«Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 қарашадағы Қаулысымен қабылданған. Бағдарламаның мақсаты — Қазақстан Республикасындағы экономиканың шикізаттық емес секторын әртараптандыруды және экспорттық әлеуетін дамытуды қамтамасыз ететін қолданыстағы өндірістерді жаңғырту және жаңаларын салу болып табылады. Базалық тізбеге 45 серпінді жобалар енгізілді. Олардың ішінде 2007–2008 жылдары жалпы сомасы 1,5 миллиард доллардан асатын 7 жоба іске асырылды. Атап айтқанда, Павлодар облысындағы бастапқы алюминий шығару және электролиз зауытының бірінші кезектегі алғашқы іске қосу кешені, Ақтөбе облысындағы «Восход» кен орнының хром рудаларын байытатын кен байыту комбинаты, Қарағанды

облысындағы металлургиялық кремний өндіретін «Silicium Kazakhstan» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысындағы тантал ұнтақтарын шығару жөніндегі жоғары технологиялық өндіріс, «Солтүстік Қазақстан — Ақтөбе облысы» электр жеткізу желілерінің құрылысы, дайын тоқыма өнімдерін шығаратын өндіріс пайдалануға берілді.

Мемлекет басшысы Алматы қаласының әкімі А.С. Есімовті қабылдады. Қала әкімі қала дамуының басты бағыттары мен кезек күттірмейтін шаралар бағдарламасы туралы баяндады.

Мемлекет басшысы «F.I. Оразбақовты Қазақстан Республикасының Израиль Мемлекетіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №569 Жарлығына қол қойды.

17 сәуір


Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Қырғыз Республикасының Президенті Қ.С. Бакиевпен кездесті.

Екі елдің мемлекет басшылары шағын құрамдағы келіссөздер өткізді, содан кейін Қазақстан мен Қырғызстанның Жоғары мемлекетаралық кеңесінің мәжілісіне қатысты.

Отырыс барысында тараптар Ортаазиялық мемлекеттер одағын (ОАМО) құру перспективалары туралы пікір алмасты және бұл мақсатты ТМД, ЕурАзЭҚ және ҰҚШҰ аясындағы уағдаластықтар негізінде өңірлік деңгейде тереңірек ықпалдастыру арқылы кезең-кезеңмен жүзеге асыруды ұсынды. Осыған байланысты 2009 жылы Қазақстанда ОАМО құру бастамасына арналған халықаралық форум өткізу бойынша уағдаластыққа қол жеткізілді.

Сонымен қатар, тараптар су-энергетика саласындағы, көлік және коммуникация, тау-кен өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, туризм, инвестиция салаларындағы ынтымақтастықты жандандыру қажеттігін атап өтті. Одан басқа, тараптар Қазақстан мен Қырғызстанның шекаралық аумақтары тұрғындарының мемлекеттік шекараны кесіп өту тәртібі туралы үкіметаралық келісім жасау туралы уағдаласты.

Екіжақты ынтымақтастық мәселелерін жедел шешу мақсатында Жоғары мемлекетаралық кеңес құруға және оның отырыстарын жыл сайын екі елдің



премьер-министрлерінің төрағалық етуімен өткізуге шешім қабылданды.

Отырыс қорытындысы бойынша 2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының арасында Одақтастық қатынастар туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы Хаттамаға, Екіжақты ынтымақтастық жөніндегі 2008–2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына, Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасының Жоғарғы мемлекетаралық кеңесі және Сыртқы істер министрлері кеңесі туралы ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімге, Қазақстан-Қырғыз Үкіметаралық кеңесін құру туралы келісімге қол қойылды.

Отырыс аяқталғаннан кейін екі мемлекеттің басшылары бірлескен баспасөз конференциясына қатысып, журналистердің сұрақтарына жауап берді.



Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының Жоғарғы мемлекетаралық кеңесі (ЖМАК) екіжақты ынтымақтастықтың стратегиялық бағыттарын анықтауға және барлық түбегейлі мәселелерді жоғары деңгейде үйлестіру мен шұғыл шешуді қамтамасыз етуге бағытталған.

ЖМАК екі мемлекеттің президенттерімен басқарылады. Оның құрамына сондай-ақ екі елдің үкіметтері мен парламенттерінің басшылары кіреді.

18 сәуір

Мемлекет басшысы Біріккен Араб Әмірлігінің Президенті істері жөніндегі министрі шейх Мансұр бен Заид әл-Нахаянды қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен БАӘ арасындағы инвестициялық ынтымақтастық мәселелері талқыланды.



21 сәуір

Мемлекет басшысы өз өкімдерімен Қазақстанның ұлттық университеттерінің басшылығы қызметіне тағайындалған ректорларды қабылдады.

Жаңадан тағайындалған ректорлармен өткен кездесу барысында Президент аталмыш жоғары оқу орындарының белгілі бір артықшылықтары бар екендігіне баса назар аударды. Олар — барынша жоғары қаржыландыру, профессорлық-оқытушылық құрамының жалақысы, сондай-ақ жоғары білімді мамандар дайындауға мемлекеттік тапсырысты бөлу

кезіндегі артықшылық. Сондықтан да ұлттық жоғары оқу орындары бүкіл ел бойынша тиісінше қайтарымды қамтамасыз етулері тиіс.

Н.Ә. Назарбаев ұлттық жоғары оқу орындарының бәсекелестік басылымдықтарын дамыту, оқу процесінің сапасы мен қазақстандық білім берудің тиісті рейтингісін және мәртебесін арттыру, жоғары оқу орындарында сыбайлас жемқорлықпен күресті ымырасыз жүргізу, студент жастармен жұмыстар жүргізу міндеттерін алға қойды.

«Сіздердің басты мақсаттарыңыз — біздің қарқынды өсіп отырған экономикамыз үшін сапалы білімді және жоғары білікті кадрлар даярлау, жас буынды отансүйгіштік рухта тәрбиелеу», — деді Президент кездесуді қорытындылай келе.



Ректорлары Мемлекет басшысымен тағайындалатын және босатылатын ұлттық мәртебесі бар мемлекеттік жоғарғы оқу орындарының тізбесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 21 сәуірдегі Жарлығымен бекітілді. Оның құрамына 9 жоғарғы оқу орны кірді: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Қазақ ұлттық музыка академиясы, Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің төрағасы Қ.К. Кәрбозовты қабылдады. Ол Президентті кедендік шаруалардың қазіргі таңдағы жағдайымен таныстырды.

Н.Ә. Назарбаев кеден органдарының жұмысын оң бағалады және кеден жұмысын жалпы дамыту мен жетілдіруге бағытталған бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №571, «Бірінші басшыларын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын мемлекеттік

жоғары оқу орындарының мәселелері туралы» №573 жарлықтарына қол қойды.

22 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты қарым-қатынастардың жағдайы мен келешегі, сондай-ақ екі тараптың өзара мүдделі халықаралық және аймақтық саясат мәселелері талқыланды.

Атап айтқанда, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың одан әрі қарқын алу мәселелері, еркін сауданың толық ауқымды аймағын қалыптастыру, екі мемлекеттің астаналарында бизнес-орталықтары мен сауда өкілдіктерін ашу, орталық азиялық өңірдің су энергетика ресурстарын бірлесіп пайдалану және Орталық Азия елдерінің Су энергетика консорциумын құру, қазақ және өзбек диаспораларының ана тілдерінде білім алуы үшін қолайлы жағдайлар жасау, екі елдің шығармашылық орталарындағы байланыстарды жандандыру және тағы басқа мәселелер талқыланды.



Мемлекет басшысы «2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» №26-IV, «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің темір жолдарын техникалық бүркемелеудің бірыңғай жүйесін құру туралы келісімді және 2003 жылғы 28 сәуірдегі Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің темір жолдарын техникалық бүркемелеудің бірыңғай жүйесін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» №27-IV заңдарына қол қойды.

23 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанда ресми сапармен жүрген Өзбекстан Президенті И.А. Каримовпен бірге Астана қаласындағы бірқатар нысандарды аралап көрді.

Н.Ә. Назарбаев пен И.А. Каримов «Мега Центр» сауда, ойын-сауық орталығында және Республикалық

нейрохирургиялық ғылыми орталығында болды. Ғылыми орталықта жансақтау бөлімі, интенсивті емдеу бөлімі, ота жасау бөлімдері мен науқастарға арналған бөлмелерді аралап көрді.



«Мега Центр» сауда, ойын-сауық орталығы жалпы ауданы 35 мың шаршы метрді алып жатқан төрт қабатты ғимарат. Онда гипермаркет, «Бэбилон» балалар паркі, кинотеатрлар, 10 дәмхана мен мейрамханалар, 12 метрлік скалодром, 70 сауда бутиктері орналасқан.

Республикалық нейрохирургиялық ғылыми орталығы Астанада құрылып отырған медицина кластерінің 6 нысанының бірі. Медицина кластерінің құрамына сондай-ақ Республикалық диагностикалық орталық, Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы, Республикалық балаларды оңалту орталығы, Республикалық медициналық жедел жәрдем ғылыми орталығы және Республикалық кардиохирургиялық орталық кіреді.

Орталық заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған және 160 орынға арналған. Бір жылда орталық дәрігерлері үш мыңға жуық емделушілерді қабылдап, екі мыңға жуық операциялар жасай алады.

Мемлекет басшысы «Біріккен Ұлттар Ұйымының Теңіз арқылы жүк тасымалдау туралы 1978 жылғы конвенциясын ратификациялау туралы» №28-IV Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ қатар «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы №1270 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №575 Жарлығына қол қойды.

24 сәуір

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен VII Еуразиялық медиа-форумына қатысты.

Форум қонақтары мен қатысушыларының алдында сөз сөйлеген Н.Ә. Назарбаев әлемдік экономиканың дамуы мен жаһандық сәйкессіздіктерді еңсеруді тұрақтандыруға мүмкіндік беретін халықаралық кооперациялардың жаңа нысанын әзірлеуге қатысты батыл қадам жасау туралы көпшілік қатысушылардың ұстанымын қолдады. «Бүгін барлық елдерден, әлемдік тарихта еш уақытта болмаған, жаңа тәртіп орнатуға деген жауапкершілік қажет. Әлемдік қоғамдастықтың құзыретіне сай оның мүмкіндіктерін халықаралық құқық пен әр мемлекеттің рөлі мен жауапкершілігі тұрғысынан қайтадан бағамдау қажеттілігі туып отыр», — деді Президент (Қосымшаны қараңыз).





Еуразиялық медиа-форумды құру туралы бастаманы көтерген «Хабар» ұлттық ақпараттық агенттігі болып табылады. Форум Қазақстанда 2001 жылы «Еуразиялық медиа-форум» Қоры коммерциялық емес үкіметтік емес ұйымы ретінде ресми түрде тіркелген.

Форумның басты мақсаты қазіргі заманғы дамудағы әлемдік мәселелер бойынша саясаткерлер, журналистер мен сарапшылардың еркін және ашық пікір алысуларына жағдай жасау және оларға БАҚ тарапынан әсер ету болып табылады.

Алғашқы медиа-форум 2002 жылдың сәуір айында болып өтті.

Мемлекет басшысы VII Еуразиялық медиа-форумға келген бірқатар қонақтармен және қатысушылармен кездесті. Олардың ішінде — АҚШ Президентінің ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі бұрынғы кеңесшісі З. Бжезинский, ЕҚЫҰ бас хатшысы М.П. де Бришамбо, БҰҰ Бас Ассамблеясының төрағасы С. Керим, «МИР» Мемлекетаралық телерадиокомпаниясының төрағасы Р. Батыршин, «ИТАР-ТАСС» ақпараттық агенттігінің басшылары В.Н. Игнатенко және М.С. Гусман бар.

Сол күні Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі, Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарының жұмысын реттеу және қадағалау агенттігі (ҚНА) және Алматы өңірлік қаржы орталығының (АӨҚО) қызметін реттеу агенттігінің 2007 жылғы жұмыс нәтижелері жөніндегі есептеріне арналған кеңесті өткізді.

Ұлттық банк төрағасы Ә.Ф. Сәйденов инфляцияны тежеу мен елдегі қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы баяндады.

ҚНА төрайымы Е.Л. Бахмутова өз баяндамасында екінші деңгейлі банктердің активтері мен несиелік жиынтықтың өсу қарқыны біршама бәсеңсігені жөнінде және қаржылық тұрақтылықты бағалау жүйесін әзірлеуге қатысты агенттікпен қабылданған іс-шаралар жөнінде айтып өтті.

АӨҚО қызметін реттеу агенттігінің төрағасы А.К. Арыстанов агенттіктің елдің қаржы нарығын жандандыруға, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға қатысты жүргізілген жұмыстары жөнінде баяндады.



Мемлекет басшысы өз сөзінде мемлекеттік органдардың әлемдік қаржылық дағдарыс жағдайындағы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөлдерін жалпы оң бағалады. Сонымен қатар ол 2008 жылға арналған бірінші кезектегі міндеттер — инфляцияны төмендету, банк жүйесіндегі жағдайлардың дамуын мониторингтеуді күшейту, банктік қадағалауды күшейту, сондай-ақ отандық қаржы нарығына жаңа эмитенттерді, яғни құнды қағаз шығарушылар мен инвесторларды тарту жұмысын жандандыру қажеттілігіне баса көңіл бөлді.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №576, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №577 жарлықтарына қол қойды.

27 сәуір

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Әулие Вознесенск кафедралды соборында болып, Қазақстанның православиелік христиандарын Жарқын Христос мерекесімен құттықтады.

«Жақыныңды құрмет тұту, бір-біріңді сыйлау, ұлтаралық және дінаралық келісім сияқты адамзаттың мәңгілік қасиеттерін тірек ете отырып, біз Қазақстанды тұрақты мемлекет ретінде құра білдік. Біз экономикамызды өркендету арқылы ел азаматтарының игілігінің артуына барлық жағдайды жасап келеміз. Ел ішіндегі келісім мен бейбітшілік, шекаралас елдермен арамыздағы сенім және барлық көршілес елдермен достық қатынастар — бейбіт Қазақстан құру үшін және ұрпақтарымыз үшін ең керегі осылар. «Мен, Мемлекет басшысы ретінде Пасха және басқа да діни мейрамдардың көпұлтты Қазақстанда бейбітшілік пен келісім жағдайында аталып өтілуіне мүмкіндік беретін теңдік саясатын жүргізе беретін боламын», — деді Президент.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның православиелік шіркеуіне, Астаналық және Алматылық Митрополит Мефодийге және барлық шіркеу қызметкерлеріне ортақ Отанымыз — Қазақстан Республикасының өркендеуі жолында өзара келісім мен достықты нығайту бағытында атқарып жатқан қызметтеріне алғысын айтты.



28 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Б.Ә. Жылқышиевті қабылдады. Ол жергілікті жерлерде өзін-өзі басқаруды реформалау мәселесі жөнінде бірқатар ұсыныстар енгізді.



Мемлекет басшысы Астана қаласындағы бірқатар нысандардың құрылыс барысымен танысты.

Атап айтқанда, Президент Тәуелсіздік сарайы ғимаратын, «Қазақ елі» монументін және жабық стадионды аралап көрді.



Тәуелсіздік сарайы ірі халықаралық форумдар өткізуге арналған. Оның жалпы ауданы — 42 мың шаршы метр. Сарайдың бас залы 4500 орынға арналған, сондай-ақ ғимаратта бірнеше конференц-залдар, 700 орындық мейрамхана және баспасөз конференциясын өткізуге арналған зал орналасқан. Сарайдың екінші қабатында сурет галереясы мен көрме павильондары орналастырылған. Үшінші қабатта Астана қаласы тарихының мұражайын орналастыру жоспарланып отыр.

«Қазақ елі» монументінің орталық элементі — биіктігі 91 метрлік бедер тақта, одан кейін 120 метрлік ұстын тізбек орналастырылған. Осында қазақ халқының азаттық жолындағы сан ғасырлық күресінде тарих жадында мәңгі есімдері қалған халқымыздың тарихи тұлғаларының мүсіндік топтары орналастырылмақ.

30,8 мың орынға арналған жабық футбол стадионының жылжымалы шатыры бар, жылдың барлық мезгілдерінде футбол және басқа да спорт түрлерінен жарыстар өткізуге мүмкіндік береді және УЕФА-ның барлық талаптарына сай келеді.

29 сәуір

Мемлекет басшысы «Ү. Жетенов туралы» №578 Жарлығына қол қойды.

30 сәуір

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік наградалар мен мерекелік медальдардан, арнаулы және әскери атақтар мен дипломатиялық дәрежелерден айыру туралы» №579 Жарлығына қол қойды.

МАМЫР



Дс		5	12	19	26
Сс		6	13	20	27
Ср		7	14	21	28
Бс	1	8	15	22	29
Жм	2	9	16	23	30
Сн	3	10	17	24	31
Жк	4	11	18	25	



1 мамыр

Мемлекет басшысы Ақмола облысында жұмыс сапарымен болды.

Н.Ә. Назарбаев Көкшетау қаласындағы Абылайхан алаңында барлық қазақстандықтарды Қазақстан халықтарының бірлігі күнімен құттықтады.

«1 мамыр — бүкіл елімізде, әр қала мен ауылда тойланатын жалпыхалықтық мереке. Тәуелсіздік алғаннан бері мереке жаңа әрі терең мазмұнға толды. Қазақстан халықтарының бірлігі күні біздің берік достығымыз бен тұтастығымыздың, адал ниетіміз бен мақсат-мүддеміздің бірлігінің символына айналды. Бізде бірлескен болашақты құру жөніндегі аса үлкен жоба бар. Ол — барша қазақстандықтардың ортақ Отаны — өркендеген, ынтымақ-берекесі асқан Қазақстанды құру жобасы», — деді Президент.

Мемлекет басшысы ақмолалықтардың ел экономикасына қосқан маңызды үлестерін атап өтті және облыс жұртшылығын мерекемен құттықтап, бейбітшілік пен игілік, береке-бірлік тіледі.



4 мамыр

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының «Қазақстан Республикасы прокуратура органдарында қызмет атқару туралы, Қазақстан Республикасы прокуратурасы қызметкерлерінің кластық шендері мен әскери атақтары туралы ережені бекіту туралы» қаулысының күші жойылды деп тану туралы» №29-IV, «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» №30-IV, «Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы» №31-IV заңдарына қол қойды.

5 мамыр

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшілер — Румынияның елшісі Е. Рапчандан, Түрікменстанның елшісі Қ. Қасымовтан, Чехия Республикасының елшісі Б. Копецкиден, Түркия Республикасының елшісі А. Гюнайдан сенім грамоталарын қабылдады.

Президент елшілерді дипломатиялық миссияларының ресми басталуымен құттықтады және олардың



қызметі Қазақстанмен қарым-қатынастардың одан әрі нығаюына ықпал ететініне сенім білдірді.

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жаңа әкімшілік ғимаратын аралап көрді.

Президент Комитет қызметкерлерін қазіргі заманға сай жарақтандырылған ғимаратқа көшуімен құттықтап, ҰҚК өзіне жүктелген міндеттерді, атап айтқанда лаңкестік пен экстремизмге қарсы күресті, елдің ақпараттық және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, мемлекеттік шекараны қорғауды тиімді атқарып отырғанын атап өтті. «Отан қорғаушылар күні және Жеңіс мерекесі қарсаңында мен ҰҚК-нің бір топ қызметкерлерін жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттадым. Сіздерге алғыс білдіремін және біздің Отанымыз — Қазақстан Республикасына қызмет етуде табыс тілеймін», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Мемлекет басшысы «Жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер беру туралы» №580 Жарлығына қол қойды.

6 мамыр

Мемлекет басшысы Астана қаласында орналасқан әскери бөлімде болды.

Ұлы Отан соғысының және еліміздің Қарулы Күштерінің ардагерлерімен, шетелдік мемлекеттердің әскери-дипломатиялық корпусының өкілдерімен болған салтанатты жиында Президент жуырда құрылған 12-ші механикаландырылған бригаданың командиріне жауынгерлік ту тапсырды.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев әскери техниканың жаңартылған үлгілерімен танысты. Президентке осы заманғы танктер үлгісі, жаяу әскерлердің әскери машинасы мен бронды транспортерлер таныстырылды, сондай-ақ «Айбат», «Найза», «Семсер» артиллериялық жүйелерінің жаңа үлгілері көрсетілді. Елбасы байланыс құралдарын, тыл жабдықтары мен мүліктерін, техникалық қамтамасыз етілуді және арнайы әскерлерді аралап шықты, сонымен қатар ұшқышсыз ұшу аппараттарының жұмысымен танысты.



Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Конгресс-холлда Отан қорғаушылар күніне орай өткен мерекелік концертті тамашалады.

Мемлекет басшысы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне толықтыру енгізу туралы» №32-IV Заңына қол қойды.


Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы астанасының 10 жылдығы құрметіне арналған мерекелік медаль туралы» №581 Жарлығына қол қойды.

7 мамыр

Мемлекет басшысы «Ақорда» астаналық резиденциясында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, арнаулы қызметтің, құқық қорғау органдарының, прокуратура органдарының, Төтенше жағдайлар министрлігінің бір топ өкілдеріне мемлекеттік наградалар мен әскери ерекшелік белгілерін табыс етті.

Президент Ирактағы халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі операцияларға қатысып, ерекше танылған Қорғаныс министрлігінің әскери қызметкерлерін, Төтенше жағдайлар министрлігінің қызметкерлерін, Алматы халықаралық әуежайының күзет қызметінің қызметкерлерін қызметтік міндеттерін атқару кезінде көрсеткен ерліктері мен батырлықтары үшін ордендермен және медальдармен марапаттады.

Сонымен бірге Н.Ә. Назарбаев Астана қаласында тұратын Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне «Астананың 10 жылдығы» мерекелік медалін табыс етті. Олардың ішінде — Қ. Абитов, Қ. Бекенов, М. Бутенко, Қ. Жексенбаев, Ғ. Зарипов, Х. Қариев, Н. Нагорняк, Б. Табешов, Қ. Тоқабаев, А. Фроловтар бар. «Сіздерді мерейтойлық медальдармен марапаттай отырып, біз аға ұрпақтарға — Жеңімпаз ұрпақтарға зор құрмет көрсетеміз. Сіздердің жеңістеріңіз бен аянбас еңбектеріңіз болмаса, Қазақстанның бүгінгі табыстары да болмас еді. Біз ата-бабамыздың ізгілікті ерліктерін, батырлықтары мен жеңістерін елімізде сақтап қалу үшін барлық мүмкіндіктерді жасаймыз. Оның жарқын дәлелі — бүгінгі қазақстандық ұрпақтарымыздың



ерен ерліктері», — деп атап көрсетті Мемлекет басшысы ардагерлерге арнап сөйлеген сөзінде.

Салтанатты рәсімнің соңында Президент Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Президенттің Күзет қызметінің, Бас прокуратураның, Қорғаныс, Ішкі істер, Әділет және Төтенше жағдайлар жөніндегі министрліктерінің өкілдеріне жоғары әскери және арнайы атақтардың, сыныптық шендердің ерекшелік белгілерін тапсырды.



«Астананың 10 жылдығы» мерейтойлық медалі 2008 жылы Қазақстан Республикасы астанасы — Астана қаласының 10 жылдық мерейтойының құрметіне шығарылған. Онымен Қазақстан Республикасы мен оның елордасының қалыптасуы мен дамуына қарымды үлес қосқан қазақстандық және шетелдік азаматтар марапатталады.

Мемлекет басшысы Ауған соғысы ардагерлері ұйымдары қауымдастығының төрағасы Б. Смағұлды қабылдады. Ол Президентке Б. Момышұлының 90 жылдығына арналған Естелік құрмет белгісін тапсырды.

Кездесу барысында ардагерлер ұйымының жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудегі рөлі, Ауған соғысының ардагерлерін әлеуметтік қорғау, Совет әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 20 жыл толуына арналған іс-шаралардың өткізілуі мәселелері талқыланды.



Мемлекет басшысы «Ж.С. Кәрібжанов туралы» №582, «Ә.С. Бергеневті Шығыс Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №583 жарлықтарына қол қойды.

8 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерімен жұмыс кеңесін өткізді. Онда денсаулық сақтау және білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылу барысы талқыланды.

Кеңесте Денсаулық сақтау министрі А.Г. Дерновой мен Білім және ғылым министрі Ж.К. Түймебаев баяндама жасады.

А.Г. Дерновойдың Денсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының орындалу барысы

туралы есебін тыңдай келе, Президент оны жүзеге асырудағы бірқатар кемшіліктерге назар аударды, оның ішінде ана мен бала өлімінің, жүрек-қантамыр ауруларының, туберкулез, онкологиялық аурулар мен жарақат алу ауруларының алдын алу бойынша жұмыстардың бәсеңдігін атап көрсетті. Н.Ә. Назарбаев Үкіметке денсаулық сақтау саласындағы жобаларды іске асыруда мемлекеттік-жеке серіктестіктер тетіктерінің қолданылуын жандандыруды, дәрі-дәрмектерді дистрибуциялау мен медициналық жабдықтарды сатып алуда халықаралық тәжірибені ендіру жолымен дәрі-дәрмектерді сатып алудың тиімділігі мен қауіпсіздігі мәселесін шешуді, салауатты өмір салтының құндылықтарын насихаттауды күшейтуді, бұқаралық және балалар спортының дамуына баса назар аударуды, Темекі шегуді шектеу туралы заң нормаларын іске асыруға тиімді бақылау жасауды қамтамасыз етуді, қоғамдық орындарда, мектеп аумағында және басқа да оқу орындарының аумағында темекі шегуге тыйым салуды тапсырды және осы жұмыстарға аталған ұйымдардың басшыларының әкімшілік жауапкершілігін күшейтіп, кешкі және түнгі мезгілде ішімдіктің сатылуын заң жүзінде шектеу қажеттігін тапсырды.

Ж.К. Түймебаевтың Білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының алғашқы кезеңі мен 2009–2011 жылдарға арналған жұмыстардың басты бағыттарының іске асырылуы туралы есебін тыңдаған соң, Президент Үкіметке және әкімдерге мектепке дейінгі мекемелердің құрылысын салуға инвестициялар тарту бойынша нақты шаралар қабылдауды, ауыл мектептеріне ерекше назар аударатырып, мектептердің материалдық-техникалық базасын күшейтуді, үш ауысымдық оқытуды тоқтатуды, халықаралық стандарттарға сай сапалы білім беру процесін қамтамасыз етуді тапсырды.

Мемлекет басшысы сонымен қатар Білім және ғылым министрлігіне жоғарғы білім беру саласына отандық жоғарғы сапалы білімнің халықаралық бағасын ендіруді, Ұлттық бірыңғай тестілеу тетіктерін нақтылауды, оқу әдебиеттері мен оқу бағдарламаларының халықаралық стандарттарға сәйкестігіне тексеру жүргізуді тапсырды.

Кеңес қорытындысы бойынша Президент Үкіметке қазақстандықтардың өмір сапасын түбегейлі өзгерту және экономикалық өсуді жеделдету мақсатында

денсаулық сақтау мен білім берудің ұзақмерзімді бәсекеге қабілетті үлгілерін жасап, Президент қарауына ұсынуды тапсырды.

9 мамыр

Мемлекет басшысы Астана қаласында Жеңіс күніне орай өткен мерекелік шараларға қатысып, Отан қорғаушылар монументіне гүл шоғын қойды, майданда қаза тапқан жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды және барша қазақстандықтарды Жеңіс күнімен құттықтады.

Ресми салтанат аяқталғаннан кейін, Президент соғыс ардагерлері қатарын аралап шығып, оларды Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 63 жылдық мерекесімен құттықтады. «Біз соғыста қаза тапқандарды мәңгілік жадымызда сақтаймыз. Егер сол Отан үшін жанын қиғандар болмаса, Кеңес Одағы ғана емес, бүкіл Еуропа мен Азияның көптеген елдерінде де бейбіт күндер болмас еді. Бүгін соғыс ардагерлеріне салтанатпен құрмет көрсету күні. Олар ауыр майдан жолдарымен жүріп, қызу еңбекке белсене араласып кетті және Қазақстанның қазіргі қуатты экономикасының негізін салды», — деп атап айтты Н.Ә. Назарбаев.



11 мамыр

Мемлекет басшысы Қызылорда облысында жұмыс сапарымен болып, Қорқыт ата әуежайын қайта жөндеу жобасымен танысты. Содан кейін Қазақстанның Тұңғыш Президенті саябағына барып, ағаш отырғызу рәсіміне қатысты, сондай-ақ «Сырдария өзенінің жағасын нығайту мен Қызылорда қаласының маңындағы су бөгеттерін қайта жөндеу» жобасымен танысты. Мемлекет басшысына сондай-ақ «Сырдария өзенінің арнасын реттеу мен Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасының екінші кезеңіне әзірлік барысы жайы баяндалды.

Кейін Н.Ә. Назарбаев Қызылорда облыстық медицина орталығын аралап көрді, мұнда оған «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасының жүзеге асыру барысы туралы есеп берілді, сондай-ақ телемедицина және электрондық карталау жобасы таныстырылды. Аталған жобаны жүзеге асыру облыстың барлық аудандары мен облыстық медицина орталығының Астана, Алматы және алыс шетелдердегі академиялық орталықтармен тікелей байланыс орнатуына мүмкіндік береді.

12 мамыр

Мемлекет басшысы Қызылорда облысына жұмыс сапары барысында облыс мәслихатының отырысына қатысып, облыс әкімі қызметіне тағайындау үшін Б.Б. Қуандықовтың кандидатурасын депутаттардың қарауына ұсынды.

Облыстық мәслихат сессиясының шешімімен Қызылорда облысының әкімі қызметіне Б.Б. Қуандықовты тағайындауға келісім берілді.



Мемлекет басшысы Қызылорда облысының активімен кездесіп, жаңа тағайындалған облыс әкімі Б.Б. Қуандықовты таныстырды.

Сөйлеген сөзінде Президент Қазақстанның дамудың жаңа сатысына қадам басқанын айтты. Оның Жолдауда көрсетілген басты бағыттары — елдің тұрақты дамуы мен халықтың әл-ауқатын қамтамасыз ету. Қызылорда облысы барлық басты бағыттар бойынша қарқынды дамып келеді әрі алға қойылған жоспарларды іске асыру үшін жеткілікті әлеуетке ие.

Өңірлік экономиканы дамыту басымдықтары қатарында Н.Ә. Назарбаев күріш шаруашылығы мен жеміс-көкөніс өнімдерінің өндірісін тірек еткен аграрлық секторды, сондай-ақ уран кен орнын игеруді атады. Президент көп бөлігі облыс аумағының үстімен өтетін Сырдария өзенінде Көксарай су реттегішін салу, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистралды газ құбырының және «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» халықаралық автомагистралының құрылысын салу жобаларын іске асырудың маңыздылығын атап көрсетті.

Кездесуді қорытындылай келе, Мемлекет басшысы М.А. Құл-Мұхаммедтің Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі болып тағайындалғанын хабарлады.

Мемлекет басшысы Қызылорда облысының келешегі зор инвестициялық жобаларымен танысты. Олардың қатарында — уран кенішін игеру, Жаңақорған ауданындағы «Шалқия» кен орнында қорғасын-мырыш кен байыту фабрикасының құрылысын салу, «Қоныс-Құмкөл», «Арыс-Құмкөл» мұнай құбырларының, шыны зауытының, газды пайдалану кешенінің, керамикалық кірпіш



шығаратын, ванадий кенін өндіретін, құбырлар мен түрлі диаметрлердегі поливинилхлоридтер өндіретін зауыттардың құрылыстарын салуды атауға болады.

Мемлекет басшысы Қызылорда облысының ауыл шаруашылығын дамытуға өз кезінде зор үлес қосқан және Социалистік Еңбек Ері атағына ие болған ардагер-әйелдер — С. Жұмабековаға, Ш. Қазанбаеваға, Ж. Таспамбетоваға жаңа пәтерлердің кілтін салтанатты түрде табыс етті.

Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласына аттанып, Қазақстанға ресми сапармен келген Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмонмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың жай-күйі мен перспективалары талқыланды.

Тараптар экономикалық ынтымақтастықты одан әрі арттыра түсу мақсатында гидроэнергетика, ауыл шаруашылығы, тау-кен өнеркәсібі, көлік инфрақұрылымы және басқа да салалардағы перспективалық жобаларды іске асыру үшін 100 млн. доллардан тұратын жарғылық капиталы бар Қазақстан-Тәжік инвестициялық қорын құруға шешім қабылдады.

Тараптар екіжақты ынтымақтастықтың стратегиялық міндеттерін неғұрлым тиімді шешу мақсатында екі елдің Мемлекетаралық Үйлестіру Кеңесін және Сыртқы істер министрлерінің Кеңесін құру туралы уағдаласты. Сондай-ақ сауда-экономикалық саладағы жаңа жоспарлар мен жобалар белгіленген екі елдің Үкіметтері арасындағы экономикалық ынтымақтастық Бағдарламасы және 2008–2010 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Іс-шаралар жоспары қабылданды.

Келіссөздер барысында өңірдің су-энергетикалық ресурстарын тиімді пайдалану мәселесі маңызды тақырыпқа айналды. Осы орайда тараптар ЕурАзЭҚ аясында Орталық Азия өңірінің су-энергетикалық ресурстарын тиімді пайдалану тұжырымдамасын жедел түрде қабылдау және түбінде Халықаралық су-



энергетикалық консорциумын құру қажеттігін атап өтті.

Тараптар ЕурАзЭҚ, ШЫҰ, ҰҚШҰ, АӨСШК сияқты халықаралық ұйымдар аясында екі елдің өзара іс-қимылын тереңдетуге қолдау білдірді, сондай-ақ халықаралық терроризм, діни және басқа да экстремизмге, есірткі трафигіне, трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа және басқа да қатерлерге қарсы күресте ынтымақтастықты нығайтуға әзір екендіктерін қуаттады.

Келіссөздер барысында мәдениет пен білім беру саласындағы өзара іс-әрекетке баса назар аударылды.

Сапардың қорытындысы бойынша Н.Ә. Назарбаев пен Э.Ш. Рахмон Бірлескен мәлімдеме қабылдады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы және Тәжікстан Республикасы Мемлекетаралық Үйлестіру Кеңесін және Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы Сыртқы істер министрлерінің Кеңесін құру туралы Меморандумға қол қойды.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Тәжікстан Республикасы Ауыл шаруашылығы және табиғатты қорғау министрлігі арасында табиғатты қорғау саласындағы, «Қазақстан-Тәжікстан тікелей инвестициялар қоры» АҚ құру туралы келісімдерге қол қойылды. Сондай-ақ энергетика және минералдық ресурстар министрліктері арасындағы өзара түсіністік туралы, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жастар, спорт және туризм жөніндегі Комитет арасындағы ниеттер туралы; Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен Тәжікстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет басқармасы арасында мемлекеттік қызметті дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы ведомствоаралық меморандумдарға қол қойылды.

Келіссөздер аяқталғаннан кейін екі мемлекеттің басшылары журналистердің сауалдарына жауап берді.

Мемлекет басшысы «Е.Қ. Ертісбаев туралы» №584, «М.А. Құл-Мұхаммедті Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі қызметіне

тағайындау туралы» №585, «Б.Б. Қуандықовты Қызылорда облысының әкімі, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі қызметіне тағайындау туралы» №586, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы №3827 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» №587 жарлықтарына қол қойды.

13 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстанда ресми сапармен жүрген Тәжікстан Президенті Э.Ш. Рахмонмен бірге Астана қаласының бірқатар нысандарын аралап көрді.

Н.Ә. Назарбаев пен Э.Ш. Рахмон «Сарыарқа» сауда, ойын-сауық кешенінде және Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығында болды.



Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы Астана қаласында құрылған медициналық кластердің 6 нысанының бірі. Медицина кластерінің құрамына сондай-ақ Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы, Республикалық диагностикалық орталық, Республикалық балаларды оңалту орталығы, Республикалық медициналық жедел жәрдем ғылыми орталығы және Республикалық кардиохирургиялық орталық кіреді.


Мемлекет басшысы Литва Республикасының Премьер-министрі Г. Киркиласты қабылдады.

Кездесу барысында екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту мәселелері, сондай-ақ Литва аумағында инвестициялық жобаларды іске асыруға, атап айтқанда Вильнюс, Каунас және Клайпеда қалаларында үш ірі логистика орталықтарының құрылысын салуға Қазақстанның қатысуы талқыланды.



Мемлекет басшысы Корея Республикасының Премьер-министрі Хан Сын Суды қабылдады. Премьер-министр Н.Ә. Назарбаевқа Корея Республикасы Президенті Ли Мён Бактың жолдауын табыс етті. Жолдауда Оңтүстік Кореяға ресми сапар жасауға қатысты шақыру бар. Нұрсұлтан Назарбаев шақыруды ықыласпен қабыл алып, өз кезегінде Астанаға Корея Президенті Ли Мён Бакты да ресми сапармен келуге шақырды.

Кездесу барысында екі ел арасындағы экономикалық өзара іс-әрекет мәселелері, оның



ішінде корейлық бизнестің Қазақстандағы жаңа инновациялық өндірістер мен технологияларды құруға қатысуы талқыланды.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Д.А. Медведевпен телефон арқылы сөйлесті.

Н.Ә. Назарбаев Д.А. Медведевті Ресей Федерациясының Президенті лауазымындағы белсенді қызметінің басталуымен және елдің жаңа Үкіметінің жасақталуымен құттықтады, сондай-ақ алдағы 2008 жылдың 22 мамырында Ресей Президентінің Қазақстанға ресми сапармен келуіне байланысты жекелеген мәселелерді талқылады.

Мемлекет басшысы «М.Х. Мубаракты «Алтын Қыран» орденімен наградтау туралы» №588 Жарлығына қол қойды.

14 мамыр

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы «Жас Отан» жастар қанатының I съезіне қатысты.

Съезд делегаттарының алдында сөйлеген сөзінде Президент «Жас Отан» жастарды әлеуметтендірудің, жас ұрпақтың бойында прогресшіл түсініктер мен осы заманғы құндылықтарды қалыптастырудың басты тетіктерінің бірі болуы қажеттігін айтты. Осыған байланысты жастар қанаты патриоттық құндылықтар мен прогресс мақсаттарының, дені сау ұлт қалыптастыру идеясын насихаттаудың, мемлекеттік басқару жүйесі, бизнес пен қоғамдық қызмет саласы үшін осы заманғы және тиімді басқарушылардың жаңа генерациясын қалыптастырудың негізінде ел жастарын топтастыруға күш салуы керек.

Сөз соңында Н.Ә. Назарбаев ел Президентінің жанынан жастар саясаты жөнінде арнаулы Кеңес құруға шешім қабылдағанын жариялады және Үкіметке жастар саясатының біртұтастығын қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеуді тапсырды.



Мемлекет басшысы Абу-Дабидің мұрагер ханзадасы шейх Мұхаммед бен Заид әл-Нахаянмен кездесті.

Кездесу барысында мұнай-газ және инвестиция салаларындағы екіжақты ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, Қазақстан-әмірлік тікелей инвестициялар қорын құру, мұнай-химия кешенінің құрылысын салу жайы, Абу-Даби қорының Қазақстандағы қызметі, «Ақтау Сити» және «Абу-Даби — Плаза» жобалары мен басқа да бірқатар бірлескен ірі жобаларды жүзеге асыру мәселесі әңгіме болды.



Мемлекет басшысы «Ядролық терроризм актілерімен күрес туралы халықаралық конвенцияны ратификациялау туралы» №33-IV Заңына қол қойды.

15 мамыр

Мемлекет басшысы «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының жаңа кеңсесін аралап көрді. Партия кеңсесінің ғимараты Астана қаласындағы «Сулы-жасыл-желекті бульварда» әкімшілік-тұрғын үй кешенінде орналасқан.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 2007 жылғы есебін бекіту туралы» №589, «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде әскери-экономикалық ынтымақтастық барысында алынған және пайдаланылатын зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтарды өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы» №590, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі №314 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №591, «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы әскери-экономикалық ынтымақтастық саласындағы жарнама-көрме қызметі аясындағы өзара іс-қимыл туралы келісімді бекіту туралы» №592, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №593 жарлықтарына қол қойды.

17 мамыр

Мемлекет басшысы Таяу Шығыс жөніндегі Дүниежүзілік экономикалық форум (Давос) жұмысына қатысу үшін Египеттің Шарм әл-Шейх қаласына келді.

Сол күні Мемлекет басшысы Египет Араб Республикасының Президенті М.Х. Мубаракпен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқының атынан және жеке өз атынан М.Х. Мубаракты 80 жылдық мерейтойымен құттықтап, екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға қосқан зор үлесі үшін «Алтын қыран» орденімен марапаттады.

Өз кезегінде М.Х. Мубарак Н.Ә. Назарбаевқа өз елінің ең жоғарғы наградасы — «Ұлы Ніл» орденін табыс етті.

Кездесу барысында тараптар өңірлік және халықаралық проблемалар бойынша пікір алмасып, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейту мәселелерін талқылады.



«Алтын қыран» ордені Қазақстан Республикасының ең жоғарғы дәрежелі ерекшелік дәрежесі болып табылады. 1995 жылдан бастап тағайындалып келеді.

Онымен қазақстандық және шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша мемлекеттік қызметі үшін марапатталады. Орден жұлдыздан (1-сурет) және ілмекті алқалық белгіден (2-сурет) тұрады.

«Ұлы Ніл» орденімен (3-сурет) Египет мемлекеті алдындағы айрықшы қызметі және екіжақты қарым-қатынастарды дамытқаны үшін шетел мемлекеттерінің басшылары марапатталады.

18 мамыр

Мемлекет басшысы Египет Араб Республикасының Шарм әл-Шейх қаласында өткен Таяу Шығыс жөніндегі Дүниежүзілік экономикалық форумының жұмысына қатысты.

Форумға 60 елден қатысқан 1,5 мың қатысушылардың ішінде 15 мемлекет және үкімет басшылары, 80-нен астам министрлер, ірі бизнесмендер мен қоғам қайраткерлері, сонымен қатар Америка Құрама Штаттары Президенті Дж. Буш, Иордания Королі Абдалла II бен Хусейн, Таяу Шығыстағы «Төрттіктің» (БҰҰ, ЕО, АҚШ және РФ) арнайы өкілі Т. Блэр, МАГАТЭ бас директоры М. әл-Барадеи, Дүниежүзілік банктің президенті Р. Зеллек бар.

Қатысушылардың талқылаған тақырыптары саясат мәселелері (Израиль-Палестина шиеленісін реттеу), сондай-ақ әлемдік қаржы дағдарысын жоюдың, мұнай ресурстарын тиімді пайдаланудың, әлеуметтік



кәсіпкерлікті дамытудың, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жолдарын жасауға бағытталған экономикалық тақырыптар болды.



Мемлекет басшысы Дүниежүзілік экономикалық форумның төрағасы К. Швабпен кездесті.



Мемлекет басшысы Таяу Шығыс жөніндегі Дүниежүзілік экономикалық форум аясында қазақстандық тараппен ұйымдастырылған Қазақстандық кешті ашты.

Қонақтар алдында сөз сөйлеген Қазақстан Президенті осы форумның құндылығы оның осы заманғы күрделі сынақтарға сайма-сай жауаптар қалыптастыру үшін өңірдің қуатты саяси, іскерлік және интеллектуалдық әлеуетін тартқандығы болып табылатындығын айтты. «Менің форумға және бүгінгі кешке қатысуым — Қазақстанның Таяу Шығыс елдерімен нағыз достық қатынастарының жарқын мысалы және ең тиімді ынтымақтастық пен өзара ықпалдастыққа біздің ортақ ұмтылысымыздың көрсеткіші», — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев.



Мемлекет басшысы Таяу Шығыс жөніндегі Дүниежүзілік экономикалық форум аясында Иордания Королі Абдалла II бен Хусейнмен кездесті.

Кездесуде тараптар қазақстандық-иордандық қарым-қатынас мәселелерін талқылап, маңызы зор өңірлік және халықаралық проблемалар бойынша пікір алмасты.

20 мамыр

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының жергілікті соттарының алқалары төрағаларын, төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №594, «Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында қызмет өткеру туралы ережені және Қазақстан Республикасының прокуратура органдары қызметкерлерінің антын бекіту туралы» №595 жарлықтарына қол қойды.

21 мамыр

Мемлекет басшысы «Е.Ә. Әбілдаевты Қазақстан Республикасының Канададағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №596, «Ә.І. Ахметовті Қазақстан Республикасының Тәжікстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №597, «М.С. Тәшібаевты Қазақстан Республикасының Француз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №598, «А.Б. Қарашев туралы» №599 жарлықтарына қол қойды.

22 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Ресей Федерациясының Президенті Д.А. Медведевпен кездесті.

Келіссөздерді ашқан Қазақстан басшысы елімізде Ресей Президентінің лауазымына кіріскеннен кейінгі алғашқы шетелдік сапарын Қазақстанға жасағанын жоғары бағалайтынын атап өтті.

Содан кейін делегациялар кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізіп, онда саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың ахуалы мен болашағын талқылады.

Атап айтқанда, тараптар мұнай-газ кен орындарын бірлесіп игеру, мұнай мен газды тасымалдау, бірлескен мұнай-химия кәсіпорындарын құру, «Байқоңыр» кешенін пайдалану және ғарыш кеңістігін бірлесіп игеру, шекаралық ынтымақтастық жөніндегі жобаларды жүзеге асыруға байланысты мәселелерді талқылады.

Экономикалық байланыстарды тереңдету мақсатында Н.Ә. Назарбаев экономикалық ынтымақтастық және ықпалдастық туралы ұзақ мерзімді келісім әзірлеуді ұсынды.

Тараптар өзара мүдделестікке ие бірқатар халықаралық және өңірлік проблемалар жөнінде пікір алмасты. Сондай-ақ ТМД, ЕурАзЭҚ және ҰҚШҰ аясындағы, сонымен қатар БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, АӨСШК және басқа да халықаралық ұйымдар мен форумдар аясындағы өзара іс-қимылды одан әрі дамыту қажеттігін аталып өтті.

Кездесу соңында Н.Ә. Назарбаев Д.А. Медведевті Астананың 10 жылдық мерейтойын атап өту шараларына қатысуға шақырды.



Сапар қорытындысы бойынша мемлекет басшылары Бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Сондай-ақ Ресей Президентінің мемлекеттік сапары аясында бірқатар құжаттарға қол қойылды. Атап айтқанда, ресейлік «ГЛО-НАСС» ғаламдық-навигациялық спутниктік жүйесін пайдалану және дамыту саласында ынтымақтасу туралы үкіметаралық келісімге, Қазақстан мен Ресей үкіметтерінің арасында ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге, Мәскеудің Чистопрудный бульвары, 3 мекен-жайындағы ғимаратты Қазақстан Республикасының меншігіне рәсімдеу туралы келісімге, «Ұлттық инновациялық қор» АҚ мен «Ресейдің нанотехнологиялар корпорациясы» мемлекеттік корпорациясы арасындағы өзара іс-әрекет туралы келісімге, «Қазақстанның даму банкі» АҚ мен «Ресей Федерациясының даму және сыртқы экономикалық қызмет (Сыртқы эконобанк) банкі» арасында ұзақ мерзімді несиелік желі туралы келісімге қол қойылды.

Келіссөздерден кейін президенттер бірлескен баспасөз конференциясын өткізді.



Ресей Президенті Д.А. Медведевтің лауазымын атқаруына кіріскеннен кейінгі өзінің алғашқы шетелдік сапарын нақ осы Қазақстанға жасауы Ресей басшылығының Қазақстанмен өзара қарым-қатынастарының қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді.

23 мамыр

Мемлекет басшысы «А.А. Мусинов туралы» №600, «Қ.Е. Омаров туралы» №601 жарлықтарына қол қойды.

26 мамыр

Мемлекет басшысы Ақтөбе облысының әкімі Е.Н. Сағындықовты қабылдады. Ол облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндады.

Президент жергілікті атқарушы органның жұмысына оң баға берді, сонымен қатар облыста электр энергиясы, халықты ауыз сумен қамтамасыз ету, ауылдарды газдандыру проблемаларын шұғыл түрде шешу қажеттігін айтты.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

Б.М. Сапарбаевты қабылдады. Ол қазақстандықтардың еңбек құқықтарын әлеуметтік қамтамасыз ету мен қорғау саласындағы Президент тапсырмаларының орындалу барысы және көші-қон, техникалық кадрларды даярлау салаларындағы жағдай туралы баяндады.

Мемлекет басшысы Астана қаласының әкімі И.Н. Тасмағамбетовті қабылдады. Ол Президентке Астананың 10 жылдық мерейтойын атап өтуге дайындық мәселелері жөнінде есеп берді.

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттары Конгресі Өкілдер палатасы Табиғи ресурстар жөніндегі комитетінің төрағасы Н. Рэйхэл бастаған бір топ конгрессмендерді қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты саяси және сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселелер талқыланды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №34-IV Заңына қол қойды.

27 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бір топ депутатын қабылдады. Депутаттар құрамында Қ.С. Сұлтанов, Ғ. Есім, Е.И. Аман және С.Б. Ақылбай бар.

Кездесу барысында Қазақстанның экономикалық дамуының және қоғамдық-саяси өмірінің өзекті мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Қостанай облысының әкімі С.В. Кулагинді қабылдады. Ол облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы және биылғы егіс науқанының барысымен таныстырды.

Мемлекет басшысы «Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы жанындағы Қазақстан



Республикасының тұрақты өкілдігін ашу туралы» №602 Жарлығына қол қойды.

28 мамыр

Мемлекет басшысы Алматы қаласының әкімі А.С. Есімовті қабылдады. Ол Алматы қаласының әкімшілік-аумақтық жүйесін жетілдіру жөніндегі Президент тапсырмасының орындалу барысы туралы, сондай ақ 2011 жылы Азиада өткізуге арналған инфрақұрылым құрылысының мәселелері жөнінде баяндады.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы Қазақстан Республикасының Каспий теңізі және Әзірбайжан Республикасының аумағы арқылы мұнайды «Баку-Тбилиси-Джейхан» жүйесімен халықаралық нарықтарға тасымалдауға қолдау көрсету және жәрдемдесу жөніндегі шартты ратификациялау туралы» №35-IV Заңына қол қойды.

29 мамыр

Мемлекет басшысы «Б.С. Оспановты Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №604 Жарлығына қол қойды.

30 мамыр

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №605 Жарлығына қол қойды.

МАУСЫМ



Дс	2	9	16	23	30
Сс	3	10	17	24	
Ср	4	11	18	25	
Бс	5	12	19	26	
Жм	6	13	20	27	
Сн	7	14	21	28	
Жк	1	8	15	22	29



2 маусым

Мемлекет басшысы «Ресей темір жолдары» ААҚ-ның президенті В.И. Якунинді қабылдады.

Әңгіме барысында халықаралық тасымал саласындағы Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының дамуы және Қазақстан мен Ресей қатысушылары бола алатын жаңа көлік дәлізін құру мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, Қазақстан мен Ресей аумағы арқылы Қытайдан Еуропаға транзиттік жүк тасымалдауды ұйымдастыру туралы сөз болды.

3 маусым

Мемлекет басшысы «Н.Б. Онжанов туралы» №606, «Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы ережені бекіту туралы» №607 жарлықтарына қол қойды.

4 маусым

Мемлекет басшысы Атырау облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент қаланың «Балықшы» және «Жұмыскер» аудандарын байланыстырып тұратын Жайық өзені арқылы өтетін жаңа көпірдің салтанатты ашылуына қатысты және «Мұнайшы» спорт кешеніндегі жаңа жүзу бассейнін қарап шықты.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне 2008 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №36-IV, «Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттаманы ратификациялау туралы» №37-IV, «Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Мигранттарды құрлық, теңіз және әуе арқылы заңсыз әкелуге қарсы хаттаманы ратификациялау туралы» №38-IV, «Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Атыс қаруының, оның құрамдас бөліктері мен компоненттерінің, сондай-ақ оның оқ-дәрілерінің заңсыз дайындалуына және айналымына қарсы хаттаманы ратификациялау туралы» №39-IV,

«Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы» №40-IV заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «А.Қ. Жанқұлиев туралы» №609 Жарлығына қол қойды.

5 маусым

Мемлекет басшысы Атырау облысына жұмыс сапары барысында Жылыой ауданындағы Теңіз мұнай-газ кен орнында болып, екінші буындағы екі зауытты ашуға қатысты.

Олар сатылуға шығарылатын мұнай өндірісін елеулі арттыруға, табиғи газдың бөлінуін жүзеге асыруға, мұнайды күкірттен арылтып, тұрақтандыруға, сондай-ақ жоғары қаттық қысымды ұстап тұруды демеп, ұңғыманың тиімділігін арттыру үшін қышқыл газды қатқа қайта айдауға мүмкіндік береді.

Салтанатты рәсімге қатысушылар алдында сөз сөйлеген Президент бұл жаңа технологиялық кешеннің Қазақстанның мұнай-газ саласындағы аса ірі кешендердің бірі екендігін атап өтті. Жалпы құны 7 млрд. долларды құрайтын жаңа өндіріс орындары Теңіздегі мұнай өндіруді жылына 13 млн. тоннадан 25 млн. тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Өз кезегінде «Chevron Corporation» корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы Д. О'Райлли Н.Ә. Назарбаевқа компанияға көрсетілген сенім үшін алғысын білдірді және «Теңізшевройл» компаниясының құрылуының 15 жылдығына орай шығарылған естелік белгіні табыс етті. ТШО бас директоры Т. Леви жобалардың кеңейтілуінің ерекше белгісі — екінші деңгейлі зауыттардың пайдалануға берілгенінен кейін алынған алғашқы мұнайды табыс етті.



1993 жылы Қазақстанмен бірлесе отырып «Теңізшевройл» кәсіпорнын (ТШО) құрған «Chevron Corporation» корпорациясы — Қазақстанға жұмыс істеуге келген алғашқы шетелдік мұнай компаниясы. 1993 жылы компаниямен жасалған шарт кеңестік кезеңдегі ең ірі шарт болды. Өткен жылдар ішінде «Chevron Corporation» кен орындарын игеруге 20 миллиард доллардан аса қаржы құйды. Елдің бюджетіне салық және басқа төлемдер ретінде осынша қаражат түсті.

Қазіргі уақытта «Chevron Corporation» еліміздің екі ең ірі Теңіз бен Қарашығанақ мұнай жобаларының акцияларын иеленуші, сондай-ақ Каспий құбыры консорциумының (КҚК) ең үлкен жеке акционері болып табылады.

Түстен кейін Мемлекет басшысы өз жанындағы Шетел инвесторлары кеңесі мүшелерімен бірқатар кездесулер өткізді.

«JP Morgan Chase» директорлар кеңесі төрағасының орынбасары Р. Ренвик өзінің компаниясы өткен жылдар ішінде Қазақстан экономикасына 15 млрд. доллар енгізгенін және алдағы 5 жыл ішінде де одан кем емес көлемде қаражаттар тартуға ниетті екенін хабарлады.

«Лукойл» ААҚ президенті В.Ю. Алекперов Президентпен геологиялық-барлау жұмыстары мен өндіріс көлемін арттыру жөніндегі перспективалық жоспарларды талқылады.

«AccessIndustries» компаниясы директорлар Кеңесінің Төрағасы Л.В. Блаватник Мемлекет басшысымен Атырау облысында жалпы сомасы 6 млрд. долларды құрайтын заманауи мұнай-химия кешенінің құрылысын салу туралы жоспарымен бөлісті.

«Chevron Corporation» корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы — бас атқарушы директор Д. О’Райлли өз компаниясының Қазақстанның батысындағы «Ескене-Құрық» бағыты бойынша мұнай құбыры құрылысына қатысуға мүдделі екендіктерін білдірді. Бұл мұнай құбыры бойынша Теңіз, ал болашақта Қашаған мұнайы да өтетін болады.

«Arcelor Mittal» компаниясының бас атқарушы директоры Л. Миттал құны 4 млрд. доллар тұратын сортты прокат өндірісін іске қоса отырып, Теміртау қаласындағы зауыттың өндіріс көлемін екі есеге арттыруды жоспарлап отырғанын хабарлады.

6 маусым

Мемлекет басшысы Атырау қаласында өткен өз жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің XIX пленарлық отырысына төрағалық етті.

Отырыстың басты тақырыбы Қазақстанның электрлі-энергетикалық саласының даму мәселелеріне арналды.

«Көтеріліп отырған мәселенің көкейкестілігі күмән тудырмайды, энергетика экономикалық өсім мен әлеуметтік дамудың маңызды бөлшегі болып табылады. Күн өткен сайын оның маңызы арта түсетін болады», — деді Н.Ә. Назарбаев кеңесті аша отырып. — Қазақстанда 2002 жылдан бастап электр қуатын



пайдалану үш есеге, ал орнатылған қуат көзі — 3,5%-ға артқан. Сол себепті бүгінде қолданыстағы станциялардың қоры жоққа сай болып тұрғандықтан, экономикаға, соның ішінде өнеркәсіпке энергия қуатын үнемдеп пайдалану арқылы жұмыс істеуге тура келеді. Мұндай жағдайдың өнеркәсіптің одан әрі дамуына, экономиканың әртараптандырылуына және халықтың өмір сүру деңгейінің көтерілуіне үлкен кедергі болуы мүмкін. Қазіргі таңда жаңа станциялар салу негізінде, сондай-ақ қолданыстағы станцияларды жаңғырту негізінде энергетикалық қуатты жылдам арттыратын мезгіл жетті». Энергетиканы одан әрі дамытудың келешегі зор бағыттарының қатарында Президент энергияны үнемдеуді ынталандыру мен жаңғыртылған энергия көздерін пайдалануды атап өтті.

Пікір алмасу қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы Қазақстан Үкіметіне электрлі-энергетикалық саланың нарықтық қарым-қатынастарының даму тұжырымдамасын әзірлеуді және 2015 жылға дейін электр энергиясының және басқа да тиісті қызметтердің болжамды баға деңгейін бекітуді тапсырды.



Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесі Қазақстанда жұмыс жасайтын шетел инвесторлары арасында тікелей байланысты қамтамасыз ету, сондай-ақ инвестициялық қызметтерге байланысты проблемалы сұрақтарды шұғыл түрде шешуді қамтамасыз ету мақсатында Мемлекет басшысының 1998 жылғы 30 маусымдағы Жарлығымен құрылған.

Кеңес кеңесшіл-консультативтік орган болып табылады. Кеңесті оның қызметіне басшылық жасап, күн тәртібін бекітетін және отырыстарына қатысуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Президенті басқарады.

Кеңес шеңберінде салық салу, заңдылықтар сұрақтары, шетел инвесторларының ағымдағы қызметтері, Қазақстанның инвестициялық имиджін арттыру және мұнай-газ секторы мәселелері бойынша 5 біріккен жұмыс тобы қызмет атқарады.

Кеңестің отырысы жылына 1–2 рет өткізіледі.

Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласына аттанып, ТМД мемлекеттері басшыларының бейресми кездесуіне қатысты.

Саммит барысында мемлекет басшылары ТМД мемлекеттерінің одан әрі даму Концепциясын іске асыру жөніндегі негізгі іс-шаралар жоспарының орындалу барысын, оның ішінде 2020 жылға дейінгі ТМД-ның экономикалық даму стратегиясы жобаларының әзірлену барысын, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін, 2020 жылға дейінгі көлік саласындағы ынтымақтастықты дамытудың басым бағыттарын, Достастық органдарының қызметін жетілдіру және гуманитарлық саладағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады.



Кездесуде сөз сөйлеген Н.Ә. Назарбаев ТМД Экономикалық даму стратегиясында бірыңғай инновациялық кеңістікті қалыптастыруға баса көңіл аударған дұрыс екендігін атап өтті. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Қазақстанның және ТМД төрағасы ретіндегі Қырғызстанның 2009 жылды келісілген энергетикалық саясат тақырыбына арнап, 2008 жылдың күзінде Бішкекте тиісті шешім қабылдау қажеттігі жөніндегі ұсынысын жеткізді.

Н.Ә. Назарбаев сөзінің қорытындысында әріптестерін құрметті мейман ретінде Астананың 10 жылдық мерейтойына қатысуға шақырды.

10 маусым

Мемлекет басшысы Франция Республикасында ресми сапармен болып, Канны қаласында орналасқан әлемге әйгілі «Thales» компаниясының аэроғарыштық кәсіпорнын аралаудан бастады. Н.Ә. Назарбаев «Thales» компаниясының президенті Д. Ранкпен және «Thales Alenia Space» еншілес компаниясының басшысы Р. Сезнекпен кездесті. Олармен бірге Қазақстан Президенті кәсіпорынның спутниктік жүйе, оны монтаждау және жүйені сынақтан өткізуге арналған бірегей, теңдесі жоқ құрал-жабдық шығарылатын негізгі өндіріс жайларында болды.

Кездесу барысында «Thales» басшылары Қазақстанмен ғарышты игеру саласындағы келешегі зор серіктес ретінде ынтымақтастықты барынша тереңдете түскісі келетіндіктерін және Қазақстандағы өндірістік инфрақұрылым мен жаңа технологияларды дамытуға қолдау көрсетуге әзір екендігін айтты.



«Thales» компаниясы — телекоммуникация саласындағы ақпараттық жүйелер, бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық жабдықтау бойынша Еуропадағы ең ірі өндіруші. Оның «Thales Alenia

Space» еншілес компаниясы Еуропалық Одақ елдері үшін ғарыштық спутниктердің негізгі тасымалдаушысы бола отырып, олардың өндірісіне мамандандырылған. Оның зерттемелерінің қатарында ғарыштық бағдарламаларда сан мәрте сыналған, Еуропадағы ең үздік жоғары рұқсаты бар оптикалық аппаратура болып табылатын Spacebus L 500 көпмақсатты тұғырнамасы және т.б. бар.

«Thales» компаниясы Қазақстанмен 1992 жылдан бастап ынтымақтастықта жұмыс істеп келеді және «KAZSAT-1» және «KAZSAT-2» қазақстандық жерсеріктерін жасаушылардың бірі болып табылады.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Франция Республикасының астанасы Париж қаласына барып, онда бірқатар кездесулер өткізді.

Н.Ә. Назарбаев алдымен Францияның бұрынғы Президенті Ж. Ширакпен кездесті. Әңгіме барысында Қазақстан Президенті Тұрақты даму және мәдениеттер диалогы қорын құрған Ж. Ширакпен екі ел арасындағы мәдени ынтымақтастық мәселелерін талқылады және оны 2009 жылы Астана қаласында өткізілуі жоспарланған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III съезіне қатысуға шақырды.

Кездесуден кейін Н.Ә. Назарбаев Франция Республикасы Парламентінің Ұлттық жиналысы орналасқан Бурбон сарайында болды. Мұнда Мемлекет басшысы Ұлттық жиналыс төрағасы Б. Аккуайемен кездесті.

Сол күні Қазақстан Президенті Франция Парламентінің Сенаты орналасқан Люксембург сарайында болып, қазақстандық жоғары мәртебелі қонақтың құрметіне орай ұйымдастырылған кешкі асқа қатысты.

11 маусым

Мемлекет басшысы Франция Республикасына ресми сапары барысында жоғары технологиялар саласында жұмыс істейтін «AREVA», «Aubert&Duval», «EADS», «Alstom» жетекші компаниялардың басшыларын қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев инвестициялық ынтымақтастық саласында Қазақстанның бірлескен өндіріс орындарын, инфрақұрылымдық қызмет көрсетуді құру, технологияны трансферттеу, қазақстандық кәсіпорындарда тапсырыс орналастыру, инженер мамандар мен қызметшілерді оқытуға бағытталған индустриялық-инновациялық жобаларға басымдық беретінін атап өтті.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Елисей сарайында ресми салтанаттан кейін Франция Республикасының Президенті Н. Саркозиден кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екі елдің сауда-экономикалық байланыстарын кеңейту перспективасы және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Келіссөздер аяқталғаннан кейін мемлекет басшылары Қазақстан мен Францияның Стратегиялық әріптестік жөніндегі шартына қол қойды. Сонымен қатар сапар барысында екіжақты үкіметаралық және ведомствааралық құжаттарға, атап айтқанда — Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Франция Республикасының Үкіметі арасындағы туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге, қазақстан-француз іскерлік кеңесін құру жөніндегі келісімге, көлік саласындағы ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды.

Кездесу соңында Н. Саркози Қазақстан-Франция ынтымақтастығын дамытуға қосқан мол үлесі үшін Қазақстан Президентін Францияның аса жоғары мемлекеттік наградасы — «Құрметті легионның Үлкен Крест орденімен» марапаттады.



«Құрметті легионның Үлкен Крест ордені» — 1802 жылы Наполеон Бонапартпен бекітілген, ол Франция мемлекеті алдындағы баға жетпес әскери немесе азаматтық істері үшін беріледі.

Күн соңында Мемлекет басшысы Франция Республикасының Премьер-министрі Ф. Фийонмен кездесті.

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының Президенті Қ.С. Бакиевтің атына танымал жазушы Ш.Т. Айтматовтың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Қырғыз халқының біртуар ұлы перзенті, әлем әдебиетінің алыбы, қазақ халқының үлкен досы, бүкіл түркі әлемінің зор мақтанышы — Шыңғыс Төреқұлұлы Айтматовтың өмірден озуына байланысты Сізге, Сіз арқылы бүкіл қырғыз халқына және марқұмның отбасына орны толмас ауыр қайғыларыңызға ортақтасып, көңіл айтамын.

Шығармалары дүниежүзінің 165 елінің тіліне аударылып, «Адамзаттың Айтматовы» деген атаққа ие болған дара дарынды қаламгер, ұлы ойшылдың әлемдік әдебиетте алатын орны тым өзгеше еді. Оның қаламынан туған әр шығарманы дүниежүзінің әдебиет сүйер қауымы әрдайым асыға күтіп, үлкен рухани ләззат алатын.

Жарты ғасырға жуық уақыт бойы әлемдік әдебиет додасын өзінің дара үнімен дүбірлетіп тұрған Шыңғыс Айтматовты өмірден озды деуге қимаймыз. Оның адамгершілік пен жақсылыққа үндейтін, ұлы гуманистік идеяларға толы шығармалары, жарқын дидагы әрдайым адамзатпен бірге жасай беретініне ешбір күмән жоқ. Енді оның екінші — мәңгілік өмірі басталары анық.

Марқұмның топырағы торқа болып, нұры пейіште шалқысын!

Қош бол, аяулы Шыңғыс аға!», — делінген жедел-хатта.

12 маусым

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Қырғыз Республикасының елшілігінде болып, әлемге танымал жазушы Ш.Т. Айтматовтың қайтыс болуына байланысты Көңіл айту кітабына қолтаңба қалдырды.

Мемлекет басшысы елорданың 10 жылдық мерейтойына орай қала нысандарының мерекеге дайындық барысымен танысты. Президент елорда көшелерінің, алаңдары мен саябақтарының көріктендірілу барысымен танысып, «Қазақ елі» монументі, Есіл өзені арқылы өтетін көпір құрылыстары және басқа да қалалық инфрақұрылымдық нысандарда болды.

Құрылыс нысандарымен танысу барысында Астана қаласының әкімі И.Н. Тасмағамбетовке бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы «Б.Қ. Әміреевті Қазақстан Республикасының Түрік Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №610, «Б.С. Тасымовты Қазақстан Республикасының Египет Араб Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №611 жарлықтарына қол қойды.

13 маусым

Мемлекет басшысы «Азия қоғамының» төрағасы Р. Холбрукты қабылдады.

Р. Холбрук Мемлекет басшысына бүгін Астанада өткен Азия қоғамының халықаралық конференциясының қорытындысы жөнінде хабарлады.



Азия қоғамы АҚШ пен Азия-Тынық мұхиты елдері халықтарының арасында өзара түсіністік орнатуға бағытталған үкіметтік емес білім ұйымы ретінде 1956 жылы АҚШ-та құрылған. Қоғам қызметі өнер, мәдениет, саясат және бизнес салаларында жүзеге асырылады. Ұйымның штаб-пәтері Нью-Йорк қаласында орналасқан. 2005 жылғы маусым айында Азия қоғамы Алматы қаласында «Қазақстан инвестициялардың жаңа толқынын тартуда: белсенді ету және тұрақты өсу стратегиясы» атты халықаралық бизнес-конференцияны ұйымдастырды.

Мемлекет басшысы «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің кеңейтілген отырысына төрағалық етті. Онда 2007–2009 жылдарға арналған салалық бағдарламаның орындалу барысы қаралды.

Отырыс барысында Қоғамдық кеңес мүшелері — Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры М.Х. Әбусейітованың, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының директоры К.М. Байпақовтың, мәдениеттанушы М.М. Әуезовтің, «Қазақ энциклопедиясы» баспасының директоры Б.Ғ. Аяғанның, Президенттік мәдениет орталығының директоры М.Ж. Жолдасбековтің, академик Ә.Н. Нысанбаевтың және т.б. баяндамалары тыңдалды.

Отырысты қорытындылай келе, Н.Ә. Назарбаев елдің мәдени-тарихи мұрасын одан әрі зерттеп, сақтап және қалпына келтіру үшін 2009–2011 жылдарға арналған «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасының Тұжырымдамасын жасауды тапсырды.

Отырыс аяқталғаннан кейін Президент «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жүргізілген жұмыстардың нәтижесін көрсететін көрмемен танысты. Мемлекет басшысына сондай-ақ «Мәдени мұра» ақпараттық-танымдық веб-порталы көрсетілді.





2004 жылғы 13 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданған болатын. Оны жүзеге асырған жылдары ерекше тарихи-мәдени маңызға ие 35 архитектуралық ескерткіштер қалпына келтірілді. 30 археологиялық және 17 қолданбалы ғылыми-зерттеу жобалары іске асырылды. Батыс Еуропа, АҚШ, Жапония, Түркия, Египет, Қытай, Ресей және Армения елдерінде жүргізілген ізденіс жұмыстарының нәтижесінде Қазақстан тарихына қатысты 5 мыңға жуық құнды мәліметтер табылып, олардың көшірмелері елге әкелінді. Археологтар 32 ескі қалашықтар, елді мекендер мен қорғандарда зерттеу жұмыстарын жүргізді. Мемлекеттік маңызға ие тарихи-мәдени ескерткіштердің жаңа Мемлекеттік Тізімі дайындалып, оған 218 нысан енгізілді.

Екінші кезеңде 2007–2009 жылдарға арналған «Мәдени мұра» салалық бағдарламасы жасалып, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2007 жылғы 10 желтоқсандағы Қаулысымен бекітілген болатын. Оның аясында 2007–2008 жылдар аралығында тарихи және мәдени 16 ескерткіш қалпына келтірілді; ел аумағындағы 39 қалашықтар, мекендер мен қорғандарда археологиялық зерттеулер жүргізілді; Қазақстанның тарихы, археологиясы, этнографиясы мен мәдениетінің мәселелері бойынша бірегей материалдарды басып шығару жалғастырылды.

Бағдарламаны одан әрі дамыту Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 қарашадағы Қаулысымен бекітілген 2009–2011 жылдарға арналған «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасы Тұжырымдамасынан көрініс тапты.

Мемлекет басшысы «Е.Б. Бөлегеновті Қазақстан Республикасының Испания Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №612, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 29 мамырдағы №335 Жарлығына өзгеріс мен толықтыру енгізу туралы» №613 жарлықтарына қол қойды.

14 маусым

Мемлекет басшысы Астана қаласының «жасыл аймағын» құру барысымен танысты.



Астана қаласының айналасына «жасыл аймақ» құру міндеті Н.Ә. Назарбаевпен елорданы ауыстырған сәттен бастап алға қойылған болатын. Содан бері жыл сайын қаланың айналасына 5 мың гектарға дейін жасыл көшеттер отырғызылып келеді. Қазіргі уақытта отырғызылған ағаштардың жалпы аумағы 50 мың гектардан асады.

16 маусым

Мемлекет басшысы «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ президенті М.Е. Жәкішевті қабылдады. Ол компанияның жұмыс нәтижесі мен қызметін кеңейту перспективасы жөнінде баяндады. Атап айтқанда, 2008 жылғы 10–11 маусымда Францияда қол қойылған келісім мен Президенттің 2008 жылғы 19–20 маусымда жоспарланған Жапонияға сапарының негізіндегі «Қазатомөнеркәсіптің» даму стратегиясы талқыланды. Сондай-ақ компанияның отын-жанармай нарығындағы үлесін арттыруға және оны реакторлық құрылым нарығына шығаруға қатысты жоспары қарастырылды.



Мемлекет басшысы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының ректоры Ш.К. Беркімбаеваны қабылдады.

Кездесу барысында жоғары білім беру саласының, ауылдық жерлерге оқытушы мамандарды даярлаудың бірқатар мәселелері талқыланды.

17 маусым

Мемлекет басшысы өз жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында өткен «Еліміздің бәсекелестігін арттырудағы мемлекеттік қызметтің рөлі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысты.

Конференция жұмысына қатысушылардың арасында Франция, Ұлыбритания, Германия, Ресей, Сингапурдың мемлекеттік басқару саласының 14 шетелдік сарапшылары болды.

Н.Ә. Назарбаев сөйлеген сөзінде Қазақстандағы мемлекеттік қызмет үлгісін реформалаудың негізгі әдістемелерін белгілеп берді. Олардың ішінде ол жаңа кадр саясатының негізгі ережелерін әзірлеу мен бақылауға, саяси қызметкер мен әкімшілік мемлекеттің қызметтің айқын жіктелуіне, екі негізгі корпустан тұратын әкімшілік мемлекеттік қызметті қалыптастыруға жа-уапты Ұлттық комиссия құру қажеттігін атап өтті.

«Отанға қызмет ету мемлекеттік қызмет пен барша патриоттардың басты мәніне айналуы тиіс. Әйтпесе барша қазақстандықтардың бізден күтер барлық ең озық және мінсіз әзірленген жобаларымыз ешқандай



нәтижеге әкелмейді. Ал біз, яғни мемлекет солар үшін қызмет етеміз», — деді Президент (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі мүшелерімен жұмыс кеңесін өткізіп, онда бірқатар өзекті экономикалық мәселелер талқылады.

Кеңестің күн тәртібінде азаматтардың тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуы, азық-түлік қауіпсіздігі, әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында шағын және орта бизнеске қолдау көрсету мәселелері қаралды.

Кеңесте Индустрия және сауда министрі В.С. Школьник пен Ауыл шаруашылығы министрі А.Қ. Күрішбаев баяндады.

Кеңес қорытындысы бойынша Президент баспасөз үшін елдегі экономикалық ахуал туралы арнайы мәлімдеме жасады.

Мемлекет басшысы Таяу Шығыстағы «төрттіктің» (БҰҰ, ЕО, АҚШ және РФ) арнайы өкілі Т. Блэрді қабылдады.

Кездесу барысында тараптар Таяу Шығыстағы жағдай жөнінде пікір алмасты. Президент Қазақстанның Таяу Шығыс мәселесінің Израильдің қауіпсіздікте және көршілерімен бейбіт өмір сүруге деген құқын және палестина халқының тәуелсіз мемлекет құру жолындағы өзін-өзі тануға деген заңды құқын, босқындар мен аумақтардың қайтарылуын ескере отырып, әділ әрі бәрін толық қамту арқылы шешілетініне қолдауын жеткізді.

Мемлекет басшысы сұхбаттасының назарын Қазақстанның АӨСШҚ, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі сияқты сыртқы саясаттағы бастамаларына аударды.

Н.Ә. Назарбаев жуық уақытта ғана Дінаралық қайырымдылық қорын құрған Т. Блэрді 2009 жылы Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III съезіне қатысуға шақырды.

Мемлекет басшысы Дүниежүзілік банктің президенті Р. Зеллекті қабылдады.

Кездесу барысында банк пен Қазақстанның арасындағы бірлескен жобалар талқыланды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №41-IV, «Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушыларды қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» №42-IV, «Биологиялық әртүрлілік туралы конвенцияға биологиялық қауіпсіздік жөніндегі Картахен хаттамасын ратификациялау туралы» №43-IV заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы №645 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №614, «Астананың 10 жылдығы» мерекелік медалімен наградтау туралы» №615 жарлықтарына қол қойды.


19 маусым

Мемлекет басшысы Жапонияда ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Токио қаласында Император Акихитомен кездесті.

Шағын құрамдағы келіссөздер барысында тараптар екіжақты экономикалық ынтымақтастық мәселелері мен өзекті халықаралық проблемалар бойынша пікір алмасты.

Кездесу аяқталған соң, Н.Ә. Назарбаев Императордың екі ел халықтарының арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайтуға қосқан жеке үлесін назарға ала отырып, Ұлы Мәртебеліні Қазақстанның ең жоғарғы мемлекеттік наградасы — «Алтын қыран» орденімен наградтау туралы жарлыққа қол қойғанын жеткізді және оны Қазақстанға сапармен келуге шақырды.

Өз кезегінде Император ядролық қарусыздану ісіндегі аса көрнекті үлесі, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту және толеранттылық пен ұлтаралық үйлесім жөніндегі жаһандық бастамалары үшін Қазақстан Президенті Жапонияның жоғары мемлекеттік наградасы — Үлкен лентадағы Хризантема (Бақытгүл) орденімен марапаттады.



1



2



«Алтын қыран» ордені Қазақстан Республикасының ең жоғарғы дәрежелі ерекшелік дәрежесі болып табылады. 1995 жылдан бастап тағайындалып келеді.

Онымен қазақстандық және шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша мемлекеттік қызметі үшін марапатталады. Орден жұлдыздан (1-сурет) және ілмекті алқалық белгіден (2-сурет) тұрады.



3

Үлкен лентадағы Хризантема (Бақытгүл) ордені (3-сурет) 1877 жылы бекітілген. Онымен тек императорлық, корольдік және жоғары топтағы ақсүйектер отбасыларынан шыққан жапондық және шетелдік азаматтар, сондай-ақ шетел мемлекеттерінің басшылары мемлекеттік, қоғамдық және қайырымдылық қызметтегі жетістіктері үшін, сонымен бірге жер шарында бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етуге қосқан зор үлесі үшін марапатталады.

Сол күні Мемлекет басшысы Жапонияның Парламенті палаталарының басшыларымен — Өкілдер палатасының (төменгі палата) спикері Й. Конномен және Кеңесшілер палатасының (жоғары палата) спикері С. Эдамен кездесті.

Кездесулер барысында екі ел арасында, соның ішінде заң шығарушы органдар деңгейінде де саяси байланыстарды нығайту перспективалары; екіжақты экономикалық ынтымақтастықты дамыту; білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет салаларындағы өзара ықпалдастық мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстанмен ынтымақтастықты дамытуға мүдделі Жапонияның іскер топтар өкілдерімен кездесті.

Кездесуге Жапонияның Экономика, индустрия және сауда министрі А. Амари бастаған бүкіл әлемге танымал компанияларының басшылары — «Sumitomo Corporation», «Marubeni Corporation», «Toshiba», «Kansai Electric Power Company Inc.», «Tokio Electric Power Company Inc.», «Mitsui&Co Ltd», «Itochu Corporation», «Mitsubishi Corporation», «INPEX» басшылары қатысты.

Кездесу барысында олардың Қазақстанның қайта өңдеу кешенін, машина жасауды, энергетика, көлік және коммуникация инфрақұрылымын, құрылысты, фармацевтиканы дамыту жобаларына қатысуы талқыланды.

Кездесу аяқталғаннан кейін Н.Ә. Назарбаев бірқатар жапондық бизнесмендермен екіжақты келіссөздер жүргізді.

20 маусым

Мемлекет басшысы Жапонияға ресми сапары барысында ел Премьер-министрі Я. Фукудамен кездесті.

Кездесу барысында Қазақстан-Жапония ынтымақтастығының перспективалық бағыттары, оның ішінде — жоғары технологиялар, машина жасау, энер-

гетика, көлік және коммуникациялық инфрақұрылым, құрылыс салаларындағы бағыттар талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Н.Ә. Назарбаев пен Я. Фукуда екі елдің арасындағы ынтымақтастықты табысты дамытуға деген берік ниеттерін білдіріп, Бірлескен мәлімдемеге қол қойды.

Сапар аясында үкіметаралық деңгейде Қазақстан Республикасы және Жапония арасындағы екіжақты салық салудан құтылу және салықтан жалтаруды болдырмау жөніндегі конвенция жобасына Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы меморандумға және Сауда мен инвестицияны дамыту саласындағы өзара ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Мемлекет басшысы сондай-ақ Қазақстанның Киото хаттамасын ратификациялау мүмкіндігін қарастыруда екендігін айтып өтті.



Киото хаттамасы — 1997 жылғы желтоқсан айында Киото қаласында (Жапония) БҰҰ ның Климаттың өзгеруі туралы Негіздемелік конвенциясына толықтыру ретінде қабылданған халықаралық құжат. Ол дамыған елдер мен ауыспалы экономикасы бар елдерді 1990 жылға қарағанда 2008–2012 жылдары парник газы шығарындыларын азайтып, шектеуге міндеттейді. Киото хаттамасы — жаһандық экологиялық проблемаларды шешуге нарықтық тетіктерді пайдаланатын алғашқы халықаралық құжат. Бұл квота — шығарындыларды тастауға рұқсат саудасы. Егер ел өз квотасын толық жұмсамаса, онда ол өзінің «бос» квотасын басқа елге беруіне немесе сатуына болады.

Сол күні Мемлекет басшысы Фучу қаласында орналасқан «Toshiba» компаниясының өндірістік кешенін аралап шықты. Президент лифт әзірлеу орталығымен, бақылау жүйесі залымен және энергиямен қамтамасыз ету және локомотивті цех басқармасымен танысты.

Мемлекет басшысы «Е.К. Баударбек-Қожатаев туралы» №616 Жарлығына қол қойды.

24 маусым

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрі Ян Цзечиді қабылдады.

Кездесу барысында қазіргі заманғы жағдайларда екі елдің тұрақтылығын, қауіпсіздігі мен өркендеуін

қамтамасыз етудің маңызды факторы болуы тиіс Қазақстан-Қытай стратегиялық әріптестігінің өзекті мәселелері талқыланды.

Н.Ә. Назарбаев Қытай халқына, жуық маңда ғана Қытайда болған табиғи апатқа орай Қазақстан халқы атынан көңіл айтты. Әрі біздің республикамыздың көрші мемлекетке әрдайым қолдау көрсетуге дайын екендігін жеткізді.



Мемлекет басшысы «Ақорда» астаналық резиденциясында ішкі саясат және идеологиялық жұмыс мәселелері жөнінде кеңесті өткізді.

Кеңеске Қазақстан Республикасы Премьер-министрі, Президенті Әкімшілігінің басшылары, Үкіметінің мүшелері, Президентке тікелей есепті мемлекеттік органдарының басшылары, Астана, Алматы қалалары мен облыс әкімдері қатысты.

Кеңес барысында орталық және жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептері тыңдалып, ұлтаралық және конфессияаралық қатынас, тіл, көші-қон саясаттары салалары мен шетелдік кәсіпорындардағы қазақстандық азаматтар құқықтарының сақталуы мәселелері, сондай-ақ басқа да мәселелер талқыланды.

Сонымен қатар елорданың 10 жылдық мерейтойына дайындық барысы туралы Астана қаласының әкімі И.Н. Тасмағамбетовтің есебі тыңдалды.

Кеңесті қорытындылай келе, Президент ішкі саясаттың жаңа тұжырымдамасын және осы саланың 3 жылдық іс-қимыл жоспарын әзірлеуді тапсырды.

Мемлекет басшысы «Бірыңғай кеден аумағын құру және кеден одағын қалыптастыру туралы шартты ратификациялау туралы» №44-IV, «Кеден одағының комиссиясы туралы шартты ратификациялау туралы» №45-IV, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне түзеу мекемелерін күзету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №46 IV заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Д.Х. Бақышев туралы» №617, «Д.Ә. Бердәлиевті Қазақстан Республикасының Корея Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №618, «Б.С. Сәрсенбаев туралы» №619 жарлықтарына қол қойды.

25 маусым

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Сарыағаш ауданындағы қайтадан салынған Қызыләскер елді мекенінде болды. Бұл елді мекен 2008 жылғы ақпан айында су тасқынының нәтижесінде зардап шеккен болатын.



2008 жылдың ақпанында Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Арыс, Сарыағаш, Ордабасы аудандарының 49 елді мекендері су тасқынынан зардап шекті. Табиғи апат нәтижесінде 3 мыңға жуық үй, 9 мектеп, 6 аурухана қирап, газ құбырлары мен электр берілісінің желілері істен шыққан еді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы» №47-IV Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №620, «Жан-Клод Юнкерді I дәрежелі «Достық» орденімен наградтау туралы» №621, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы №1459 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» №622 жарлықтарына қол қойды.

26 маусым

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында тарихи отанына оралған қандастарымызға арналып Шымкент қаласында салынып жатқан «Асар» шағын ауданының құрылыс барысымен танысты және «Нурер House» атты жаңа сауда орталығында болып, жергілікті тауар өндірушілердің азық-түлік көрмесіне қатысты.

Сапар қорытындысы бойынша Президент Үкіметке ел экономикасының азық-түлік саласын жедел дамытуға қатысты мемлекеттік бағдарлама әзірлеуді тапсырды.



Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласына оралып, Қазақстанға ресми сапармен келген Ұлы Люксембург Герцогтігінің Премьер-министрі Ж.К. Юнкерді қабылдады.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылап, соңында Бірлескен мәлімдемеге қол қойды.

Кездесу кезінде Ж.К. Юнкер Қазақстан Президентіне екіжақты қатынастарды дамытуға қосқан үлесі үшін «Емен тәжі» Үлкен Крест орденін салтанатты түрде табыс етті.

Өз кезегінде Н.Ә. Назарбаев Люксембург Премьер-министрін I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.



1



2



3



4

«Достық» ордені 1995 жылы шығарылған. Екі дәрежесі бар. Онымен қоғамда өзара келісімді сақтау бойынша жемісті еңбек еткен, халықтар арасындағы бейбітшілік, достық және ынтымақтастықты нығайтуға айрықша үлес қосқан қазақстандық және шетелдік азаматтар марапатталады.

I-ші дәрежелі «Достық» ордені жұлдыздан (1-сурет) және аспалы лентаға тағылған орден белгісінен (2-сурет), I-ші дәрежелі «Достық» ордені — төске тағатын орден белгісінен (3-сурет) тұрады.

«Емен тәжі» ордені (4-сурет) 1841 жылы Нидерланды Королі, Люксембургтің Ұлы Герцогі Вильгельм II-мен бекітілген. Онымен Люксембург халқының алдында азаматтық және әскери еңбегін сіңірген, сондай-ақ зор шығармашылық табыстарға жеткен тұлғалар марапатталады. Ерекше жағдайларда орден шетел азаматтарына беріледі.

Мемлекет басшысы «Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе арнамысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» №48-IV Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі №217 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» №623, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі №1193 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №624 жарлықтарына қол қойды.

27 маусым

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасы Ыстықкөл, Талас,

Шу облыстарының Қазақстан Республикасымен шекаралас аудандарының және Қазақстан Республикасы Алматы, Жамбыл облыстарының Қырғыз Республикасымен шекаралас аудандарының аумақтары шегінде Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының үшінші мемлекеттердің азаматтарына берілетін туристік визаларын өзара тану туралы келісімді ратификациялау туралы» №49-IV, «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне есірткінің заңсыз айналымы саласындағы жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №50-IV заңдарына қол қойды.

29 маусым

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының жыл сайынғы 17-ші сессиясының ашылуына қатысты.

Сессияға қатысушылар алдында сөз сөйлеген Н.Ә. Назарбаев ЕҚЫҰ-ның бүгінгі күн тәртібінің өзекті мәселесі оны жаңа халықаралық болмысқа бейімдеу болып табылады деп мәлімдеді. Өз кезегінде, Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету туралы шешімі елімізді «Еуропаға жол» атты арнаулы бағдарламаны әзірлеуге жетеледі. Ол энергетика, көлік транзиті, технологиялар трансферті, білім, гуманитарлық ынтымақтастық саласында Еуропа елдерімен кең тұрғыда іс-қимыл жасаудағы мүдделілігімізді білдіреді (Қосымшаны қараңыз).

Сессия соңында Қазақстан Президенті ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының төрағасы Й. Леннмаркермен, ЕҚЫҰ-ның аз ұлттар істері жөніндегі Жоғарғы комиссары К. Воллебекпен, сондай-ақ Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен комиссия төрағасы Э. Хастингс басшылық еткен АҚШ Конгресі делегациясымен екіжақты кездесулер өткізді.



ЕҚЫҰ-на төрағалық ету қарсаңында Мемлекет басшысының 2008 жылғы 29 тамыздағы Жарлығымен бекітілген 2009–2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасын жасап, қабылдады. Онда еуропалық интеграция және институционалдық-құқықтық реформалар тәжірибесіне сүйенудің, технологиялық, энергетикалық, көлік, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық, сондай-ақ өмір

сапасы саласындағы ынтымақтастықты тереңдетуді қосқанда, Қазақстан Республикасының Еуропаның жетекші елдерімен саяси, экономикалық және мәдени байланыстарының басымдықтары белгіленген.

30 маусым

Мемлекет басшысы Астана қаласының 10 жылдығына арналған мерекелік іс-шараның бастамасы болып табылатын «Атамекен» қорғандық кешенінде Мемлекеттік туды көтеру рәсіміне қатысты. Елдің бас жалауымен қатар елорданың туы да көтерілді. Рәсімді аяқтай келе, Н.Ә. Назарбаев Астананың 10 жылдығына арналған естелік кітабына қолтаңба қалдырды.



Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Цирк фимараты алдындағы алаңда болып, Қарағанды облысы жүргізген елорданың 10 жылдығына сыйлық ретіндегі цирктің алаңын абаттандыру жұмысымен танысты.

Мемлекет басшысы Елорданың 10 жылдығына арналған мерекелік шаралар аясында Астана қаласының алғашқы құрылысын салушылармен кездесіп, оларды «Астананың 10 жылдығы» мерейтойлық медалімен марапаттады.

Өз кезегінде алғашқы құрылысшылардың тілегі бойынша Қазақстан Республикасының Премьер-министрі К.Қ. Мәсімов Н.Ә. Назарбаевқа мерейтойлық медальды табыс етті.



«Астананың 10 жылдығы» мерейтойлық медалі Астана қаласының 10-жылдығының құрметіне 2008 жылы бекітілген.

Мерекелік медальмен Қазақстан Республикасы мен оның астанасының дамуы мен қалыптасуына елеулі үлес қосқан Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары марапатталады.

ШІЛДЕ



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	31
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	



1 шілде

Мемлекет басшысы Алматы қаласының әкімдігімен қайта құрылымдалған Астана қаласындағы «Жастар» алаңында болып, қазақстандықтарды елорданың 10 жылдығына арналған мерекенің басталуымен құттықтады.



«Жастар» алаңын қайта құрылымдау Алматы қаласының әкімдігімен жүзеге асырылды. Қайта құрылымдалған аумақтың жалпы көлемі 22,5 мың шаршы метрді, көгалдандырылған алаң аумағы 7105 шаршы метрді құрайды. Жаңартылған алаңға түнгі иллюминациямен жабдықталған 3 жаңа субұрқақ көрік беріп тұр.

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Республикалық диагностикалық орталықта болып, диагностикалау мен түрлі ауруларды емдеуге арналған заманауи шетелдік құрал-жабдықтармен жарақталған лор-кабинеттер және ультрадыбыстық зерттеу кабинеттерінің жұмысымен танысты.



Республикалық диагностикалық орталық Астана қаласында құрылып жатқан 6 медициналық кластер нысанының бірі. Кластер құрамына сондай-ақ Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы, Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы, Республикалық балаларды оңалту орталығы, Республикалық медициналық жедел жәрдем ғылыми орталығы және Республикалық кардиохирургиялық орталық кіреді. Республикалық диагностикалық орталық 30-дан аса дәрігерлік мамандықтар бойынша жаңа медициналық технологиялар мен заманауи диагностика әдістерін қолдана отырып, жоғары мамандандырылған диагностикалық және кеңестік көмектерді көрсетеді. Орталық құрылымында үлкендер мен балаларға арналған кеңес беру бөлімдері, функционалдық диагностика және ядролық медицина бөлімі, клиникалық-диагностикалық зертхана бар. Орталық күніне 500 адамға дейін қабылдай алады.

Мемлекет басшысы Қарағанды облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Қарағанды қаласында Бұхар жырау ескерткішінің ашылу рәсіміне қатысып, бұл қарағандылықтардың ғана емес, бүкіл еліміздің мәдени өміріндегі елеулі оқиға екендігін атап өтті.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев Теміртау қаласына келіп, сортты прокат цехын салтанатты түрде ашты.

Металлургтер алдында сөз сөйлеген Президент жаңа заманауи цех Қазақстан елордасының 10 жылдығына арналған керемет тарту екендігін айтты және көп ұзамай екінші желінің құрылысын салу мәселесінің шешілетіндігіне сенім білдірді. Бұл серпінді жоба сортты прокатты өндіру көлемін 2,5 есеге арттыруға және оны 1 млн. тоннаға жеткізуге мүмкіндік беретін «Қазақстанның 30 корпоративті көшбасшысы» мемлекеттік бағдарламасына енгізілді.



Жұмыс сапарының соңында Мемлекет басшысы «Металлург» стадионында Теміртау қаласының тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысында Елбасы қарағандылықтарға металлургиялық комбинатты дамыту, кәсіпорын қызметкерлерінің әл-ауқатын жақсарту, тұрғын үй құрылысын салу жөніндегі жоспарлары туралы әңгімеледі және «Арселор Миттал Теміртау» АҚ басшылығына «XXI ғасырдың зияткерлік мектептерінің» құрамына енетін жаңа мектеп құрылысын салуды тапсырды.



Мемлекет басшысы «Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы бірлескен әскери оқу-жаттығулар өткізу туралы келісімді ратификациялау туралы» №51-IV, «1995 жылғы 10 ақпандағы Тексеру және метрологиялық аттестациялау мақсатында алып өтілетін нормативтік құжаттарды, эталондарды, өлшеу құралдарын және стандарттық үлгілерді алып өткені үшін кеден бажын, салықтар төлеуден және арнайы рұқсат беруден босату туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» №52-IV заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес құру туралы» №625, «Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008–2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» №626 жарлықтарына қол қойды.

2 шілде

Мемлекет басшысы Астананың 10 жылдық мерейтойына сыйлық ретінде Маңғыстау облысының шеберлерімен безендірілген «Нұр Астана» орталық мешітінің жанындағы гүлзарды және зергерлік әшекейлер экспозициясын аралап көрді.



Сондай-ақ Президент Қазақстанның Әскери-теңіз күштерінің офицерлері — Ақтау қаласындағы Әскери-теңіз институтының үздік түлектерімен кездесті.

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Қазақ гуманитарлық заң университетінің (ҚазГЗУ) жаңа ғылыми-білім беру кешенінде болды.

Н.Ә. Назарбаев кешен ғимаратын, оқу дәрісханаларын, университет мұражайын, Ислам және еуропалық құқық орталықтарын аралап көрді.

ҚазГЗУ-нің студенттер және оқытушылар қауымымен кездесуде Н.Ә. Назарбаевқа құрметті профессор мантиясы табыс етілді.



ҚазГЗУ Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1994 жылы құрылған. 2001 жылы бас кеңсесі Алматы қаласынан Астана қаласына көшірілді. Жаңа ғимарат құрылысы 2006 жылғы маусымда басталған болатын. Оның жалпы аумағы 32 мың шаршы метрді құрайды. Кешенде 400-ден аса оқу дәрісханалары, 15 компьютерлік сыныптар, 3 лекция залы, спорт залы мен басқа да қосалқы орынжайлар бар.

Мемлекет басшысы «Ақорда» резиденциясы мен Бейбітшілік пен келісім сарайының ортасында орналасқан Президенттік саябақтың екінші кезеңінің ашылуына қатысты.

«Бұл керемет саябақтың аумағы үлкен — 83 гектарды алып жатыр. Мұндай саябақ Қазақстанда бұрын-соңды болмаған. Мен барлықтарыңызды саябақтың ашылуымен құттықтаймын. Біз абаттандыру жұмыстарын жалғастыра отырып, саябақ аумағын бұдан да кеңейтетін боламыз. Бірақ барлығына уақыт керек. Келешекте бұл саябақ елорданың барлық тұрғындары мен қонақтары үшін сүйікті демалыс орнына айналады деп ойлаймын», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Мемлекет басшысы ЕҚЫҰ төрағасы — Финляндия Республикасының Сыртқы істер министрі А. Стубті қабылдады.

Кездесу барысында 2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі жөнінде пікір алмасулар болды, сондай-ақ Қазақстан мен Финляндия арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту перспективасы талқыланды.

А. Стубб Қазақстан басшысына Финляндия Республикасының Президенті Т. Халоненнің 2009 жылы Финляндияға ресми сапармен келуі туралы арнайы шақыруын жеткізді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы №1096 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №627 Жарлығына қол қойды.

3 шілде

Мемлекет басшысы Астана қаласының әкімдігінде өткен елорданы дамыту мәселелері жөніндегі кеңеске төрағалық етті.

Президент Астана әкімі И.Н. Тасмағамбетовтің Астана қаласын дамыту жөнінде 2008 жылғы 26 наурызда өткен кеңесте Президент жүктеген міндеттердің орындалу барысы туралы есебін тыңдады.

Кеңес қорытындысы бойынша Н.Ә. Назарбаев Үкімет пен Астана әкімдігіне елорданы одан әрі дамытуға қатысты бірқатар нақты тапсырмалар жүктеді.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №628 Жарлығына қол қойды.

4 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстанның аймақтары Астана қаласына сыйға тартқан жаңа нысандарды аралап көрді.

Президент «Еуразия» монументін, сондай-ақ ұлы ақын Ж. Жабаевтың, Кеңес Одағының Батыры Б. Момышұлының, Кеңес Одағының Батыры Ә. Молдағұлованың ескерткіштерін тамашалады.



Мемлекет басшысы «Ақорда» астаналық резиденциясында Астана, Алматы қалаларының әкімдерін және облыс әкімдерін «Астананың 10 жылдығы» мерейтойлық медальдарымен марапаттады және оларға елорданың 10 жылдығына дайындық жұмыстарына қатысқандары үшін алғысын білдірді.



«Астананың 10 жылдығы» мерейтойлық медалі Астана қаласы 10 жылдығының құрметіне 2008 жылы бекітілген.



Мерекелік медальмен Қазақстан Республикасы мен оның астанасының дамуы мен қалыптасуына елеулі үлес қосқан Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары марапатталады.

Мемлекет басшысы «Астана» ұлттық теннис орталығының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты, содан кейін елорда ипподромында Президенттің қатысуымен ат спорты бойынша Әлем кубогы кезеңінің ресми ашылу рәсімі өтті.



«Астана» ұлттық теннис орталығы ғимаратының негізгі кортында көрермендерге арналған 2500 орын және басқа үш корттарында 600 орын бар. Орталық теннис турнирлерін трансляциялау үшін барлық техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Мемлекет басшысы Еуропа футбол қауымдастықтары одағының (УЕФА) президенті М. Платиниді қабылдап, Қазақстан футболын дамыту мәселелерін талқылады.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жеке және заңды тұлғалардың нысанды және арнаулы киімді киіп жүруі (пайдалануы) мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» №53-IV, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №54-IV, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №55-IV, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер енгізу туралы» №56-IV, «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №57-IV заңдарына қол қойды.

5 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстанға Астананың 10 жылдығы мерекесіне қатысуға келген Грузияның Президенті М.Н. Саакашвилимен кездесу өткізіп,

екі елдің сауда-экономикалық қатынастарын дамыту мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы «Ақорда» астаналық резиденциясында Астананың 10 жылдық мерейтойына арнайы келген шет елдердің басшылары — Әзірбайжан Республикасының Президенті И.Г. Алиевті, Армения Республикасының Президенті С. Саргсянды, Грузия Президенті М.Н. Саакашвилиді, Қырғызстан Республикасының Президенті Қ.С. Бакиевті, Ресей Федерациясының Президенті Д.А. Медведевті, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмонды, Түрікменстанның Президенті Г.М. Бердымұхамедовты, Түркия Республикасының Президенті А. Гүлді қабылдады.



Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Бейбітшілік пен келісім сарайында Қазақстан елордасының 10 жылдық мерейтойына орай өткен салтанатты жиналысына қатысты (Қосымшаны қараңыз).

Салтанатты жиналыста Ресей Федерациясының Президенті Д.А. Медведев, Түркия Президенті А. Гүл, Қырғызстан Президенті Қ.С. Бакиев және Иордания Королі Абдалла II бен Хусейн құттықтау сөз сөйледі.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне корпоративтік дауларды шешу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №58-IV, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №59-IV, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №60-IV, «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» №61-IV, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №62-IV, «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №63-IV, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі

мамандандырылған ауданаралық соттар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №64-IV, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қамауға алу, үйде қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шараларын қолдану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №65-IV, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне концессия мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №66-IV, «Трансферттік баға белгілеу туралы» №67-IV заңдарына қол қойды.

6 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстанға Астананың 10 жылдығы мерекесіне қатысуға келген Ресей Федерациясының Президенті Д.А. Медведевпен, Түрікменстанның Президенті Г.М. Бердымұхамедовпен және Түркия Республикасының Президенті А. Гүлмен екіжақты кездесулер өткізді.

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы «Қазақ елі» монументін ашты.

Өз сөзінде Президент монументтің биіктігі — 91 метр болуы Қазақстанның өз тәуелсіздігін 1991 жылы алуына орайлас жасалғандығын, монументтің ұрпақтар жалғастығының символы болуға үндейтінін атап көрсетті.

Монументтің ашылу рәсімі «Алтын жауынгер туралы аңыз» театрландырылған қойылымымен және Құрманғазы атындағы мемлекеттік оркестрдің мерекелік концертімен жалғасын тапты.



8 шілде

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 тамыздағы №383 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №629, «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2007 жылғы есепті бекіту туралы» №630 жарлықтарына қол қойды.

10 шілде

Мемлекет басшысы мемлекет және халықаралық ұйым басшыларынан, шетелдік саясат және қоғам қайраткерлерінен Астананың 10 жылдығымен құттықтауларын қабылдады.

Құттықтаушылардың ішінде БҰҰ бас хатшысы Пан Ги Мун, АҚШ Президенті Дж. Буш, ЮНЕСКО бас директоры К. Мацуура, БҰҰ бас хатшысының орынбасары, ЭСКАТО атқарушы хатшысы Н. Хейзер, Сингапур Республикасы Парламентінің спикері А. Тармуга, АҚШ Демократия ұлттық институтының президенті К. Уоллак, АҚШ бұрынғы Мемлекеттік хатшысы М. Олбрайт, Черногория Президенті Ф. Вуянович және басқалары бар.

11 шілде

Мемлекет басшысы Ақмола облысының Бурабай қаласында өткен Шортанды-Бурабай курорттық аймағының инфрақұрылымдарын дамыту жобаларын жүзеге асыру мәселелеріне арналған көшпелі кеңесіне төрағалық етті.

Кеңес жұмысына Қазақстан Республикасының Премьер-министрі К.Қ. Мәсімов, Президенті Әкімшілігінің Басшысы Қ.Н. Келімбетов, Президентінің Іс басқарушысы Б.Д. Өтемұратов, Спорт және туризм министрі Т.М. Досмұхамбетов, Ақмола облысының әкімі А.П. Рау, «Сембол Иншаат» құрылыс компаниясының жетекшісі Ф. Таминдже қатысты.

Кеңес барысында инженерлік инфрақұрылым құрылысы, сумен қамтамасыз ету, энергетика, көлік, әуе қатынасы құрылыстары, жоғары білікті кадрлар дайындаумен байланысты жобаны дамытудың ең жоғары халықаралық стандарттарға жауап беруі тиісті ағымдағы және ұзақ мерзімді мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы өңірдің экологиялық ортасын сақтауға ерекше екпін түсірді. «Курорттық аймақты дамыта отырып, бірінші кезекте, экологиялық дамуын қаперде ұстау қажет. Сондықтан Щучье, Бурабай және Қарасу көлдерін тазарту жөніндегі жұмыстарды одан әрі жалғастыру керек», — деп атап өтті Президент.

Кеңес қорытындысында Мемлекет басшысы мәселелердің барлық кешені бойынша нақты тапсырмалар берді.



Жобаны 7 кезеңге бөлу арқылы 2021 жылға дейін іске асыру жоспарланған. Осы кезең ішінде заманауи мейманханалар, тұрғын үй кешендері, ойын-сауық және сауда орталықтары, мейрамханалар, спорттық базалар, гольф клубтар, туристердің интернет арқылы қонақ үйлердегі орындарға және туристік маршруттарға тапсырыс берулеріне мүмкіндік беретін туристер ағыны мен демалушыларды басқаратын визит орталығының құрылыстары салынбақ. Визит орталығы ауқымды ақпараттық базамен, жеке қорсақтағышпен және кітапханамен қамтамасыз етіледі.

14 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстанның Олимпиадалық құрама командасымен Бейжің қаласындағы XXIX жазғы Олимпиада ойындарына барар алдында кездесті.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев Олимпиада алауы алғаш рет Қазақстаннан бастау алғандықтан, биылғы Бейжің Олимпиадасының Қазақстан үшін маңызы ерекше екендігін атап өтті.

Мемлекет басшысы сондай-ақ Қазақстанның спорттық әлеуетін арттыру үшін елімізде көп істер атқарылып жатқандығын айтты. Елімізде 30 мыңнан аса спорттық ғимараттар, 407 балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектептері бар. 2009 жылы Алматы қаласының жанындағы Республикалық олимпиадалық даярлық базасының және Ақмола облысының Щучинск қаласында Республикалық шаңғы даярлығы базасының құрылыстарын салу жоспарлануда.

Кездесу соңында Президент Қазақстан құрамасының капитаны, бокстен екі дүркін әлем чемпионы С. Сәпиевке Олимпиада жалауын салтанатты түрде табыс етті.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының жергілікті соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №631 Жарлығына қол қойды.

15 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті шейх Халиф бен Заид әл-Нахаянмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық саладағы екіжақты ынтымақтастықтың деңгейі мен болашағы талқыланды. Тараптар соңғы екі жыл ішінде аталған салалардағы қарым-қатынастың одан әрі нығая түскенін атап өтті.

Н.Ә. Назарбаев Біріккен Араб Әмірліктерінің елорданың инфрақұрылымын дамытуға қосқан үлесін атап өтті және Әмірліктің Оңтүстік Қазақстан облысында тұрғызылатын кешенді жұма мешіті мен перзентхананы қаржыландыру шешіміне де ризашылығын білдірді.

Шейх Халифа бен Заид әл-Нахаян Н.Ә. Назарбаевты Біріккен Араб Әмірліктеріне ресми сапармен келуге шақырды.





Мемлекет басшысы Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті шейх Халифа бен Заид әл-Нахаянды Қазақстанға ресми сапары барысында Астананың көрікті жерлерімен таныстырды.

Мемлекеттер басшылары Бейбітшілік пен келісім сарайын, сондай-ақ жаңа Тәуелсіздік сарайын аралап көрді, онда араб елінің басшысы елорданы дамытудың бас жоспарымен танысты.

18 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстанның аса ірі құрылыс компанияларының жетекшілері: «Базис-А» корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы А.Я. Беловичті және «Қуат» корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы О.Ю. Намды қабылдады.

Кездесуде жылжымайтын мүлік нарығындағы қалыптасқан жағдай, сондай-ақ Астана мен Алматыдағы құрылыс мәселелері талқыланды.

20 шілде

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» №632 Жарлығына қол қойды.

23 шілде

Мемлекет басшысы ағымдағы жылдың астық жинау науқаны мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Кеңеске Қазақстан Республикасының Премьер-министрі К.Қ. Мәсімов, Президенті Әкімшілігінің Басшысы Қ.Н. Келімбетов, Ауыл шаруашылығы министрі А.Қ. Күрішбаев, Қостанай облысының әкімі С.В. Кулагин, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі С.С. Біләлов және Ақмола облысының әкімі А.П. Рау қатысты.

Облыстардың басшылары аймақтардың астық жинау науқанына әзірлігі, сондай-ақ ауыл тұрғындарын жанар-жағармаймен және техникамен қамтамасыз ету мәселелері жөнінде есеп берді.

Кеңес барысында бидай өндірісінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселесі, биылғы астық жинау науқанына дайындық және агроөнеркәсіп кешенінің басқа да өзекті мәселелері талқыланды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға

қарсы агенттік) кейбір мәселелері туралы» №633 Жарлығына қол қойды.

24 шілде

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Алматы қаласының әкімі А.С. Есімовті қабылдады.

А.С. Есімов Алматы қаласында жаңа Алатау ауданын құру және үлестік құрылыс жағдайы туралы баяндады.

Президент қаладағы құрылыс мәселесіне ерекше көңіл бөлу керектігін қадап айтты. «Мен қаланы, әсіресе, оның тарихи бөлігін нығыздай беру мәселесін кешенді түрде қарастырып, тоқтатуды тапсырамын. Қазір біз жаңа Алатау ауданын аштық. Құрылыс салғысы келетіндер сол жерге баруы тиіс. Онда бос жерлер бар. Сол ауданды дамыту керек. Қаланың экологиялық ахуалын, көлік қозғалысын жақсарту қажет. Біз келесі жылы Алматыда метро ашамыз. Мен екі жыл бұрын Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің бойында, Ұлттық саябақта кез келген құрылысты тоқтатуға, қоршауларды алып тастауға, өзендерді тазартуға тапсырма бердім. Ол жер жұрттың демалатын орнына айналуы тиіс», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС президенті В.С. Кимді қабылдады. Ол компанияның инвестициялық жобалары туралы хабардар етті.

Кездесу барысында Президент корпорация өндіріспен қоса, әлеуметтік жауапкершілік пен қоршаған ортаны қорғау мәселесін басты назарда ұстауы қажеттігін айтты.

Сол күні Мемлекет басшысы Алматы облысының бірқатар аудандарында жұмыс сапарымен болды.

Іле ауданында Президент «Даму» индустриялық-логистикалық орталығының жұмысымен танысты, сондай-ақ «Кнауф гипс Қапшағай» ЖШС гипсокартон тақтайшаларын шығаратын зауыттың өндірістік цехтарын аралап көрді.

Н.Ә. Назарбаев Алматыға жұмыс сапары барысында сонымен қатар Қапшағай қаласындағы пенополистиролды толтырғыштан үшқабатты тақта жасайтын «Silk City 3D Construction» ЖШС кәсіпорнында болды.



«Даму» орталығы қазақстандық және шетелдік компанияларға келіктік-логистикалық қызметтер көрсететін өндірістік нысандардың, әкімшілік құрылымдар мен қоймалық орынжайлардың аумақтық бірлестігінен тұрады. Оның құрылысы Қазақстанның барлық аумақтарында келіктік-логистикалық орталықтар желісін құру бойынша стратегияны іске асырудың алғашқы кезеңі болып табылады.

Мемлекет басшысы «Тэцуо Итоны Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №634 Жарлығына қол қойды.

28 шілде

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауды 2008 жылғы 4 қазанға тағайындау туралы» №635 Жарлығына қол қойды.

29 шілде

Мемлекет басшысы Испания Королі Хуан Карлос І-нің шақыруы бойынша Пальма де Майорка қаласына келіп, осында онымен ресми кездесуін өткізді.

Шағын құрамдағы келіссөздер барысында тараптар халық аралық ынтымақтастық мәселелерін, сондай-ақ екіжақты ықпалдастықтың ағымдағы жай-күйі мен оны жандандырудың болашағын талқылады.

Н.Ә. Назарбаев Испания Королін 2009 жылы Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырды.

Мемлекет басшысы Испания Корольдігінің ірі жетекші компанияларының басшыларымен кездесті.

Кездесуге қатысушы компаниялар ішінде «Telefonica S.A.» (телекоммуникациялар), «Iberdrola» (энергетика), «Indra» (ақпараттық технологиялар), «DRAGADOS S.A.» (құрылыс және инфрақұрылым), «Talgo» (темір жол көлігі) бар.

Кәсіпкерлермен кездесу барысында Қазақстанда баламалы энергетика, автомобиль құрылысы, жылдам теміржол қатынасы, туризм саласындағы ірі жобаларды іске асыру мүмкіндіктері талқыланды.

ТАМЫЗ



Дс		4	11	18	25
Сс		5	12	19	26
Ср		6	13	20	27
Бс		7	14	21	28
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	30
Жк	3	10	17	24	31



2 тамыз

Мемлекет басшысы Испания Корольдігіне жұмыс сапары барысында Сарагоса қаласындағы Дүниежүзілік «ЭКСПО-2008» көрмесі аясында Қазақстан Республикасының ұлттық күні мерекесінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев Испанияның экономикалық даму министрі М. Альвареспен, «ЭКСПО-2008» көрмесінің бас комиссары Э.Ф. Кастаньомен, Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі В.С. Школьникпен, сондай-ақ екі мемлекеттің басқа да ресми тұлғаларымен бірге Қазақстан павильонының экспозицияларымен танысты. Н.Ә. Назарбаев Ресейдің, Жапонияның, Йорданияның және Испанияның павильондарында да болып, олардағы экспонаттармен үлкен қызығушылықпен танысты.

Қазақстан Президенті «ЭКСПО-2008»-дің Құрметті қонақтар кітабына қолтаңба қалдырды.



Дүниежүзілік «ЭКСПО» әмбебап көрмесі ең беделді әлемдік көрме алаңы болып табылады және ел мен оның әлеуетінің мүмкіндіктерін жария ететін едәуір тиімді құралдардың бірінен саналады.

Көрме тарихы 150 жылдан аса уақытта қамтиды. 1851 жылы Лондонда «Барлық ұлттардың өнеркәсіптік кәсіпорындарынан шыққан бұйымдарының ұлы көрмесі» атты тақырыппен өткен алғашқы көрмеден кейінгі кезеңнен бері әлемнің әртүрлі елдерінде осындай 48 шара ұйымдастырылыпты.

1889 жылы осындай көрмелердің бірінің ашылуына орай Парижде Эйфел мұнарасы салынып, Францияның шынайы символына айналды.

«ЭКСПО» фирмалық атауы Монреаль қаласында (Канада) 1967 жылы өткізілген көрмеде берілді.

Азия құрлығындағы дүниежүзілік алғашқы көрме 1970 жылы Осака қаласында (Жапония) өткізілді.

Өз кезегінде, Қазақстан 2008 жылы «ЭКСПО-2017» көрмесін Астана қаласында өткізу туралы бастама көтерді.

4 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Қ.Қ. Тоқаевты қабылдады.

Кездесу барысында ағымдағы жылдың 4 қазанында өтетін Сенат депутаттарын сайлауға әзірлік жұмыстарына байланысты жекелеген мәселелер талқыланды.

5 тамыз

Мемлекет басшысы «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы төрағасының бірінші орынбасары Ә.Р. Жақсыбековті қабылдады.

Ә.Р. Жақсыбеков Президентке партияның өңірлік филиалдарының «Нұр Отаннан» Сенат депутаттығына үміткерлерді ұсыну жөніндегі әзірлік жұмыстары, фракцияның қызметі туралы, сондай-ақ тұтастай алғанда партияның ағымдағы жұмыстары туралы айтып берді.

Мемлекет басшысы жұмыстың негізгі бағыттары бойынша, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, кадр резервін әзірлеу және партия тұрмысының басқа да маңызды мәселелері бойынша нақты тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы «Самұрық» Мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ басқармасының төрағасы Қ.А. Бозымбаевты қабылдады.

Кездесу барысында Қ.А. Бозымбаев Президентті холдингтің үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығындағы жұмыс нәтижелері, теміржол саласында ірі инвестициялық жобаларды іске асырудың барысы, сондай-ақ электр энергетикасы саласында жүзеге асырылып жатқан жобалар — Балқаш ЖЭС-і және Мойнақ СЭС-і туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы «Қ.Қ. Әбусейітов туралы» №636, «Қазақстан Республикасының елордасы — Астана қаласында «Есіл» ауданын құру туралы» №637, «Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісімге қол қою туралы» №638, «О.Н. Өксiкбаевты Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №639, «А.Б. Зейнелғабиден туралы» №640, «Ш. Шардарбек туралы» №641 жарлықтарына қол қойды.

6 тамыз

Мемлекет басшысы Моңғолия Республикасында мемлекеттік сапармен болып, осы елдің астанасы Ұлан-Батыр қаласында Президент Н. Энхбаярмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында бірлескен кәсіпорындар құру, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өнімдерін өзара жеткізуді жолға қою, бірлескен транзиттік-көлік әлеуетін дамыту салаларындағы ұзақмерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Кездесу соңында Н. Энхбаяр Қазақстан мен Моңғолия арасындағы қарым-қатынастарды нығайтуға қосқан айрықша үлесі үшін Қазақстан Президентіне осы елдің жоғарғы мемлекеттік наградасы «Эрдэнэ Очир» орденін табыс етті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекет басшылары саяси байланыстарды одан әрі жалғастыруға нық сенімділігін, экономикалық ынтымақтастықтың алдағы дамуы мен әртарапандырылуына және оның оның инвестициялық құрамын нығайтуға айрықша назар аударуын растайтын Бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Сонымен қатар Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Моңғолия Республикасының Сыртқы істер министрлігі арасындағы 2009–2012 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасына, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Моңғолия Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.



«Эрдэнэ Очир» ордені Моңғолияда алғаш рет 1913 жылы бекітілген. Кейін, 1991 жылы Моңғол Халық Республикасының Кіші Хуралының қаулысымен орден халықаралық қатынастардағы демократиялық принциптерді, сондай-ақ Моңғолиямен достық және ынтымақтастық қарым-қатынастарды нығайтуға қосқан айрықша үлесі үшін шетелдік саясат және қоғам қайраткерлерін марапаттау үшін қайта қалпына келтірілді. «Эрдэнэ Очир» орденінің 3 дәрежесі бар. I дәрежелі гаухартасты «Эрдэнэ Очир» орденімен шетел мемлекеттерінің басшылары марапатталады. II дәрежелі маржантасты орден шетел мемлекеттерінің парламент және үкімет мүшелеріне беріледі. III дәрежелі ақық тасты «Эрдэнэ Очир» орденімен вице-министрлер және басқа да мемлекет және қоғам қайраткерлері марапатталады.

Сол күні Мемлекет басшысы Моңғолия Республикасы Ұлы мемлекеттік хуралының төрағасы Д. Лундээжанцанмен кездесіп, онымен парламентаралық

ынтымақтастықты дамыту перспективаларын талқылады.

Қазақстан Республикасының Президенті мен Моңғолия Республикасының Премьер-министрі С. Баярдың кездесуінде екі елдің арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселесі басты тақырыпқа айналды.

Мемлекет басшысы Моңғолиядағы қазақ диаспорасының өкілдерімен кездесті.

7 тамыз

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының астанасы Бейжің қаласына XXIX жазғы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатына қатысу үшін келіп, ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаомен кездесті.

Шағын құрамдағы келіссөздер барысында тараптар сауда-экономика, саяси және гуманитарлық салаларда екіжақты қатынастардың жай-күйін және даму перспективаларын талқылады, трансшекаралық өзендерді пайдалану проблемасына айрықша көңіл бөлді. Бұл мәселе бойынша Трансшекаралық өзендер бойынша бірлескен комиссияны Қазақстан-Қытай ынтымақтастық комитеті тетігінің құрамына қосу туралы маңызды уағдаластыққа қол жеткізілді. Бұл уағдаластық судың бөлінуі, сапалы сумен қамтамасыз ету, судың ластануының алдын алу мәселелерін толықтай талқылауға жағдай жасайды.

Кездесу соңында Ху Цзиньтао Н.Ә. Назарбаевты 2009 жылы Қытайға ресми сапармен келуге шақырды.



8 тамыз

Мемлекет басшысы Бейжіңдегі XXIX жазғы Олимпиада ойындары ашылуының ресми шараларына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтаоның Олимпиада ойындарының ашылу салтанатына келген шет елдің мемлекет және үкімет басшыларының құрметіне жасаған ресми қабылдауына қатысты.



Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы В.В. Путинмен жұмыс кездесуін өткізді.

Кездесуде екі елдің сауда-экономикалық ынтымақтастығын дамыту мәселелері, сондай-ақ халықаралық саясаттың жекелеген өзекті тақырыптары, соның ішінде Оңтүстік Осетиядағы жағдай да талқыланды.

Кездесу соңында Н.Ә. Назарбаев пен В.В. Путин қазақстандық және ресейлік олимпиадашыларға табысты өнер көрсетулерін тіледі.

Мемлекет басшысы Бейжің қаласындағы «Құс ұясы» стадионында болған XXIX жазғы Олимпиада ойындарының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

9 тамыз

Мемлекет басшысы Олимпиада қалашығына барып, онда қазақстандық спортшылармен кездесті.

«Мен сіздерді жігерлендіру үшін, сіздерге өз қолдауымызды, барша Қазақстан халқының қолдауын сезіндіру үшін осында келіп отырмын. Сіздер Олимпиада-дада лайықты өнер көрсетеді деп сенемін. Жеңістер міндетті түрде болады», — деді Президент спортшыларға ақ жол тілеп.

Қазақстан құрамасының мүшесі, боксшы С. Сәпиев олимпиадашылар атынан Н.Ә. Назарбаевқа Олимпиаданың естелік медалін сыйға тартты.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы олимпиадалық бітім символы болып табылатын «Бейбітшілік және достық» қабырғасындағы арнайы тақтаға қолтаңба қалдырды.



Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының бұрынғы Төрағасы Цзян Цзэминьмен кездесіп, оны Қытайдың үлкен жетістігі — XXIX жазғы Олимпиада ойындарын өткізуімен құттықтады.

«Бұл Сіздің үлкен еңбегіңіз. Бейжіңде Олимпиада ойындарын өткізу туралы шешім Сіздің елге басшылық етуіңіз кезінде қабылданған болатын», — деді Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан Президенті Цзян Цзэминьнің біздің елдер арасындағы шекара мәселелерін шешудегі, Шанхай ынтымақтастық ұйымын құрудағы айрықша ролін де атап көрсетті.



Мемлекет басшысы Корея Республикасының Президенті Ли Мён Бакпен жұмыс кездесуін өткізді.

Кездесу барысында тараптар екі елдің экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Атап айтқанда, корейлік компаниялардың мұнай-химия, атом энергетикасы, ауыл шаруашылығы, көлік салаларындағы индустриялық-инновациялық жобаларға қатысуы, сондай-ақ бірлескен инвестициялық қор құру арқылы инвестициялық ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды.



11 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы қаласында жұмыс сапарымен болып, қаланың бірқатар нысандарын аралап көрді.

Президент Рысқұлов пен Розыбақиев көшелерінің қиылысында іске қосылған айналма жолды қарап шықты, сондай-ақ Абай және Жандосов көшелерінің қиылысында салынып жатқан айналма жолдың құрылысымен танысты.

Бұдан кейін Н.Ә. Назарбаев «Арзан» көтерме сауда базары мен «Орбита» қазандық кешенінде де болды.

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Б.Т. Жұмағұловты қабылдады. Ол университеттің таяудағы 3 жылға арналған даму бағдарламасын ұсынды.

12–13 тамыз

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасында жұмыс сапарымен болып, Шолпан-Ата қаласында Қырғызстан Президенті Қ.С. Бакиевпен кездесті.

Тараптар кездесуде Грузияда орын алған жағдайды, сондай-ақ екі елдің ағымдағы жылдың 17 сәуірінде Жоғарғы мемлекетаралық кеңес отырысында қабылданған шешімінің іске асырылу барысын талқылады.



18 тамыз

Мемлекет басшысы олимпиялық чемпион, Бейжіңдегі XXIX Олимпиада ойындарында алтын ме-

даль жеңіп алған штангашы Илья Ильинге құттықтау жеделхатын жолдады.

«Қымбатты Илья, — делінген жеделхатта, — миллиондаған қазақстандықтардың және тікелей өз атымнан тамаша жеңісіңмен құттықтаймын! Табандылық, мақсаткерлік, жоғары спорттық шеберлік және жеңіске деген жігерлілік көрсете отырып, сен бүкіләлемдік ойындарда Қазақстанды лайықты таныттың. Сенің аса көрнекті табысың біздің спорттың шежіресіне мәңгілік болып енеді».

Мемлекет басшысы «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №642 Жарлығына қол қойды.

19 тамыз

Мемлекет басшысы «Е.Ж. Имантаев туралы» №643, «Б.М. Имашевты Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты қызметіне тағайындау туралы» №644, «Қ.Ш. Сүлейменовті Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі — Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы қызметіне тағайындау туралы» №645, «Қазақстан Республикасында ювеналды әділет жүйесін дамытудың 2009–2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» №646 жарлықтарына қол қойды.

20 тамыз

Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Қызылжар ауданының Новоникольское ауылына келіп, картоп өсірудің голландиялық технологиясының енгізілу нәтижесімен танысты және «Карусель» сиыр сауу қондырғысы орнатылған сүт өндіру кешенін қарап шықты. Мемлекет басшысы кешеннің ұйымдастырылуына жоғары баға берді және таяу уақыттары осындай бес сүт фермасы мен екі мал бордақылау алаңы салынатынын айтты.

Осыдан кейін Елбасы астық жинау жұмысының барысымен танысты және ағымдағы жылдың мамыр айында «Джон Дир» тұқым себу кешенімен астық егілген екі егіс алқабында болды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы №1271

Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №647 Жарлығына қол қойды.

21 тамыз

Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында жартылай вагондарды, вагондарды жөндейтін, элементтерін ауыстыра отырып, дөңгелек жұптарын дайындау және жөндеумен айналысатын «ЗИКСТО» зауытында болды.

Содан кейін Мемлекет басшысы «Абылай хан резиденциясы» кешенінің ашылу рәсіміне қатысты.

Салтанатты рәсімге жиналғандар алдында сөз сөйлеген Н.Ә. Назарбаев әр елдің шежіресінде есімі ұмытылмас тұлғалары барын атап өтті. Соның ішінде, жоңғар шапқыншылығы тұсында қазақ халқын құрып кетуден сақтап қалған Абылай ханның орны бөлек.

Мемлекет басшысы сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысының активімен кездесті, онда осы өңірдің ағымдағы жылдың жеті айындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы облыс әкімі С.С. Біләловтің есебін тыңдады. Президент облыс басшылығының алдына инфляцияны тоқтатуға, шағын және орта бизнесті дамытуға, халықтың әлеуметтік аз қамтылған топтарын қолдауға бағытталған міндеттер қойды.

Сол күні Мемлекет басшысы жұмыс сапарымен Қостанай облысына аттанды.

Қостанайда Президент «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы филиалының ғимаратында болып, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (ӘКК) басшыларымен барлық профильдік емес активтердің ӘКК-ға тапсыру мәселесі жөнінде кеңес өткізді.

Кеңес аяқталған соң, Президент Қостанай қаласының орталық алаңында қостанайлықтарды Қала күнімен құттықтады.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев «Заречный» ЖШС-нің егістік алқаптарын аралап көрді.



22 тамыз

Мемлекет басшысы Қостанай облысына жұмыс сапары барысында Рудный қаласында орта буынды кәсіби-техникалық кадрлар дайындау мәселесіне арналған Халықаралық еңбек форумына төрағалық етті.

Сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев экономикалық өсімнің жоғары қарқыны еңбек рыногы құрылымында айтарлықтай өзгерістерге және білікті жұмыс күшіне деген сұраныстың артуына әкеліп отырғанын атап етті. Қазіргі таңда орта буынды жоғары білікті мамандардың жетіспеушілігі өндірістің және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға әсер етіп отыр. «Қазақстанда ел жастарының сапалы кәсіби-техникалық білім алуына және де сол арқылы еңбек нарығына барынша епті бейімделуіне қажетті барлық жағдайды жасау қажет. Бұл жалпы мемлекеттік басты міндет, — деді Президент.



Мемлекет басшысының орта буынды кәсіби-техникалық кадрлар дайындау жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында Үкімет Техникалық және кәсіби білім беруді дамытудың 2008–2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жасап, қабылдады.

Сол күні Мемлекет басшысы Рудный қаласындағы «Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігі» АҚ мамандар даярлау оқу орталығының жұмысымен танысты. Мұнда кәсіпорындарға қажетті кәсіби-техникалық кадрларды даярлау өндіріс басында жүргізіледі.

Мемлекет басшысы «Е.Б. Бөлегенов туралы» №648 Жарлығына қол қойды.

23 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Президенті Әкімшілігінің басшылығымен кеңес өткізді.

Кеңес жұмысына Премьер-министр К.Қ. Мәсімов, Президент Әкімшілігінің Басшысы Қ.Н. Келімбетов, Премьер-министрдің орынбасарлары Ө.Е. Шөкеев пен Е.Т. Орынбаев, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Б.Т. Сұлтанов қатысты.



Кеңесте жаңа Салық және Бюджеттік кодекстердің және 2009–2011 жылдарға арналған үш жылдық бюджеттің жобалары талқыланды. Аталған құжаттарды Үкімет Президенттің ағымдағы жылдың ақпан айында жасаған «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаларға сәйкес дайындады.

Кеңестің қорытындысы бойынша, Мемлекет басшысы қаралған мәселелерге қатысты нақты тапсырмалар берді.

24 тамыз

Мемлекет басшысы Бейжің қаласындағы XXIX жазғы Олимпиада ойындарында алтын медаль жеңіп алған боксшы Б. Сәрсекбаевқа құттықтау жеделхатын жолдады.

«Қымбатты Бақыт, — делінген жеделхатта, — сені әлемдегі ең басты спорттық жарыстағы аса үздік табысыңмен — Бейжіңде өтіп жатқан XXIX жазғы Олимпиадалық ойындардың бокстан жеңімпазы болуыңмен шын жүректен құттықтаймын! Мұндай ұлы додада топ жарудың қаншалықты қиын екенін жақсы түсінемін. Бұл табысыңмен сен бүкіл Қазақстан халқын шексіз қуанышқа бөлеп отырсың. Бұл жеңіс мыңдаған жастарымыздың спортпен айналысуына, шынығып, шымыр болып өсуіне, салауатты өмір салтын ұстануына жаңа бір серпін берері анық».

25 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі (АӨСШК) кеңеске мүше мемлекеттер сыртқы істер министрлерінің III кездесуіне қатысты.

Президент форумға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Иордания Хашимиттік Корольдігі мен Біріккен Араб Әмірліктерін Кеңестің толыққанды мүшелері қатарына енуімен құттықтады.

Өз сөзінде Қазақстан Президенті ұйымның одан әрі дамуына қатысты мәселелерге тоқталды.

«Бүгінде АӨСШК-ге қатысушылар алдында маңызды міндеттер тұр. Ұжымдық дипломатияның барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, біз өзіміздің күш-қуатымызды халықаралық лаңкесшілдікпен, діни экстремизммен, ұйымдасқан қылмыспен,



есірткі трафигімен және заңсыз көші-қонмен күреске бағыттауға тиіспіз», — деді Н.Ә. Назарбаев. Азия құрлығындағы қауіпсіздікке қатер төндірушілердің қатарында Президент Ауғанстандағы, Ирактағы, Таяу Шығыстағы тұрақсыздық пен шиеленіс ошақтарын және Ирандағы ядролық бағдарламасы төңірегінде қалыптасқан ахуалды да атады. Сондай-ақ өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев Оңтүстік Осетия мен тұтастай алғанда, Кавказда қалыптасып отырған ахуалды қозғады. Қазақстан аталған мәселені БҰҰ-ның Жарғысы, халықаралық құқық нормалары мен принциптері негізінде шешу жөніндегі Ресей басшылығы ұсынған жолды қолдайтынын атап өтті.

2002 жылдан бері төрағалық етіп келе жатқан Қазақстанның мандаты 2010 жылы аяқталуына байланысты, бұл лауазымға АӨСШК-нің барынша белсенді қатысушыларының бірі — Түркия Республикасын сайлауды ұсынды (Қосымшаны қараңыз).

Форум барысында Кеңеске мүше мемлекеттердің ынтымақтастығы, халықаралық шиеленістерді реттеу, әлемдік қауымдастықтың алдында тұрған жаһандық проблемаларды шешу, сондай-ақ Кеңеске мүше елдердің өзара ықпалдастығының одан әрі тиімді жолдарын іздеу мәселелері талқыланды.

2007 жылы қабылданып, АӨСШК сенім шаралары каталогының тетіктерін бекітілген «АӨСШК сенім шараларын жүзеге асыруға кооперативтік қадамды» іс жүзінде іске асыру проблемасына баса назар аударылды.



Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстан Республикасының Халық банкі басқармасының төрағасы Г.А. Марченконы қабылдады. Ол Алматы қаласы Өңірлік қаржы орталығының даму келешегі, тұрғын үй рыногындағы жағдай және инфрақұрылымдық, атап айтқанда, энергетика және жол құрылысы салаларындағы жобаларды қаржыландыру мүмкіндіктері туралы хабардар етті.

Сондай-ақ Қазақстанның банк секторының даму қарқыны мен келешегі, банктердің сыртқы қарызына қызмет көрсету, олардың өтімділігі, сыртқы рыноктарға қазақстандық банктердің қолжетімділігі мәселелері талқыланды.



Мемлекет басшысы ЕурАзЭҚ бас хатшысы Т.А. Мансұровты қабылдады.

Ол ағымдағы жылдың 10-шы қазанында Бішкек қаласында мемлекет басшылары деңгейінде ЕурАзЭҚ халықаралық кеңесінің отырысын өткізуге дайындық жұмыстарының барысы туралы баяндады.

Кездесуде сондай-ақ ЕурАзЭҚ аясындағы жан-жақты ынтымақтастық мәселелері, ұйымның даму перспективалары, Кедендік одақты қалыптастыру мәселелері талқыланды.



Мемлекет басшысы «Астананың 10 жылдығы» мерекелік медалімен наградтау туралы» №649 Жарлығына қол қойды.

26 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің төрайымы Е.Л. Бахмутованы қабылдады. Ол Қазақстандағы қаржы нарығының ағымдағы жай-күйі, Агенттік пен Үкіметтің қаржы саласында қабылдап отырған шаралары туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы «Джон Ордвейді II дәрежелі «Достық» орденімен наградтау туралы» №650, «Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің Терроризмге қарсы бірлескен оқу-жаттығуларын ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы келісімге қол қою туралы» №651 жарлықтарына қол қойды.

27 тамыз

Мемлекет басшысы ШЫҰ мүше мемлекеттер Басшылары кеңесінің отырысына қатысу үшін Тәжікстан Республикасының астанасы Душанбе қаласына келді.

Сол күні Н.Ә. Назарбаев Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен кездесіп, онда екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері талқыланды.

28 тамыз

Мемлекет басшысы Тәжікстан Республикасының астанасы Душанбе қаласында өткен ШЫҰ мүше мемлекеттер Басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Саммитке сондай-ақ Қытай, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Ауғанстан және Иран елдерінің басшылары қатысты.

Отырыста ШЫҰ мүше мемлекеттердің қауіпсіздігі мәселелері, халықаралық лаңкестікке қарсы әрекеттер және сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев ұйымның даму қарқынына және алға қойған міндеттердің орындалу барысына қанағаттанатындығын білдірді. Сонымен қатар, ол қауіпсіздік пен тұрақты дамуға едәуір қауіп төндіретін мәселелерді, ең алдымен халықаралық терроризм, экстремизм, заңсыз көші-қон мен есірткі айналымы проблемаларын бөліп көрсетті.

Қазақстан Президенті сондай-ақ сауда-экономикалық ынтымақтастықтың, бірыңғай энергетикалық кеңістікті құрудың, көлік коммуникацияларын дамытудың, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, стихиялық апаттардың алдын алу және олардың салдарын ШЫҰ-ға мүше мемлекеттерінің аумағында жою тетігінің маңызын атап өтті. «Бүгінде ШЫҰ кең-байтақ еуразиялық кеңістіктегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды элементі болып табылады», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Отырыстың қорытындысы бойынша бірқатар құжаттарға, оның ішінде ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының Душанбе декларациясына және мемлекет басшыларының Бірлескен коммуникациясына қол қойылды.



Мемлекет басшысы Душанбе қаласында өткен ШЫҰ саммиті аясында оның қатысушыларымен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

Н.Ә. Назарбаев Ресей Федерациясының Президенті Д.А. Медведевпен кездесіп, екіжақты ынтымақтастықтың бірқатар мәселелерін талқылады. Қазақстан Президенті Д.А. Медведевті ағымдағы жылдың 22 қыркүйегінде Ақтөбе қаласында өтетін Қазақстан

мен Ресейдің өңіраралық ынтымақтастығының V форумына қатысуға шақырды.

Н.Ә. Назарбаев Оңтүстік Осетиядағы ахуалға қатысты айта келе, Қазақстан Ресейдің осы өңірдегі бітімгершілік күш-жігеріне түсіністікпен қарайтынын атап өтті және бұл ахуалдың халықаралық құқық нормалары мен принциптері негізінде реттелетініне сенім білдірді.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Иран Ислам Республикасының Президенті М. Ахмадинежадпен кездесуін өткізіп, онда екіжақты ынтымақтастықтың бірқатар өзекті мәселелері талқыланды.



29 тамыз

Мемлекет басшысы «Ақорда» астаналық резиденциясында Бейжіңдегі XXIX жазғы Олимпиада ойындарының жеңімпаздары атанған қазақстандық спортшыларды қабылдады.

Президент қазақстандық жүлдегерлерге табысты өнер көрсеткендері үшін алғыс білдірді, солардың арқасында Қазақстан ұлттық құрамасы әлемнің екі жүз елінің ішіндегі үздік отыздықтың қатарына кірді. Жалпы медальдар саны бойынша еліміз 19 орынды иеленді. Қазақстан спортшылары екі мәрте Олимпиада ойындарының чемпионы атанып, жеңістің биік тұғырынан көрінді.

Н.Ә. Назарбаев Олимпиадалық наградалар — бұл спортшының ғана жеке жетістігі еместігін атап өтті. Бұл — бүкіл елдің жеңістері, Қазақстанның әлемдегі беделін нығайтуға қосқан айрықша үлес.

Мемлекет басшысы Олимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлерін мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы жарлыққа қол қойғанын айтты.

Олимпиада чемпиондары штангашы И. Ильин мен боксшы Б. Сәрсекбаев I-ші дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды.

Күміс жүлдегерлер И. Некрасова мен А. Важенина (ауыр атлетика), А. Жіткеев (дзюдо) және Т. Тигиев (еркін күрес) «Парасат» орденімен марапатталды.

«Құрмет» орденімен Олимпиаданың қола жүлдегерлері М. Грабовецкая (ауыр атлетика), Е. Шалыгина (еркін күрес), Е. Шынәлиев (бокс), А. Шылманов (таэквондо), М. Муталимов (еркін күрес), Н. Теңізбаев пен Ә. Мәмбетов (грек-рим күресі) наградалды.





«Барыс» ордені 1999 жылы үш дәрежелі болып бекітілді. I, II, III дәрежелі «Барыс» орденімен наградау Қазақстан Республикасының мемлекеттігі мен егемендігін нығайту ісіне; бейбітшілікті, қоғамның топтасуы мен Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз етуге; мемлекеттік, өндірістік, ғылыми, әлеуметтік-мәдени және қоғамдық қызметте; халықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға; ұлттық мәдениеттерді жақындастыру мен өзара байытуға; мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды дамытуға сіңірген ерекше еңбегі үшін жүргізіледі.

I дәрежелі «Барыс» ордені жұлдыздан (1-сурет) және иыққа асатын лентадағы белгіден (2-сурет), II дәрежелі «Барыс» ордені тақташасындағы белгіден (3-сурет), III дәрежелі «Барыс» ордені мойынға асатын лентадағы белгіден (4-сурет) тұрады.

«Парасат» ордені (5-сурет) 1993 жылы бекітілген. «Парасат» орденімен ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ және халықтың рухани және ой-өрісін жоғарылатудағы әлеуетін дамытудағы еңбегі үшін, азаматтардың құқығы мен әлеуметтік мүдделерін қорғауда ерен еңбегін сіңірген азаматтар марапатталады.

«Құрмет» ордені (6-сурет) 1993 жылы бекітілген. «Құрмет» орденімен азаматтар экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті, білім беру ісін дамытуға сіңірген еңбегі, мемлекеттік қызметтегі үлгілі қызметі және белсенді қоғамдық қызметі үшін марапатталады.

Мемлекет басшысы Египет Араб Республикасының Сауда және индустрия министрі Р.М. Рашидті қабылдады.

Кездесу барысында сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту мен бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы дипломатиялық миссиясының аяқталуына байланысты Америка Құрама Штаттарының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Дж. Ордвейді қабылдады.

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Бейбітшілік пен келісім сарайында Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне орай өткен салтанатты жиналысқа қатысты.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №652, «2009–2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы туралы» №653 жарлықтарына қол қойды.

ҚЫРКҮЙЕК



Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	



1 қыркүйек

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы №60 лицейдің ашылуына қатысты.


Лицей оқушылары мен ұстаздарының алдында сөз сөйлеген Президент еліміздің барлық оқушыларын жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. «Бұл білім ордасы — Астанадағы үздік мектептердің бірі. Бұл мектеп озық заманауи технологияларды пайдалана отырып, интеллектуалды жастарды тәрбиелеп шығаруға тиіс. Бүгінде біздің балаларымыздың болашақтағы өмірлеріне қажетті терең білім алуы үшін барлық жағдай жасалып отыр. Біздің елде жүргізіп отырған саясатымыз да осыған бағытталған», — деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ мектептің оқу бөлмелерін аралап көрді және лицейді бітіруші сыныптың алғашқы сабағына қатысты.



Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің отырысына төрағалық етті.

Отырыс барысында таяуда Душанбе қаласында өткен Шанхай ынтымақтастығы ұйымына (ШЫҰ) мүше мемлекеттер басшыларының кеңесінен туындаған мәселелер қаралды. Сонымен қатар, Қазақстанның экономикалық ахуалы мен ішкі саясатының мәселелері және Кавказдағы қақтығыс аймағына гуманитарлық көмек көрсету мәселелері талқыланды.



2 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысына қатысып, төртінші шақырылымының II сессиясын ашты.

Депутаттар алдында сөйлеген сөзінде Президент Парламенттің бірінші кезектегі міндеттерінің бірі ретінде экономикалық блоктың стратегиялық маңызды заң жобалары — Салық және Бюджет кодекстерін, үшжылдық бюджет, сондай-ақ бәсекелестік туралы заң жобасын қабылдауды атады. Келесі маңызды стратегиялық бағыт ретінде Мемлекет басшысы Конституциямызға 2007 жылы енгізілген елдегі одан әрі демократияландыру ісіне қажетті құқықтық негіздер құруды белгіледі. Сонымен қатар, Н.Ә. Назарбаев Парламентті кемінде екі партияның қатысуымен жасақтауға мүмкіндік беретін құқықтық тетік құру қажеттігін атап өтті. Осыған байланысты таяуда «Сайлау



туралы» конституциялық заңға, «Саяси партиялар туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» және басқа да заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобалары Парламентке енгізілетін болды. «Аталған заң жобаларын қабылдау елдегі саяси реформалар аясындағы маңызды кезең болмақ», — деді Президент (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшілер — Жапонияның елшісі С. Нацуиден, Палестина ұлттық әкімшілігінің елшісі Х.Ю. Абу-Олы, Ватиканның елшісі М.М. Буендиа және Еуропалық комиссияның Қазақстандағы Өкілдігінің басшысы Н. Жустеннен сенім грамоталарын қабылдады.



Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттары мемлекеттік хатшысының Оңтүстік және Орталық Азия істері жөніндегі көмекшісі Р. Баучерді оның өтініші бойынша қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды.

3 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Германия Федеративтік Республикасының Федералды президенті Х. Келлерді қабылдады.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың ахуалы мен перспективасы талқыланды. атап айтқанда, 2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі аясында екіжақты инвестициялық ынтымақтастық пен өзара әрекетті одан әрі дамыту, гуманитарлық байланыстар аясында 2009 жылы Германиядағы Қазақстан жылын және 2010 жылы Қазақстандағы Германия жылын өткізу мәселелері талқыланды.

Германия Федералды президентінің мемлекеттік сапары аясында Қазақстан Республикасы мен ГФР арасындағы Болашақтың игілігі жолындағы әріптестік туралы бірлескен мәлімдемеге, сондай-ақ Қазақстан мен Германия үкіметтері арасындағы Алматыдағы Қазақстан-неміс университетін дамыту жөніндегі одан әрі ынтымақтастық туралы келісімге және Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі



мен ГФР Экономика және технологиялар федералды министрлігі арасындағы 2011 жылға дейінгі кезеңге арналған инновациялық-инвестициялық әріптестікті қалыптастыру туралы келісімге қол қойылды.

Келіссөздерден кейін мемлекет басшыларының бірлескен баспасөз конференциясы болып өтті.

Мемлекет басшысы дипломатиялық миссиясының аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасындағы Қытай Халық Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Чжан Сиюнді қабылдады.

Мемлекет басшысы «Хабар» Агенттігі» АҚ бас директоры Г.М. Ықсанованы қабылдады. Ол Президентке агенттіктің жай-күйі мен келешегі туралы баяндады.

Мемлекет басшысы «Чжан Сиюнді Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №654 Жарлығына қол қойды.

4 қыркүйек

Мемлекет басшысы «Қ.Қ. Әбдірахмановты Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы және Вена қаласындағы басқа да халықаралық ұйымдар жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі қызметіне тағайындау туралы» №655 Жарлығына қол қойды.

5 қыркүйек

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында өткен ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясына қатысты.

Онда ҰҚШҰ-ның жауапты аймағындағы ахуалды дамыту мен ұжымдық қауіпсіздікке төнген қауіп-қатерлерді бейтараптандыру, ең бастысы қазіргі заманғы қатерлерге қарсы күрес шараларына қатысты өзекті мәселелер жөнінде сындарлы үнқатысу болды. Сондай-ақ 2006 жылы — Минск қаласында, 2007 жылы — Душанбе қаласында өткен Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі сессиясы шешімдерінің орындалу қорытындысын қарады.

Сессия жұмысының қорытындысы бойынша лаңкестікке қарсы күрес және Ұйымға мүше мемлекеттердің сыртқы саяси қызметін үйлестіру



мәселелерінде ҰҚШҰ әлеуетін нығайтуды қамтамасыз ететін бірқатар маңызды шешімдер қабылданды. Атап айтқанда, ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің халықаралық қауіпсіздіктің негізгі мәселелеріне қатысты көзқарасы, Ұйымның аталған мәселелерді шешуге қатысты ұстанымы көрсетілген Декларация қабылданды, ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің құқық қорғау, өрт сөндіру қызметі, апаттан сақтандыру органдары мен арнайы қызметтері үшін кадрлар даярлау туралы келісімге қол қойылды, ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің ақпараттық қауіпсіздігі жүйесін құру жөніндегі бірлескен іс-қимыл бағдарламасы, БҰҰ-ның 2008–2012 жылдарға арналған лаңкестікке қарсы жаһандық стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің ұжымдық іс-қимыл жоспары, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының арнайы мемлекетаралық бағдарламасын әзірлеу, қаржыландыру және іске асыру тәртібі туралы ереже бекітілді және «Арна» кешенді жедел алдын алу операциясына ҰҚШҰ-ның есірткіге қарсы өңірлік тұрақты операциясы мәртебесін беру туралы шешім қабылданды.

8–18 қыркүйек

Мемлекет басшысы қысқа мерзімді демалыста болды.

19 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Премьер-министрі К.Қ. Мәсімовті қабылдады. Ол Президентті еліміздегі қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдай туралы, құрылыс саласындағы ахуал, егін жинау науқанының барысы, сондай-ақ Үкіметтің ағымдағы жылдың 9 айында атқарған жұмысының алдын ала қорытындылары туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы «Р.С. Жиенбаев туралы» №656, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі №853 және 2003 жылғы 18 тамыздағы №1166 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» №657 жарлықтарына қол қойды.

21 қыркүйек

Мемлекет басшысы Ақтөбе облысында жұмыс сапарымен болып, Ақтөбе қаласының жаңа әуежай ғимараты мен «Нұрсәт» атты жаңа мектепке дейінгі балалар орталығын аралап көрді.



1933 жылы ашылған Ақтөбе әуежайы еліміздегі ескі әуежайлардың бірі болып саналады. Әуежай кешенінің техникалық тозуына байланысты, 2004 жылы оны қайта жөндеу қолға алынды, нәтижесінде әуежайдағы ұшыру және қону жолақтары ұзартылып, заманауи жарықтандыру қондырғылары жаңартылды. Сондай-ақ әуежай кешені қайта жаңғыртылды. Соның нәтижесінде сағатына жолаушылар өткізілімі 200-ден 500 адамға дейін артқан, ал жүктерді өңдеу тәулігіне 20 тоннадан 60 тоннаға дейін жоғарылаған. Қазіргі кезде Ақтөбе қаласының әуежайы барлық халықаралық стандарттар мен талаптарға сай келеді.

Мемлекет басшысы Пәкстан Ислам Республикасының Президенті А.А. Зардариге осы елде көптеген адамдарды опат еткен террористік әрекеттің болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

22 қыркүйек

Мемлекет басшысы Ақтөбе облысына жұмыс сапары барысында Ақтөбе қаласындағы «Алатау» сауда, ойын-сауық орталығында және Қазақстандағы медициналық және өндірістік рентген аппараттарын шығаратын жалғыз өнеркәсіп «Ақтөберентген» АҚ болды.

Мұнда Президентке КРФ-112 «Флюкар» жылжымалы рентген флюорографиялық сандық кешені мен КРМ-111 «Маммокар» рентген маммографиялық диагностикалық кешені көрсетілді.

Сол күні Мемлекет басшысы Ақтөбе қаласында өткен Қазақстан мен Ресейдің өңіраралық ынтымақтастығының V форумына қатысты.

Форум аясында Н.Ә. Назарбаев Ресей Федерациясының Президенті Д.А. Медведевпен кездесіп, отын-энергетика және көлік саласындағы, шекаралас және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық салаларындағы екіжақты нақты жобалардың жүзеге асырылу барысы жөнінде пікір алмасты.

Келіссөздер аяқталғаннан кейін екі елдің басшылары «Қоныс» спорт сарайына барып, «Жоғары технологиялар — өңірлерге. Шекарадағы ынтымақтастық» атты қазақстандық-ресейлік тауар өндірушілердің көрмесін тамашалады. Көрмеге Қазақстан Республикасының жеті өңірінің тауар өндірушілері мен даму институттары, ал Ресей Федерациясы жағынан 13 өңірдің тауар өндірушілері қатысты. Сондай-ақ Ақтөбе облысының



озық жобалары мен «Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын жобалар таныстырылды.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев пен Д.А. Медведев жоғары технологиялар саласындағы ықпалдастықты дамытуға арналған Қазақстан мен Ресейдің өңіраралық ынтымақтастығының V форумының жалпы отырысына қатысты.

Форумда сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев шекаралас өңірлер басшыларының кездесуін тұрақты негізде ұйымдастыру — Қазақстан мен Ресейдің екіжақты ықпалдастығының айқын дәлелі екенін атап өтті. «Ақтөбеде өтіп отырған бүгінгі, бесінші форумның айрықша маңызы бар. Бұл форум біздің екі елдің Мәңгілік достық және ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Ресей декларациясына қол қоюдың 10 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Мұның өзі екіжақты қарым-қатынастың ұзақ мерзімді сипатын аңғартады», — деді Президент. Қазақстан басшысы екі елдің бүгінде атом энергетикасы, ғарыш салаларында белсенді өзара іс-әрекет етіп жатқандығын атап өтті. Ағымдағы жылы Инновациялық даму бойынша қазақстандық-ресейлік ынтымақтастықты жандандыру жөніндегі жұмыс тобы құрылды. Екі елдің инновациялық саладағы ықпалдастығы да екіжақты қарым-қатынастарды дамытудағы маңызды кезең болып табылады (Қосымшаны қараңыз).

Форум соңында өзара ынтымақтастық туралы екіжақты құжаттарға қол қойылды және келесі форумды 2009 жылдың қыркүйегінде Орынбор қаласында өткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.



Қазақстан-Ресей екіжақты қарым-қатынасында шекара маңындағы ынтымақтастық мәселесі ерекше орынды иеленеді, бұның өзі бірқатар объективті себептерге негізделеді.

Қазақстан мен Ресей ұзындығы 7,5 мың шақырымнан астам құрлықтағы бірлескен шекараға ие. ТМД мемлекеттерінің шекаралары бойында орналасқан Ресей Федерациясының 27 субъектісінің 12-сі қазақстандық 7 облыспен көршілесе орналасқан. Ресейдің 89 өңірлерінің 76-сы Қазақстанмен сауда-экономикалық байланыста. Бұдан бөлек, шекара маңындағы ынтымақтастықтың үлесіне Қазақстан-Ресей арасындағы барлық сауданың 70% тиесілі.

Шекара маңындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту мақсатында Қазақстан мен Ресей 1999 жылдың қыркүйегінде шекара маңы ынтымақтастығы туралы үкіметаралық келісімге қол қойды және 1999-2007 жылдарға арналған шекара маңы ынтымақтастығының бағдарламасын қабылдады.

2003 жылдан бастап екі мемлекеттің басшыларының қатысуымен Қазақстан мен Ресей шекара маңындағы өңірлер басшыларының жыл сайынғы форумын өткізу практикасы ауқымдана түсті, оның барысында екіжақты ынтымақтастықтың аса өзекті мәселелері талқыланатын болды.

Алғашқы қазақстандық-ресейлік форум 2003 жылдың сәуірінде Омбы қаласында (Ресей), екіншісі — 2005 жылдың мамырында Челябинда (Ресей), үшіншісі — 2006 жылдың қазанында Орал қаласында (Қазақстан), төртіншісі — Новосибирскіде болып өтті.

Мемлекет басшысы «А.Т. Оразбайды Қазақстан Республикасының Түрікменстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №658, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №523 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №659, «Бір тараптан Қазақстан Республикасы және екінші тараптан еуропалық қоғамдастықтар мен оларға мүше мемлекеттер арасындағы Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге (ӘЫК) Тоқыма саудасы жөніндегі екі жақты келісімнің қолданылу мерзімінің аяқталуын ескере отырып, тоқыманың екі жақты саудасына ӘЫК ережелерінің қолданылуын таратуға қатысты хаттамаға қол қою туралы» №660 жарлықтарына қол қойды.

23 қыркүйек

Мемлекет басшысы Батыс Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент облыстың ірі өндіріс ошақтарының бірі болып табылатын «Батыс Қазақстан машина жасау компаниясы» АҚ аралап көріп, Қазақстандағы алғашқы газкомпрессорлық стансалардың жабдықтарын жасау мен жөндеу желісінің салтанатты ашылуына қатысты және «Гидромаш-Орион МЖБК» ЖШС-інде болып, құрылыс материалдарын шығаратын жаңа жоғары технологиялық желіні іске қосуға қатысты.

Содан кейін, Президент Орал қаласында Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасының аясында жас отбасыларға арнап салынған 90 пәтерлік «Жас отау» тұрғын үйін, сондай-ақ 300 бүлдіршінге арналған «Балбұлақ» жаңа балалар бақшасын аралап көрді.



Сол күні Мемлекет басшысы «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы облыстық филиалының жаңа ғимаратында облыс активімен кездесуін өткізді.

24 қыркүйек

Мемлекет басшысы Маңғыстау облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Ақтау қаласында өткен Маңғыстау облысының құрылғанына 35 жыл толуына арналған салтанатты жиналысқа қатысқан соң, облыстың бірқатар аудандарын аралап көрді. Атап айтқанда, Н.Ә. Назарбаев Мұнайлы ауданына барып, аудан орталығында бой көтерген жаңа мектепті аралап көрді, сондай-ақ Түпқараған ауданындағы Баутино кентіне келіп, теңіз мұнай операцияларын қолдау базасының жұмысымен танысты.

Содан кейін Президент Т.Г. Шевченко мемориалдық мұражайын және Түпқараған ауданының жаңа емханасын аралап көрді.



25 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы Ә.Ф. Сәйденовті қабылдап, ішкі және халықаралық қаржы нарығындағы ағымдағы жағдайларды талқылады.



Мемлекет басшысы Астана қаласының әкімі И.Н. Тасмағамбетовті қабылдады. Ол елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен Президенттің қала құрылысына байланысты тапсырмаларының орындалу барысы жөнінде хабардар етті.

26 қыркүйек

Мемлекет басшысы «Самұрық» Мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ басқармасының төрағасы Қ.А. Бозымбаевты қабылдады. Ол Президентке холдингінің экономикалық дамуының ағымдағы ахуалы, сондай-ақ энергетика саласындағы ірі инвестициялық жобаларды іске асырудың барысы туралы баяндады.

29 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасы Қ.Ә. Мәмиді қабылдап, ол сот төрелігі жүйесін одан әрі жетілдіру, сот реформасын тереңдету жөнінде қабылданған шаралар туралы, «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңға сай конституциялық түзетулерге сәйкес Жоғарғы сот әзірлеген «Қазақстан

Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заң жобасының Парламентте талқылану барысы туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы «Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын қалыптастыруға бағытталған халықаралық шарттардың күшіне ену, олардан шығу және оларға қосылу тәртібі туралы хаттаманы ратификациялау туралы» №68-IV, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Румыния Үкіметі арасындағы Жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімді ратификациялау туралы» №69-IV заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «М.С. Өтебаев туралы» №661, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 ақпандағы №533 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» №662 жарлықтарына қол қойды.

30 қыркүйек

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы «Нұр Астана» мешітінде болып, Қазақстандағы барша мұсылмандарды Ораза айт мерекесімен құттықтады.

«Еліміздің барша мұсылмандар қауымын осы керемет мереке — Ораза айт мерекесімен құттықтаймын. Қасиетті айда ораза ұстап, дұға жасаған, құран оқып Аллаға жалбарынған барлық ағайынның ниеттері Алланың құлағына шалына берсін. Баршамыздың жасаған дұғаларымыз, Алладан тілеген тілектеріміз қабыл болсын. Ел тұрғындарының арасындағы достық қарым-қатынас сақталып, еліміз әрдайым жетекші мемлекеттердің қатарынан табылып, мәртебесі биіктей берсін», — деді Президент.

Сол күні Мемлекет басшысы Павлодар облысына жұмыс сапарымен келіп, облыстық мәслихат сессиясына қатысты.

Президент Павлодар облысының әкімі қызметіне тағайындау үшін Б.Ә. Сағынтаевтың кандидатурасын депутаттардың қарауына ұсынды. Депутаттар Павлодар облысының әкімі лауазымына Б.Ә. Сағынтаевтың кандидатурасын бірауыздан қолдады.

Отырыс аяқталған соң, Н.Ә. Назарбаев облыс активіне өңірдің жаңа басшысын таныстырды және облыстың жаңа басшылығының алдына өңірдің

әлеуметтік-экономикалық дамуына, атап айтқанда, отын-энергетикалық кешенді, өнеркәсіпті, сондай-ақ шағын бизнесті өркендету жөнінде бірқатар нақты тапсырмалар қойды.

Мемлекет басшысы «Павлодарэнерго» ЖЭО-3 АҚ-ында болып, еліміздің электр энергетикалық кешенін дамыту мәселелеріне арналған кеңес өткізді.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан бүгіннің өзінде электр энергиясы тапшылығын тартып отырғанын атап өтті. Осыған байланысты Балқаш ЖЭС-інің құрылысын салу, елдің электр энергетикалық желісін, атап айтқанда, «Солтүстік-Ақтөбе», «Солтүстік-Оңтүстік» желісінің бірінші учаскесінің электр желілерін дамыту жөніндегі жобаларды жедел іске асыру міндетін қойды. Мемлекет басшысы энергияны үнемдеу, саланы реттеудің жаңа тарифтік жүйесін енгізу және Қазақстанның Киото хаттамасына қосылуын жеделдету міндеттерін алға қойды.

Кездесудің қорытындысы бойынша Президент ел Үкіметіне, «Самұрық» Мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ мен «KEGOC» АҚ басшыларына елдің энергетикалық кешенін одан әрі дамыту бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы Павлодар қаласында Достық үйінің ашылу салтанатына қатысты және Павлодар облысының ұлттық-мәдени және діни бірлестіктерінің басшыларымен кездесті. Сондай-ақ Н.Ә. Назарбаев ұлттық-мәдени бірлестіктердің шығармашылық ұжымдары республикалық фестивалінің «Достықтың дархан ұясы» атты концертін тамашалады.

Мемлекет басшысы «Қ.А. Нұрпейісов туралы» №663, «Б.Ә. Сағынтаевты Павлодар облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №664 жарлықтарына қол қойды.

ҚАЗАН



Дс		6	13	20	27
Сс		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	29
Бс	2	9	16	23	30
Жм	3	10	17	24	31
Сн	4	11	18	25	
Жк	5	12	19	26	



1 қазан

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Глубокое ауданындағы Предгорное ауылына барып, облыстағы қалалар мен аудандардың және ауылдық округтердің әкімдерімен кеңес өткізді. Кеңесте сөз сөйлеген Мемлекет басшысы жиналғандар назарын Қазақстанды одан әрі серпінді дамыту жөніндегі стратегиялық жоспарлардың табысты іске асуы әсіресе жергілікті жердегі атқарушы билік органдарының кәсіби, байыпты іс-қимылына тікелей байланысты екендігіне аудартты. Осыған байланысты Үкіметке орталық пен өңірлер арасындағы өкілеттікті бөлу жөніндегі мәселені шешу, әкімнің мәртебесін көтеру, әкімдіктер мен орталық атқарушы биліктің аумақтық бөлімшелерінің құрылымдарын Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясына сәйкестендіру, жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізу тетіктерін қарастыратын заң жобасын әзірлеу міндеттерін жүктеді. Президент мемлекеттік басқару жүйесін реформалаудың түпкі мақсаты мемлекет ұсынған қызметтердің сапасына халықтың көңілін толтыру болып табылатынын атап өтті. Бұл — мемлекеттік аппарат жұмысының тиімділігін бағалаудың басты өлшемі.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев Өскемен қаласындағы №1 кәсіби лицейге келді. Н.Ә. Назарбаев шеберханаларды аралап көріп, оқушылармен әңгімелесті және «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ-ында болып, магний өндіру цехының өндірістік циклімен және шығарылатын өнімдердің көрмесімен танысты.

2 қазан

Мемлекет басшысы Астана қаласында салынып жатқан орталық концерт залы құрылысының барысымен танысты.



Мемлекет басшысы «В. Затлерсті I дәрежелі «Достық» орденімен наградау туралы» №665 Жарлығына қол қойды.



3 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Латвия Республикасының Президенті В. Затлерспен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықтың жай-күйі мен перспективаларын талқылады. Осыған орай Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның жұмысын жандандыруға айрықша маңыз берілді. Латвияның дамыған порттық, темір және автомобиль жолдары бар көліктік әлеуетін транзиттік дәліз ретінде пайдалану мүмкіндігі әңгіменің басты өзегі болды. Тараптар «Қытай-Қазақстан-Ресей-Балтық» көлік дәлізі бойынша теміржол тасымалын ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды жалғастыруға уағдаласты. Резекне — Алматы бағыты бойынша 2003 жылғы сәуірден бастап қатынайтын «Балтық транзит» контейнерлік бағытын, 2005 жылы пайдалануға берілген Вентспил портындағы Қазақстан-Латвия бірлескен астық терминалын дамытуға ниет білдірілді.

Тараптар, сонымен қатар ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық мәселелерін де көтерді. Атап айтқанда, латвиялық әріптестердің ауыл шаруашылығы және мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу бойынша экспортқа шығарылатын тауар өндірісін құруға қатысу перспективасы, егін және асыл тұқымды мал шаруашылығының озық технологияларын алмасу мәселелеріне назар аударылды.

Екі елдің басшылары ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, білім беру, денсаулық сақтау, туризм және спорт салаларында да өзара ынтымақтасуға мүдделілік танытты.

Кездесу соңында В. Затлерс Қазақстан Президентіне Латвия Республикасының жоғары мемлекеттік наградасы — «Үш жұлдыз» орденін табыс етті. Қазақстан басшысы өз кезегінде Латвия Президентін I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша мемлекет басшыларының Бірлескен мәлімдемесі қабылданды. Содан соң президенттер бірлескен баспасөз конференциясына қатысып, журналистердің сұрақтарына жауап берді.



«Достық» ордені 1995 жылы шығарылған. Екі дәрежесі бар. Онымен қоғамда өзара келісімді сақтау бойынша жемісті еңбек еткен, халықтар арасындағы бейбітшілік, достық және ынтымақтастықты нығайтуға айрықша үлес қосқан қазақстандық және шетелдік азаматтар марапатталады.



1



2



3



4

1-ші дәрежелі «Достық» ордені жұлдыздан (1-сурет) және аспалы лентаға тағылған орден белгісінен (2-сурет), II-ші дәрежелі «Достық» ордені — төске тағатын орден белгісінен (3-сурет) тұрады.

«Үш жұлдыз» ордені (4-сурет) 1924 жылы Латвия мемлекетінің 1918 жылғы 18 қарашада құрылуына естелік ретінде бекітілген. 1994 жылы орден қайта қалпына келтірілді. Ол қоғамдық, мәдени, ғылыми, спорттық және шаруашылық қызметтерге қосқан елеулі үлесі үшін беріледі. Бес дәрежесі бар.

Сол күні Мемлекет басшысы Латвия Республикасының Президенті В. Затлерспен бірге Қазақстан-Латвия бизнес-форумының ашылуына қатысты.

Қазақстан басшысы форумға жиналғандар алдында сөйлеген сөзінде бизнес-форумның өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға және екіжақты қарым-қатынасты одан әрі дамытуға серпін беретініне сенім білдірді.



Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №666, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалінен айыру туралы» №667 жарлықтарына қол қойды.

5 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысы К. Райсты қабылдап, халықаралық және аймақтық мәселелерін кеңінен талқылады. Атап айтқанда, Ауғанстандағы жағдайды оңалту, Ирактағы ахуалды тұрақтандыру, Кавказдағы шиеленісті реттеу, Орталық Азия өңірінің дамуы, Америка-Ресей қарым-қатынасының қазіргі жай-күйі мәселелері сөз болды.

Президент Қазақстанның 2010 жылы Еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуіне көрсеткен қолдауы үшін АҚШ-қа ризашылық білдіріп, осы Ұйымның аясында екі елдің ынтымақтастығының арта түсетініне сенетінін жеткізді.

Тараптар Қазақстан мен АҚШ арасындағы сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық саладағы байланыстарды одан әрі кеңейте беруге уағдаласты.



6 қазан

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының Президенті Қ.С. Бакиевке 2008 жылдың 5 қазанында Ош облысында болған жер сілкінісі салдарынан құрбан болғандарға байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Қазақстан адамдардың қазасына әкелген Ош облысындағы жер сілкінісі туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабыл алды. Қазақстан халқының және жеке өз атымнан қаза болғандардың туыстары мен жақындарына қатты қайғырып көңіл айтуымды және болған іске болаттай берік болуларын жеткізуіңізді сұраймын», — делінген жеделхатта.

7 қазан

Мемлекет басшысы Палестина ұлттық әкімшілігі төрағасының арнаулы өкілі Я. Аббасты қабылдады.

Кездесу барысында Таяу Шығыстағы шиеленісті реттеуге байланысты мәселелер қаралды. Президент осы мәселені шешуде келіссөздер үдерісін жалғастыру қажеттігін атап көрсетті.

Әңгіме барысында сондай-ақ екіжақты ынтымақтастық пен Қазақстан-Палестина сауда-экономикалық өзара іс-қимылын кеңейтудің мүмкіндігі мәселелері қозғалды.



Мемлекет басшысы «С. Чамморроны II дәрежелі «Достық» орденімен наградау туралы» №668 Жарлығына қол қойды.

8 қазан

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшілер — Америка Құрама Штаттарының елшісі — Р. Хоугланд, Египет Араб Республикасының елшісі Абдалла әл-Аруси, Швейцария Конфедерациясының елшісі Ш. Неллен, Венгрия Республикасының елшісі Я. Балла, Армения Республикасының елшісі В. Казарян, Израиль Мемлекетінің елшісі И. Мей-Ами, Қытай Халық Республикасының елшісі Чэн Го-пиннен сенім грамоталарын қабылдады.

Президент сондай-ақ дипломатиялық миссиясының аяқталуына байланысты Испания Корольдігінің Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі С. Чамморроны қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев С. Чаморроға Қазақстан-Испания ынтымақтастығын нығайту және дамыту жөніндегі жемісті еңбегі үшін алғыс айтты және II дәрежелі «Достық» орденін табыс етті.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Б.Б. Жәмішевті қабылдады. Ол Үкіметтің еліміздің қаржы секторындағы ахуалды жақсарту үшін қабылдаған шаралары туралы, ағымдағы жылға арналған бюджеттің орындалуы жөнінде, 2009 жылғы бюджетті орындау жөніндегі алдағы атқарылатын міндеттер туралы баяндап берді. Бірқатар қазақстандық ұлттық холдингтер директорлар кеңесінің мүшесі болып табылатын министр, сондай-ақ осы холдингтердің қызметі туралы хабардар етті.

9 қазан

Мемлекет басшысы Жамбыл облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент алдымен Жаңажамбыл фосфор зауытына барып, онда Қазақстанның химиялық өнеркәсібін дамыту мәселелеріне арналған республикалық кеңесті өткізді.

Кеңеске Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі В.С. Школьник, Энергетика және минералды ресурстар министрі С.М. Мыңбаев, Ауыл шаруашылығы министрі А.Қ. Күрішбаев, «Қазына» Тұрақты даму қоры» АҚ басқарма төрағасы А.Ф. Дунаев, Жамбыл облысының әкімі Б.Б. Жексембин қатысты.

Президент облыстың химиялық өнеркәсібін одан әрі дамыту бойынша бірқатар нақты міндеттер жүктеді, сондай-ақ Үкіметке кеңесте айтылған әр жоба бойынша, оларды жүзеге асыруға байланысты барлық мәселелерді шешуді қарастыра отырып, нақты жоспар әзірлеуді тапсырды.

Химия өнеркәсібінің маңызы туралы айта келе, Мемлекет басшысы журналистерге арналған брифингте былай деді:

«Химиялық кластер — мұнай-газ, тау-кен, металлургия және ауылшаруашылығы сияқты аса үлкен әрі маңызды кластер. Бүгінде біз фосфор кенінің қоры бойынша әлемдегі 4-ші орындамыз. Қазақстанның минералдық тыңайтқыштарға ішкі сұранысы



2,6 млрд. тоннаны құрайды, ал біз бүгінде тек 200 мың тонна өнімді тұтынып отырмыз. Бүгінде инвесторлар еліміздің химиялық өнеркәсібіне 5 млрд. доллар көлемінде қаржы салуға дайын. Келесі жылдың өзінен бастап 500 млн. долларға жуық инвестиция тартылатын болады».

Түстен кейін Мемлекет басшысы «Тараз металлургиялық зауыты» ЖШС болып, ферроқорытпа өндіру цехының жұмысымен танысты.

Осыдан соң Президент ұлы сазгер, қобызшы Ықылас Дүкенұлының ескерткішіне гүл шоғын қойды, сол жерде облыстың ардагерлерімен және шығармашылық ұжым өкілдерімен кездесті; сондай-ақ қайта жаңартылған қалалық киноконцерт залын аралап көрді.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев Жамбыл облыстық Ішкі істер департаментінің жедел басқару орталығына барып, орталықтың және «02» операторлары залының жұмысымен танысты.

Мемлекет басшысы сондай-ақ Гродеково ауылында болып, «Сенім» медициналық орталығының ғимаратын аралап көрді. Бұл медициналық мекеме ұсынатын негізгі қызмет түрлері босанған әйелдерге амбулаторлық және стационарлық медициналық көмек көрсету болып табылады.

10 қазан

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласында өткен ТМД-ға қатысушы мемлекеттер Басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Отырыстың күн тәртібіне Достастық аясында ынтымақтастықты одан әрі дамытуға қатысты кең ауқымды мәселелер енгізілді.

Саммит қорытындысы бойынша ТМД елдері арасында энергетиканың жетекші салаларындағы өзара іс-қимылдың 2009 жылғы ынтымақтастық шараларын айқындау, әлемдік қаржы дағдарысының салдарын жеңілдету мәселелері бойынша қаржы министрлері деңгейінде жұмыс тобын құру туралы шешімдер қабылданды. Сондай-ақ, шекаралық және өңіраралық ынтымақтастық, қауіпсіздік саласы бойынша бірқатар халықаралық келісімдерге қол қойылды.



Н.Ә. Назарбаев аталған саммит халықаралық қарым-қатынастардың барлық жүйелерінің шұғыл өзгеріске ұшырап жатқан шағында өтіп жатқанын және осы өзгермелі әлемде ТМД қызметі мен оның бұдан кейінгі келешегіне жаңаша қарауды талап ететінін атап өтті. Мемлекет басшысы Достастықтың болашағына қатысты мәселеге жауапкершілікпен әрі сарабалдықпен қарауға шақырып, ол қазірде Қазақстан үшін өзінің геосаяси, экономикалық және мәдени маңызын сақтайтынына тоқталды.

Сол күні Мемлекет басшысы ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысты.

Онда қауымдастықтың өзекті проблемалары мен даму келешегіне қатысты мәселелерді талқылады. 2010 жылға дейін Кедендік одақ құру жөніндегі Іс-қимыл жоспарына сәйкес, ЕурАзЭҚ шеңберінде Кедендік одақ пен Біртұтас экономикалық кеңістік құру мәселелері қаралды.

Сонымен қатар, Еуразиялық даму банкіне Қауымдастық жанындағы бақылаушы мәртебесін тағайындау жөніндегі стратегиялық маңызды шешім қабылданды. Бұл шешім аталған халықаралық қаржы ұйымына жаңа қатысушылардың кіруіне, қатысушы мемлекеттердің сауда-экономикалық байланыстарын дамытуға және интеграцияны одан әрі дамытуға ықпал ететін болады.

Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде «ЕурАзЭҚ қызметінің стратегиялық мақсаттарының бірі — оның эволюциялық ілгерлеу арқылы келесі, яғни барынша жетілдірілген құрылым — Еуразиялық экономикалық одаққа өту болып табылады. Осыған орай, мұндай Одақты құрудың негізгі құралдарының бірі ретінде экономиканың нақты секторы, дәлірек айтқанда, өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер, банк және қаржы институттары, әрбір мемлекеттің инновациялық дамуын қамтамасыз ететін ғылыми орталар болуы тиіс», — деп атап көрсетті.

Мемлекет басшысы сондай-ақ Орталық Азия мемлекеттері басшыларының кездесуіне қатысты.

Онда өңірдегі су шаруашылығы, энергетика және азық-түлік салаларындағы көкейкесті мәселелерді бірлесе шешу, сондай-ақ Аралды құтқарудың

халықаралық қоры қызметінің мәселелері қаралды. Кездесу қорытындысында Орталық Азия мемлекеттері арасындағы одан әрі өзара іс-қимылдың міндеттері мен келешек бағыттары айқындалды.

Күн соңында Мемлекет басшысы Молдова Республикасының Президенті В.Н. Воронинмен екіжақты кездесуін өткізіп, Қазақстан-Молдова сауда-экономикалық ынтымақтастығын кеңейтудің перспективасын талқылады.

13 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысына төрағалық етті.

Отырысқа облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері, мемлекеттік холдингтер мен ұлттық компаниялардың басшылары қатысты.

Отырыстың күн тәртібі әлемдік қаржы дағдарысына қарсы әрекеттер мәселесіне арналды.

Сөйлеген сөзінде Президент Үкіметтің алдағы уақыттағы басты міндеті келесі үш негізгі бағытқа бөлінетінін айтты: макроэкономикалық тұрақтылықты, қазақстандықтардың әлеуметтік әл-ауқатын және экономиканы жетілдіруді қамтамасыз ету. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Үкіметке дағдарысқа қарсы кешендік бағдарлама әзірлеуді тапсырды.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы «Қазына» және «Самұрық» екі ірі мемлекеттік холдингтерін біріктіріп, олардың негізінде Үкіметтің дағдарысқа қарсы бағдарламасын іске асыруының басты құралы болып табылатын «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» атты жаңа холдингті құру туралы хабарлады.

Н.Ә. Назарбаев өзінің қорытынды сөзінде Қазақстанның мүмкіндігі дағдарыстан лайықты шығып қана қоймай, сондай-ақ тоқыраудан кейін елді дамытудың жаңа деңгейіне көтерілуге де жететінін атап айтты (Қосымшаны қараңыз).



«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ — мұнай-газ, телекоммуникация, көлік салалары мен мемлекеттік даму институттарын қоса алғанда экономиканың түрлі салаларындағы ұлттық компанияларға иелік ететін және басқаратын мемлекеттік холдингтік компания. Қор 2009 жылғы қыркүйекте «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ мен «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ-ның бірігуі

нәтижесінде құрылып, дағдарысқа қарсы бағдарламаны жүзеге асырудың негізгі құралдарының бірі болуға бағытталған. Оның құрамына сондай-ақ ұлттық «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС, «Еуразиялық табиғи ресурстар корпорациясы» («ENRC»), «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ, «Қазақстандық ипотекалық несиелерді кепілдендіру қоры» АҚ, «Тұрғын үй-құрылыс жинақ банкі» АҚ және 7 әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар кіреді.

Сол күні Мемлекет басшысы облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен кеңес өткізіп, онда халықтың тұрмысы төмен бөлігіне қолдау көрсету, жаңа жұмыс орындарын ашу, үлескерлердің заңды құқықтарын қорғау, шағын және орта бизнеске қаржылай қолдау көрсету, сондай-ақ мемлекет пен ұлттық компаниялардың тапсырыстарын отандық кәсіпорындарға орналастыруына ықпал ету жөнінде дағдарысқа қарсы бағдарламаның шеңберінде, аймақтық деңгейде қосымша іс-шаралар қабылдау қажеттігіне назарларын аудартқызды.

Мемлекет басшысы Қарағанды облысының әкімі Н.З. Нығматулинге «Қазақмыс» корпорациясының «Жезқазғантүстіметалл» ӨБ Оңтүстік кенішінің №65 шахтасындағы апатқа байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Шахтадағы адам құрбандығына соқтырған апат туралы хабарды терең күйзеліспен қабыл алдым. Қазақстан халқының және жеке өз атымнан қаза болған кеншілердің туыстары мен жақындарына қатты қайғырып көңіл айтамын. Мен тиісті мемлекеттік органдарға апаттың себептерін тексеру және оның салдарын жою, зардап шеккендердің отбасыларына қажетті көмек көрсету жөнінде тапсырмалар бердім», — делінген жеделхатта.

Мемлекет басшысы «Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі кейбір шаралар туралы» №669, «Қ.Н. Келімбетовті «Самұрық-Қазына» Ұлттық әлауқат қоры» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №670, А.Е. Мусинді Қазақстан Республикасы Президенті

Әкімшілігінің Басшысы қызметіне тағайындау туралы» №671, «Д.А. Кәлетаев туралы» №672, «Қ.А. Нұрпейісовті Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №673, «Ғ.Р. Әбдірахымов туралы» №674, «Қазақстан Республикасының жергілікті және басқа соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №675, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №676 жарлықтарына қол қойды.

14 қазан

Мемлекет басшысы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) бас директоры М. Чан мен ЮНИСЕФ атқарушы директоры Э. Венеманды қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанның денсаулық сақтау саласын дамыту мен ЮНИСЕФ-тің елімізбен өзара іс-қимыл мәселелері талқыланды.

М. Чан мен Э. Венеман Президентке Бастапқы медициналық-санитарлық көмек туралы ДДҰ Алматы декларациясының 30 жылдығына арналған халықаралық конференцияға қатысу үшін келгендерін жеткізді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы О.Н. Өксікбаевты қабылдады.

Кездесу барысында О.Н. Өксікбаев Президентке комитеттің ағымдағы жылдың 9 айындағы жұмысының нәтижелері туралы баяндады.

Мемлекет басшысы «Астана-Бурабай» бағытындағы автобанды ашты.



Ұзындығы 224 шақырымды құрайтын алты жолақты «Астана-Бурабай» автобаны халықаралық қауіпсіздік нормаларына сай салынған. Автомагистраль сағатына 150 шақырым жылдамдықпен жүруге мүмкіндік береді. Жолдың бойы бейне бақылау және жылдамдық өлшеу құралдарымен, сондай-ақ апаттық байланыс жүйесімен жарақтандырылатын болады. Жобаның жалпы құны 115 миллиард теңге.

Мемлекет басшысы «Н.Ә. Әбіқаев туралы» №677, «А.Қ. Жанқұлиев туралы» №678 жарлықтарына қол қойды.

15 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары Ж.С. Кәрібжановты қабылдады. Ол Президентті Мәжілістің заң шығарушылық жұмысы, оның ішінде жаңа салық және бюджет кодекстерінің қаралу барысы жөнінде хабардар етті.



Мемлекет басшысы Алматы қаласында өтіп жатқан Бастапқы медициналық-санитарлық көмек туралы ДДҰ Алматы декларациясының 30 жылдығына арналған халықаралық конференцияға қатысушыларға сәлем жолдады.

«Отыз жыл бұрын осы қалада әлемдік қоғамдастық үшін аса маңызды оқиға — алғашқы медициналық-санитарлық көмек туралы ДДҰ Алматы декларациясы қабылданған еді. Тарихта тұңғыш рет адам денсаулығы адамзаттың жаһандық мақсаттары деңгейіне көтерілген болатын. Осы халықаралық құжаттың негізгі қағидалары бұрынғысынша өзекті, олар дүниежүзінің көптеген мемлекеттерінің денсаулық сақтау саласын дамытуда басымдылыққа ие болып келеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен ЮНИСЕФтің мерейтойлық конференцияны біздің елімізде өткізу жөніндегі шешімі үшін айрықша ризашылығымды білдіремін. Біз, қазақстандықтар, бұл шешімді біздің медициналық көмектің сапасын жан-жақты жақсартуға, адамдардың денсаулығын нығайтуға деген ұмтылысымызды қолдау деп бағалаймыз», — делінген Мемлекет басшысының жолдауында.

16 қазан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрі С.В. Лавровты қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты, атап айтқанда энергетика және ғарыш саласындағы қарым-қатынасты дамытудың перспективасы талқыланды.



Сондай-ақ ТМД, ЕурАзЭҚ аясындағы өзара іс-қимыл, Бірыңғай кедендік одақ құру мәселелері бойынша пікір алмасулар болды.

Мемлекет басшысы VII Азиядағы ынтымақтастық жөніндегі сыртқы істер министрлері кеңесінің диалогына және «Ортақ әлем: әралуандылық арқылы прогреске» атты сыртқы істер министрлерінің конференциясына қатысушыларды қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев қатысушылар алдында сөз сөйлеп, Сеулде 2007 жылы маусымда қабылданған шешімге сәйкес Қазақстан 2008–2009 жылдарға Азиядағы ынтымақтастық жөніндегі Диалогтың (АЫД) төрағасы міндетін атқаруға кірісетінін айтты. «Осы кезең ішінде АЫД тетіктері мен нысандарын пайдалана отырып, Қазақстан Азия құрлығының тұрақты дамуын, өңірдің мемлекетаралық экономикалық ынтымақтастығының кеңейтілуін, «азиялық сәйкестікке» деген сезімінің нығаюын қамтамасыз ету үшін бар күшін салатын болады», — деп мәлімдеді Президент.

Мемлекет басшысы И.Г. Алиевке Әзірбайжан Республикасының Президенті болып қайта сайлануына байланысты құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы Қазақстанның жетекші телеарналары — «Қазақстан» ұлттық телеарнасының, «Хабар» агенттігінің, «КТК» және «Астана» телеарналарының журналистеріне «Дағдарысты еңсеру стратегиясы» тақырыбында сұхбат берді.

Сұхбат барысында Президент қазақстандықтарды алаңдатып отырған өзекті сұрақтарға жауап берді. Мемлекет басшысы жаһандық дағдарыстың Қазақстан экономикасына кері әсерін азайту үшін жасалып жатқан іс-шараларға, ұлттық экономиканы қорғау шараларына тоқталды. Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ тұрғындарды әлеуметтік қолдау бойынша жоспарларға баса назар аударды.

Мемлекет басшысы «Т.С. Донақовты Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №679,

«Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №680 жарлықтарына қол қойды.

17 қазан

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Бейбітшілік пен келісім сарайында өткен «Ортақ әлем: әралуандылық арқылы прогреске» атты мұсылман және батыс елдерінің сыртқы істер министрлерінің конференциясына қатысты.



Мемлекет басшысы «Ортақ әлем: әралуандылық арқылы прогреске» атты мұсылман және батыс елдерінің сыртқы істер министрлерінің конференциясына қатысушылар — Эстония Республикасының Сыртқы істер министрі У. Паэтпен және Ислам конференциясы ұйымының бас хатшысы Э. Ихсаноялымен кездесті.

Эстонияның Сыртқы істер министрімен кездесу барысында екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мәселелері, оның ішінде қазақстандық жүктерді Эстония аумағы және одан әрі Балтық теңізі порттары арқылы Еуропа мемлекеттерінің нарықтарына тасымалдау мәселесі талқыланды.

Қазақстан Президентімен әңгіме барысында ИҚҰ бас хатшысы Э. Ихсаноялы 2009 жылы өткізілетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III съезіне қатысу ниеті бар екендігін, 2011 жылы Қазақстанның ИҚҰ төрағалық етуін қолдайтынын айтты және соның аясында одан әрі жемісті ынтымақтастықтың жалғасатынына сенім білдірді.

20 қазан

Мемлекет басшысы «Қазақтелеком» АҚ басқарма төрағасы А.Қ. Жұмағалиевті қабылдады. Ол Президентті компанияның ағымдағы жұмысы туралы және «Қазақтелеком» АҚ 2017 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясын жүзеге асыру барысы туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» №70-IV, «Қазақстан Республикасының

Үкіметі мен Солтүстік атлантикалық шарт ұйымы арасындағы НАТО байланыс офицерінің Қазақстан Республикасында болу және қызмет ету шарттары туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді ратификациялау туралы» №71-IV заңдарына қол қойды.


Президент сондай-ақ «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» алқасымен наградтау туралы» №681 Жарлығына қол қойды.

21 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Ж.Қ. Түймебаевты қабылдады. Ол Президентке министрліктің жыл басынан бергі жұмысының негізгі қорытындылары жөнінде баяндады.

Мемлекет басшысы Түркия Республикасы Ұлы ұлттық жиналысының төрағасы К. Топтанды қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейту, ТҮРКСОЙ аясында парламенттік байланыстар мен өзара іс-әрекеттерді дамытудың кең ауқымды мәселелері талқыланды.



Мемлекет басшысы Республика күні қарсаңында Астананың бірқатар жаңа нысандарында болды. Атап айтқанда, Президент «Авиценна-Элит», «Солтүстік шұғыласы» тұрғын үй кешендері мен «Astana Financial Tower» бизнес орталығын аралап көрді.

22 қазан

Мемлекет басшысы Тәуелсіздік сарайында болып, оның құрылысымен танысты.



Тәуелсіздік сарайы құрамына «Қазақ елі» монументі және «Шабыт» шығармашылық сарайы енетін біртұтас сәулет-құрылыс кешенінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Тәуелсіздік сарайы ірі халықаралық форумдар өткізуге арналған. Оның жалпы ауданы — 42 мың шаршы метр. Сарайдың бас залы 4500 орынға арналған, сондай-ақ ғимаратта бірнеше конференц-залдар, 700 орындық мейрамхана және баспасөз конференциясын өткізуге арналған

зал орналасқан. Сарайдың екінші қабатында сурет галереясы мен көрме павильондары орналастырылған. Үшінші қабатта Астана қаласы тарихының мұражайын орналастыру жоспарланып отыр.

23 қазан

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Бейбітшілік пен келісім сарайында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XIV сессиясына төрағалық етті.

Сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев бүгінгі таңда Ассамблея мемлекетіміздегі тұрақтылық пен тұтастықты сақтаудың берік тұғырына айналғанын атап өтті. Осыған байланысты Ассамблея алдында бірқатар маңызды міндеттер тұрғанын, атап айтқанда ұлттық бірлік доктринасын, жастарды тәрбиелеудің кешенді бағдарламасын және мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру бойынша шаралар жүйесін жасау қажеттігін атап өтті (Қосымшаны қараңыз).



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы жүйесінің тұрақтылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №72-IV Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін 2008 жылға арналған нысаналы трансферт туралы» №682, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 шілдедегі №1605 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №683 жарлықтарына қол қойды.

24 қазан

Мемлекет басшысы «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгершілік қызметі туралы келісімді ратификациялау туралы» №73-IV, «2002 жылғы 7 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының құқықтық мәртебесі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» №74-IV, «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарын басқару жүйесін құру туралы келісімді ратификациялау туралы» №75-IV, «2008 жылға арналған республикалық

бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» №76-IV заңдарына қол қойды.

26 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Италия Республикасы Министрлер кеңесінің төрағасы С. Берлусконимен кездесті.

Келіссөздер барысында екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды.

28 қазан

Мемлекет басшысы «П.Р. Сұлтанқұловты мемлекеттік наградасынан айыру туралы» №684 Жарлығына қол қойды.

29 қазан

Мемлекет басшысы Ага Ханның даму жөніндегі ұйымының төрағасы ханзада К. Ага Хан IV-шіні қабылдады.

Кездесу барысында Ага Ханның даму жөніндегі ұйымы мен Қазақстанның білім беру саласындағы ынтымақтастығын дамыту мәселелері, атап айтқанда, Алматы облысында Орталық Азия университетінің құрылысын салу мәселелері талқыланды.

30 қазан

Мемлекет басшысы Біріккен Араб Әмірліктерінің Президент істері жөніндегі министрі, шейх Мансұр бен Заид әл-Нахаянды қабылдады. Тараптар екіжақты қарым-қатынастарды дамыту мәселелері, атап айтқанда Қазақстан мен БАӘ арасындағы инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту жайын талқылады.

Мемлекет басшысы 2008 жылғы 29–30 қазан күндері Астана қаласында болып өткен ШЫҰ Үкімет басшылары кеңесінің VII отырысына қатысу үшін келген Ұйымға мүше мемлекеттердің делегациялары басшыларын қабылдады.

Президентпен кездесуге Қазақстан Республикасының Премьер-министрі К.Қ. Мәсімов, Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесінің Премьері



Вэнь Цзябао, Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы В.В. Путин, Тәжікстан Республикасының Премьер-министрі А. Акилов, Өзбекстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Р. Азимов қатысты.

Кездесуге сондай-ақ ШЫҰ жанындағы байқаушы-мемлекеттердің өкілдері: Иран Ислам Республикасының бірінші вице-президенті П. Давуди, Моңғолия Республикасының Премьер-министрі С. Баяр, Үндістан Республикасының Энергетика министрі С. Шинде, Пәкстан Ислам Республикасының Қорғаныс министрі Ч.А. Мухтар қатысты.

Н.Ә. Назарбаев қатысушылар алдында сөз сөйлеп, Ұйымның үкімет басшылары Кеңесінің қазіргі отырысы жаһандық қаржы дағдарысының кезінде өтіп отырғанына тоқталды. «Көптеген жылдар бойы жұмыс істеп келген әлемдік қаржы жүйесінің сұлбасы көз алдымызда өзгеріп жатыр. Әлемдік қаржы жүйесі енді бұрынғыдай болмайтындығы анық, демек, жаңа көзқарасты талап етеді», — деді Қазақстан басшысы.

Мемлекет басшысы қалыптасып отырған жағдайда ШЫҰ-ға мүше елдерге күш-жігерді дағдарыс құбылыстарын еңсеру және одан ең төменгі шығындармен өту жөніндегі жүйелі шараларды әзірлеуге жұмылдыру керектігін айтты. Бұл ретте энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, біртұтас көлік жүйесін құру, суды пайдаланудың проблемаларын шешу, жасырын көші-қон мен эпидемияларға қарсы тұру, мәдени және гуманитарлық байланыстарды нығайту бойынша өзара іс-қимылдарды жүзеге асыру өзекті болып табылады.

Мемлекет басшысы 2008 жылғы 29–30 қазан күндері Астана қаласында болып өткен ШЫҰ Үкімет басшылары кеңесінің VII отырысына қатысу үшін келген Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы В.В. Путинді қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, Қазақстан мен Ресей экономикасының жаһандық қаржы дағдарысы жағдайындағы өзара іс-қимылы, көлік, энергия көздерін тасымалдау, ғарыш, бірлескен кәсіпорындар құру саласындағы әріптестіктің перспективасы сөз болды.



31 қазан

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесінің Премьері Вэнь Цзябаоны қабылдады.

Әңгіме барысында саяси, экономикалық және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері талқыланды. Сондай-ақ тараптар көршілес екі ел экономикасының жаһандық қаржы дағдарысы жағдайындағы өзара іс-қимылы жөнінде пікір алмасты.



Мемлекет басшысы «Ғ.І. Оразбақов туралы» №685 Жарлығына қол қойды.

ҚАРАША



Дс	3	10	17	24	
Сс	4	11	18	25	
Ср	5	12	19	26	
Бс	6	13	20	27	
Жм	7	14	21	28	
Сн	1	8	15	22	29
Жк	2	9	16	23	30



4 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы Ә.Ф. Сәйденовті қабылдап, оның банк тарапынан жүргізіп отырған ақша-несие саясатының негізгі бағыттары туралы есебін тыңдады.

Кездесу барысында Президент Үкіметке, Ұлттық банк пен жергілікті басқару органдарына жыл қорытындысы бойынша инфляцияны 10 пайыз деңгейінде ұстап тұруды тапсырды. Сонымен қатар Ұлттық банкке қысқа мерзім ішінде «Самұрық-Қазына» қорына шағын және орта бизнесті, құрылыс индустриясын, ауыл шаруашылығын қолдау үшін қаражат бөлуді, сондай-ақ ШЫҰ және ТМД қатысушы мемлекеттерімен қаржылық саясат саласында өзара іс-қимылды үйлестіруді тапсырды.



5 қараша

Мемлекет басшысы Б. Обамаға Америка Құрама Штаттарының Президенті болып сайлануына байланысты құттықтау жеделхатын жолдады.

«Ядролық қарусыздану мен таратпау ісіндегі ауқымды ынтымақтастықпен басталған мемлекеттеріміз арасындағы қарым-қатынастар қазіргі таңда Орталық Азия аймағында тұрақтылық пен демократияның нығаюы үшін аса маңызды стратегиялық әріптестік дәрежесіне көтерілді. Біздің байланыстарымыз Иракты тұрақтандыру мен Ауғанстанды қалпына келтіру бағыттарындағы бірлескен күш-жігерімізбен нығая түсті.

Қазақстанның 2010 жылы басқаратын Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымында Құрама Штаттарының елімізге көрсеткен қолдауына үлкен ризашылық білдіреміз. Бұл біздің «Демократиялық әріптестік туралы хартияда» көрсетілген принциптерге беріктігімізді көрсетеді.

Жеке кәсіпкерлік, инвестициялар және үлкейіп келе жатқан жаһандық нарықтың сұранысын қанағаттандыру үшін энергетикалық ресурстардың қамтамасыз етілуіне қолдау көрсетудегі әріптестік қарым-қатынастарымыздың аса маңызды факторы болып табылады. Гуманитарлық салада біздің діни төзімділік пен ұлысаралық келісімнің жалпы дәстүрлері біріктіреді.

Қазақстан мен АҚШ арасындағы достастық пен өзара сенім негізіндегі әріптестік қарым-қатынастар

елдеріміз халықтарының игілігі үшін әрі қарай дамып, нығая беретініне сенім білдіремін.

Мүмкіндікті пайдалана отырып, Сізге зор денсаулық, жауапты қызметіңізде табыс және Америка Құрама Штаттарының халқына бейбіт өмір, игілік және өркендену тілеймін», — делінген құттықтау жеделхатында.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы Ә.Ф. Сәйденовті және Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы кеңесінің төрағасы С.А. Ақановты қабылдады.

С.А. Ақанов Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының атынан әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында қазақстандық банк секторына көрсетіп отырған қолдауы үшін Президентке алғыс айтты және елдегі қаржы саласы мен мемлекеттік-жеке әріптестікті дамыту перспективалары жөнінде хабардар етті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етті.

Отырыста мемлекеттік органдардың заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, қылмыспен және сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша атқарған жұмыстары қаралды.

Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы), Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті басшыларының, сондай-ақ Жоғарғы сот төрағасының есептері тыңдалды.

Отырыс қорытындысы бойынша Президент Бас прокуратураға — әлемдік қаржы дағдарысының қолайсыз жағдайында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына, мемлекеттік органдар қызметінде заңдылықтардың сақталуына бақылауды күшейту; Ішкі істер министрлігіне — қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты, ұйымдасқан қылмыспен, әсіресе жастар арасындағы нашақорлыққа қарсы күресті қарқынды жүргізу; Әділет министрлігіне — қылмыстық-атқару жүйесіндегі істерге бақылауды күшейту; Қаржы министрлігіне — кеден жүйесінде сыбайлас



жемқорлыққа қарсы қатаң шараларды іске асыруды қамтамасыз ету, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру тапсырылды.

6 қараша

Мемлекет басшысы Астана қаласында «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының ұйымдастыруымен өткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес форумына қатысты.

«Нұр Отан» партиясының бастамасымен өткізілген форум жұмысына мемлекеттік органдардың басшылары, Парламент депутаттары, партия басшылығы, «Нұр Отан» ХДП-ның жанындағы жемқорлықпен күрес жөніндегі республикалық және аймақтық қоғамдық кеңестердің мүшелері, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және ғалымдар қатысты.

Форумға қатысушылар алдында сөз сөйлеген Президент Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі іс-әрекеттердің жалпыұлттық жоспарының қабылдануы туралы мәлімдеді. Мемлекет басшысы сонымен қатар құқық қорғау жүйесін реформалау мәселесін көтерді, қолданыстағы заңнаманы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тұрғысынан ревизиялаудың және «Лоббилау туралы» және «Мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» арнайы заң қабылдау қажеттігін қадап айтты, «электрондық үкімет» жүйесін одан әрі дамыту мен «электрондық әкімдіктер» құрудың маңыздылығын айрықша атап өтті.

Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаев Үкіметтің, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы), сондай-ақ «Нұр Отан» партиясының алдына нақты міндеттер қойды (Қосымшаны қараңыз).



Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі іс-әрекеттердің жалпыұлттық жоспары «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясымен жасалды.

Оның басты басымдықтары сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру, мемлекеттік басқару қызметтерін нақтылау мен одан әрі оңтайландыру, мемәппарат жұмысының сапасын арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттерді анықтау жүйесін жетілдіру, қаржы-экономикалық саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды күшейту, мемлекеттік тексерулердің

тұнықтығын қамтамасыз ету, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу атмосферасын қалыптастыру болып табылады.

Сол күні Мемлекет басшысы жұмыс сапарымен Оңтүстік Қазақстан облысына барып, жақында пайдалануға берілетін денсаулық сақтау нысанымен танысты. Мемлекет басшысы Медициналық мақсаттағы құрал-жабдықтар мен мен бұйымдарды зарарсыздандыру орталығын және жаңа облыстық Қан орталығын аралап көрді.



Медициналық мақсаттағы құрал-жабдықтар мен мен бұйымдарды зарарсыздандыру орталығы — әзірге ТМД аумағындағы бірден-бір және Қазақстандағы осындай жалғыз медициналық орталық. Бұл орталық 5200 тұрақты төсектік аурухананы және 32 операция жасау блоктарын зарарсыздандырылған медициналық мақсаттағы құрал-жабдықтар және бұйымдармен қамтамасыз етуге қабілетті.

Орталық материалдарды алдын ала өңдеу мен залалсыздандырудан өткізетін заманауи жабдықтармен жарақталған. Бұйымды зарарсыздандыруда дәстүрлі термикалық әдістер де, сенімділігі жоғары төмен температуралы әдістер де қолданылады. Бұл эндоскопиялық жабдықтарды және ота жасауға арналған эндоскопиялық құралдарды, тігу жиынтықтары, имплантацияланатын бұйымдарды, экстракорпоральды қанайналымы аппаратын және басқа да материалдарды зарарсыздандыруға мүмкіндік береді.

Облыстық қан орталығының өткізу қуаты жылына 20 мың литрге жетеді, бұл қан дайындау көлемін арттыру мен облыс жұртшылығын сапалы қан препараттарымен және оның құрамдарымен қамтамасыз етуге жағдай жасайды.

Қан жинау мен дайындау үшін бір донордан қажетті мөлшерде түрлі қан құрамдарын бірдей уақытта алуға мүмкіндік беретін жоғары технологиялы автоматты аппараттар қолданылады. Донорлық қандардың иммунологиялық және инфекциялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін трансмиссивті инфекция скринингіне және реципиент үшін жеке донор таңдауға арналған жоғары сапалы зертханалық жабдықтар пайдаланылады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау секторындағы технологияларды беру және институционалдық реформа жүргізу жөніндегі жоба) ратификациялау туралы» №77-IV, «Әзірбайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Рес-

публикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» №78-IV заңдарына қол қойды.

7 қараша

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі республикалық кеңеске қатысты.

Президент өзінің сөйлеген сөзінде денсаулық сақтау саласының нақтылы проблемаларына ерекше көңіл аударды және оларды шешу жөнінде министрлік пен жергілікті басқару органдарының алдына айқын міндеттер қойды.



Сол күні Мемлекет басшысы Шымкент қаласындағы жаңадан салынған Опера және балет театрында болды.

11 қараша

Мемлекет басшысы «Ә.Р. Жақсыбековті Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №686, «Б.Қ. Әміреев туралы» №687 жарлықтарына қол қойды.

12 қараша

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы №194 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №688, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу туралы» №689 жарлықтарына қол қойды.

14 қараша

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болып, «Оңтүстік» өңірлік басқармасының Сарыағаш шекаралық отряды «Қапланбек» бірыңғай бақылау-өткізу бекетінің жұмысымен танысты.

Н.Ә. Назарбаевқа сондай-ақ мемлекеттік шекараны қорғауда пайдаланылатын әскери техника таныстырылды.

15 қараша

Мемлекет басшысы Алматы қаласында жұмыс сапарымен болып, Алматы әуежайының жаңадан салынған ұшыру-қондыру алаңының техникалық мүмкіндіктерімен танысты, сондай-ақ Райымбек пен Сүйінбай даңғылдарының қиылысындағы жаңа жол айрығын аралап көрді.



Жаңадан салынған ұшыру-қондыру алаңы өзінің техникалық сипаттамасына қарай ТМД аумағындағы ең үздік жобалардың қатарына жатады. Алаң ауыр салмақты әуе кемелерінің кез келген түрін шектеусіз қабылдай алады. Ол көрінуі төмен жағдайда да ұшақты қондыра алатын барлық қажетті құрал-жабдықпен жарақтандырылған. Оның ұзындығы 4,5 шақырымды, ал ені 60 метрді құрайды.

17 қараша

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Жоғары сот кеңесі туралы» №79-IV, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №80-IV заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Оралмандарды 2009–2011 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы» №690, «1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі, ондағы атқарушы өкімет органдарын құрудың тәртібі мен олардың мәртебесі туралы келісімге толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы» №691 жарлықтарына қол қойды.

18 қараша

Мемлекет басшысы Норвегияның «NRK» хабар тарату корпорациясының және «Morgenbladet» апталық газетінің журналистері К. Кьелstrup пен К. Бьорганга, сондай-ақ ресейлік БАҚ өкілдеріне, атап айтқанда «Интерфакс» ақпарат агенттігіне, «Вести-24» телеарнасына және «Российская газетаға» сұхбат берді.

Норвегиялық журналистерге берген сұхбат барысында Н.Ә. Назарбаев Қазақстан мемлекеттілігін қалаудың бірегей тәжірибесі жөнінде, Астананың

еліміз тәуелсіздігін нығайтудағы рөлі жайында әңгімеледі. Сонымен қатар, Қазақстанның сыртқы саяси басымдықтары, еуразиялық сәйкестілік және басқа да көптеген мәселелер қозғалды.

Ресейлік журналистер екі елдің арасындағы сауда, отын-энергетикалық, атом және ғарыш салаларындағы екіжақты қатынастарды дамыту перспективаларына, сондай-ақ Қазақстанның алдағы уақытта ЕҚЫҰ-на төрағалық етуіне байланысты мәселелерге қызығушылық танытты.

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарының жаңадан сайланған Президенті Б. Обамамен телефон арқылы сөйлесті.

Тараптар ағымдағы халықаралық саясат мәселелерін, Қазақстан мен Американың жаһандық және өңірлік қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтарын, сондай-ақ әлемдік қаржы дағдарысының салдарларын еңсеру мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы «Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы» №81-IV, «Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары туралы келісімді ратификациялау туралы» №82-IV, «Үшінші елдерге қатысты кедендік әкету баждары туралы келісімді ратификациялау туралы» №83-IV заңдарына қол қойды.

19 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісіне қатысты.

Мәжіліске қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы әлемдегі қазіргі ахуалдың қиыншылығына қарамастан, Қазақстан сыртқы қауіп-қатерлерге сенімді әрі лайықты қарсы тұра білгенін және жаһандық үдерістерге белсенді қатысатынын атап өтті.

Сонымен қатар, Н.Ә. Назарбаев қазіргі жағдайда ұстанымдар, мақсаттар мен мүмкіндіктерді нақты айқындау негізінде сыртқы саяси қызметті барынша жандандыру қажеттігін атап көрсетті. Осыған байланысты Сыртқы істер министрлігіне Қазақстанның сыртқы саясатының жаңа тұжырымдамасын әзірлеп,



оны 2009 жылдың бірінші жартыжылдығының ішінде бекітуге ұсынуды тапсырды. Құжатта әлемдегі қазіргі ахуалға терең талдау жасалуы тиіс, маңызды халықаралық проблемалар бойынша біздің еліміздің ұстанымдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жаһандық және өңірлік істердегі сыртқы саясат мүдделері мен рөлі нақты белгіленуі керек.

Сонымен қатар, Президент елдің сыртқы саясат ведомствосы алдына алдағы кезеңге арналған бірқатар нақты міндеттерді қойды. Атап айтқанда, әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында елдің экономикалық дамуына жан-жақты ықпал ету туралы; еуразиялық және орталық-азиялық интеграцияны тереңдету туралы; 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға ойдағыдай төрағалықты қамтамасыз ету туралы; «Еуропаға жол» Мемлекеттік бағдарламасын толықтай жүзеге асыру туралы; 2011 жылы ИКҰ Министрлік конференциясына төрағалық етуге дайындық туралы; 2009 жылы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III съезін және 2010 жылы АӨШК-нің кезекті Саммитін өткізу туралы міндеттер алға қойылды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Кеден қызметін дамыту жобасы) ратификациялау туралы» №84-IV, «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Өскемен қаласының қоршаған ортасын қалпына келтіру жобасы) ратификациялау туралы» №85-IV, «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Технологияларды коммерцияландыру жобасы) ратификациялау туралы» №86-IV заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «А.Г. Дерновой туралы» №692, «Ж.А. Досқалиевты Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі қызметіне тағайындау туралы» №693, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №523 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №694 жарлықтарына қол қойды.

20 қараша

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының лау-

реаттары мен «Алтын сапа» республикалық көрме-байқауының дипломанттарын марапаттау рәсіміне қатысты.

«Көрме» кешеніне келген Мемлекет басшысы алдымен «Алтын сапа» көрме-байқауына қатысушы кәсіпорындар өндіретін тауарлар ұсынылған көрме павильонын аралап көрді.

Конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев бүгінде бизнестегі белсенділік, ізденіс пен шығармашылық күллі әлемде, әсіресе Қазақстанда бұрынғыдан да үлкен маңызға ие болып отырғанын айтты. Еліміздің алдына қойылған жаңа ауқымды міндеттер үздік әлемдік тәжірибені пайдаланудың, ең озық инновациялық жобаларды енгізудің қажеттілігін бірінші кезекке қойып отыр. Тауарлар мен қызмет көрсетудің сапасы ұлттық экономиканы жемісті дамытудың шешуші факторы болып табылады. Ол қазіргі әлемдік дағдарыс жағдайында ерекше мәнге ие.

Салтанатты рәсімнің соңында Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының 2008 жылғы лауреаттары атанған 5 кәсіпорынның басшыларына наградаларды табыс етті.



Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығына арналған байқау пен «Алтын сапа» республикалық көрме-байқауы Мемлекет басшысымен 2006 жылдың 9 қазанындағы №194 қаулысымен бекітілген.

Конкурстың басты мақсаты — өнімдердің бәсекеге қабілеттігін арттыру, отандық тауар өндірушілердің экспорттық мүмкіндіктерін күшейту және олардың ішкі және сыртқы нарықтардағы беделін арттыруды қалыптастыру.

«Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығы жыл сайын үш номинацияда: «Өндірістік бағыттағы ең үздік кәсіпорын», «Тұрғындар үшін тауарлар шығаратын ең үздік кәсіпорын» және «Қызмет көрсететін үздік кәсіпорын», екі категория (шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі, ірі кәсіпкерлік субъектісі) бойынша беріледі.

«Алтын сапа» республикалық көрме-конкурсы үш номинацияда: «Өндірістік бағыттағы үздік тауар», «Тұрғындар үшін үздік тауарлар» және «Ең үздік азық-түлік тауарлары», екі категория (заңды тұлға және жеке кәсіпкер) бойынша жүргізіледі. Оның дипломанттары әр номинация бойынша I, II, III дәрежелі «Алтын сапа» дипломдарымен марапатталды.

2008 жылы «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығын алуға 97 кәсіпорын, «Алтын сапа» көрме-байқауына 148 үміткер қатысты.

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №87-IV, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұжымдық инвестициялау және жинақтаушы зейнетақы қорлары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №88-IV заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің еңбекші-мигранттары мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қою туралы» №695 Жарлығына қол қойды.

21 қараша

Мемлекет басшысы өз жанындағы Ұлттық инвесторлар кеңесінің пленарлық отырысына төрағалық етті.

Талқылауға түскен басты тақырып мемлекет пен бизнестің әлемдік дағдарыс жағдайындағы өзара іс-қимылдары туралы болды. Басым бағыттар қатарында Н.Ә. Назарбаев қаржы секторын тұрақтандыру, жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу, шағын және орта бизнесті қолдау, агроөнеркәсіптік кешенді ынталандыру, индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруды атады және Үкіметке сәйкесінше тапсырмалар берді.

Отырыс барысында «Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы» кеңесінің төрағасы С.А. Ақанов, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС президенті, директорлар кеңесінің төрағасы В.С. Ким, «Қазақстанның Эксимбанкі» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы А. Клебанов, «Қазкоммерцбанк» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Н.С. Сұбханбердин, «Қазақстанның халық банкі» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы А.С. Павлов және басқалар сөз сөйледі.



Ұлттық инвесторлар кеңесі Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Ол Мемлекет басшысының

Жарлығымен 2007 жылы 10 қыркүйекте құрылған.

Мұндай институт Қазақстанда алғаш рет құрылған және бұл отандық бизнестің ұлттық экономиканы жаңартуға және қайта құрылымдауға байланысты серпінді жобаларды іске асырудағы мүмкіндіктерінің зор екендігін көрсетеді.

Кеңес төрағасы Кеңестің дербес құрамын бекітетін Қазақстан Республикасының Президенті болып табылады. Премьер-министр, Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары немесе Президенттің көмекшісі, Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің төрағасы, Индустрия және сауда министрі, Қаржы министрі, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарма төрағасы, Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар комитетінің төрағасы Кеңестің тұрақты мүшелері болып табылады.

Кеңес құрамы іскер ортадан, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының экономикасын модернизациялау бойынша шаралар туралы» 2007 жылғы 13 сәуірдегі Жарлығымен құрылған Қазақстан Республикасының экономикасын модернизациялау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның ұсыныстары негізінде қазақстандық компаниялардың бірінші басшыларының арасынан қалыптастырылады.

Кеңестің жұмыс органы Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар комитеті болып табылады.

Кеңес отырысы жылына екі рет, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің отырыстарынан бұрын өткізіледі.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне байланыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №89-IV, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сирия Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Дамаск қаласында Әл-Фарабидің тарихи-мәдени орталығының және кесенесінің құрылысын салудағы, Сұлтан Аз-Захир Бейбарыс кесенесін қалпына келтірудегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» №90-IV, «2002 жылғы 7 маусымда Санкт-Петербург қаласында (Ресей Федерациясы) қол қойылған Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы Өңірлік терроризмге қарсы құрылым туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» №91-IV, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен «SOS Kinderdorf International» SOS балалар ауылдарын құру жөніндегі халықаралық қоғам арасындағы шартқа толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» №92-IV заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Жоғары сот кеңесінің құру және оның құрамы туралы» №696 Жарлығына қол қойды.

24 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Әділет министрі З.Я. Балиеваны және Төтенше жағдайлар министрі В.К. Божконы қабылдады.

З.Я. Балиева Президентке Әділет министрлігінің ағымдағы қызметі, атап айтқанда шағын және орта бизнес үшін әкімшілік кедергілерді азайту, тұрғын үй құрылысындағы үлестік қатысу бойынша заң жобасын жетілдіру, халыққа қызмет көрсету орталықтарының, Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, Сот сараптамасы орталығының қызметтерін жақсарту туралы баяндады.

В.К. Божко Төтенше жағдайлар министрлігін реформалау барысы, елдің мемлекеттік материалдық резервінің жай-күйі, Қазақстанның халықаралық гуманитарлық ынтымақтастыққа қатысуы туралы баяндады.

25 қараша

Мемлекет басшысы сот реформасы жөнінде кеңес өткізді. Оған Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының, Жоғары сот кеңесінің, Президенті Әкімшілігінің басшылары, сондай-ақ Үкіметінің мүшелері қатысты.

Президент сот жүйесінің жай-күйі мен оны дамытудың келешегі, елдің жаңарған Конституциясы аясында сот корпусын қалыптастыруға бағытталған негізгі қадамдар туралы баяндамаларды тыңдады.

Н.Ә. Назарбаев сот жұмысындағы соңғы жылдары қол жеткізген жетістіктерді атап өтті және сот жүйесі қызметіндегі бірқатар кемшіліктерге назар аудартты. Атап айтқанда, судья лауазымына кандидаттарды даярлау мен іріктеу тетігін барынша қатайту, судьялардың өз міндеттерін лайықты атқаруына бақылау мен талапты күшейту, сот төрелігі жүйесінің қызметі туралы жаңа заңнаманы тиімді орындау үшін тиісті шаралар қабылдау жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Кеңес қорытындысы бойынша сот жүйесін одан әрі реформалаудың маңызды қадамдары айқындалған ҚР Жоғарғы сотының 2009–2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары жобасының негізгі қағидалары мақұлданды.

Мемлекет басшысы «Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы Мемлекеттік сыйлығын беру туралы» №697 Жарлығына қол қойды.

26 қараша

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы «Хан шатыр» сауда, ойын-сауық кешені құрылысының барысымен танысты.



«Хан шатыр» кешені әлемдегі шатыр үлгісінде салынған ең биік ғимараттардың бірі болмақ. Онда сауда, ойын-сауық орталығы, кеңселер, сәнді тұрғын жайлар мен бесжұлдызды мейманхана орналасады.

27 қараша

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшілер — Куба Республикасының елшісі А. Феррерден, Испания Корольдігінің елшісі А. Кортестен, Катар Мемлекетінің елшісі Насер Рашид Мұхаммед әл-Наимиден, Өзбекстан Республикасының елшісі Ф. Тұрсыновтан сенім грамоталарын қабылдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ президенті А.Ұ. Маминді қабылдады. Ол компанияның 2008 жылдың 10 айындағы жұмысының қорытындылары, оның даму стратегиялары, сондай-ақ машина жасау саласындағы ауқымды жобалардың іске асырылу барысы жөнінде баяндады.



Мемлекет басшысы Үндістан Республикасының Премьер-министрі М. Сингхе Мумбаи қаласында болған террористік әрекетке байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Қылмыскерлердің қатыгез әрекетін толық айыптай отырып, Қазақстан халқының және жеке өз атыман Сізге, Сіз арқылы қаза тапқандардың отбасыларына және Үндістан халқына шынайы қайғырып, көңіл айтамын. Осы қаралы оқиғаға байланысты терроризммен күресте халықаралық ынтымақтастықты күшейту қажеттігін баса атап өткім келеді. Терроризмнің барша түрін осы арқылы ғана жоя аламыз деген сенімдемін», — делінген жеделхатта.

28 қараша

Мемлекет басшысы «Eighth Wonder International limited» америкалық компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы М. Адвентон бастап келген бір



топ өкілдерін қабылдап, олармен компанияның Қазақстанның туристік саласына 20 млрд. доллар инвестиция салу мүмкіндігін талқылады.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының кейбір мәселелері туралы» №698, «Б.Ф. Ысқақов туралы» №699, «А.В. Смирновты Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, ТМД Жарғылық органдары жанындағы Тұрақты Өкіл міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №700, «Қазақстан Республикасының жергілікті және басқа соттарының алқалар төрағалары, төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №701, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылдың 26 сәуіріндегі №853 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №702 жарлықтарына қол қойды.

ЖЕЛТОҚСАН



Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	31
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	



1 желтоқсан

Мемлекет басшысы Астана қаласында Есіл өзені арқылы өтетін жаңа көпірдің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.



Мемлекет басшысы Астана қаласындағы «Ақорда» резиденциясының маңындағы алаңда Жаңажылдық бас шыршасының ашылуына қатысты.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерту мен толықтырулар енгізу туралы» №93-IV, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №94-IV заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан халқының рухани даму қоры» акционерлік қоғамын құру және қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» №703 Жарлығына қол қойды.



2 желтоқсан

Мемлекет басшысы «М.М. Тәжинге Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №704, «Дипломатиялық дәрежелер беру туралы» №705 жарлықтарына қол қойды.

3 желтоқсан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Д.А. Медведевпен телефон арқылы сөйлесті.

Тараптар Қазақстан, Армения, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан елдерінің 2008 жылдың 19–21 желтоқсанында Қазақстанда өтетін бейресми саммитінің күн тәртібін талқылады, сондай-ақ Қазақстан мен Ресей Президенттерінің кездесуі кезінде қол жеткізілген уағдаластықтар аясындағы екіжақты ынтымақтастық мәселелері, әлемдік қаржы дағдарысына байланысты қабылданып жатқан шаралар жайында пікір алмасты.

4 желтоқсан

Мемлекет басшысы ЕҚДБ президенті Т. Мировты қабылдады.

Кездесуде әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында Қазақстанның ЕҚДБ-мен шағын және орта бизнес, ауыл шаруашылығы, құрылыс және инфрақұрылымды дамыту салаларындағы өзара іс-қимылының мүмкіндіктері талқыланды.



Сол күні Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапарымен аттанды.

Н.Ә. Назарбаев өзінің алматылық резиденциясында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің мүшелерімен бірқатар жұмыс кездесулерін өткізді. Атап айтқанда, Президент Азия даму банкінің вице-президенті Шаою Жаоны, «BG Group» компаниясының бас атқарушы директоры Ф. Чапмэнді, «Лукойл» компаниясының президенті В. Алекперовты, «СопосоPhillips Inc.» компаниясының басқарма төрағасы және бас атқарушы директоры Дж. Малваны және «Arcelor Mittal» компаниясының бас атқарушы директоры Л. Митталды қабылдады.



Кездесу барысында инвесторлар Н.Ә. Назарбаевты жүзеге асырылып жатқан жобалар туралы хабардар етті және алдағы жоспарларды талқылады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі» №95-IV, «2009–2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» №96-IV, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне бюджет процесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №97-IV, «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2007–2009 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» №98-IV заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Т.С. Қабдырахманов туралы» №706, «Ғ.Т. Қойшыбаевты Қазақстан Республикасының Литва Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №707а жарлықтарына қол қойды.

5 желтоқсан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен өз жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің XX мерейтойлық пленарлық отырысына төрағалық етті.

Отырыста әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайындағы инвестициялық саясаттың ерекшеліктері, сондай-ақ шетелдік компаниялармен шарт жасасуда қазақстандық үлесті кеңейту мәселелері талқыланды.

Кеңесті ашқан Н.Ә. Назарбаев жиналғандарға Кеңестің жаңа мүшелері — ЕҚДБ президенті Т. Мировты, Азия даму банкінің вице-президенті Шаою Жаоны және «Epi S.p.A.» корпорациясының бас өндірістік директоры К. Дескальциді таныстырды.

Президент бүкіл әлем қиыншылық кешіп жатқан қазіргідей жағдайда елдер тек өз экономикасының ішкі өсім қорларына сенім арта алатынын айтты. Осыған байланысты Үкіметке, ұлттық компаниялар мен мемлекеттік органдарға отандық өндірушілерден сатып алуларды барынша қамтамасыз ету тапсырылды. Мемлекет басшысы инвестициялық және операциялық шығындарда, еңбек ресурстарында қазақстандық үлесті арттыру бойынша шетелдік инвесторларға да осындай ұсыныс білдірді. «2008 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша ұсынылған есепке сәйкес елімізде жұмыс істеп жатқан шетелдік компаниялар қызметіндегі қазақстандық үлес 10–15%-дан аспайды. Бұл сан біздің өнім өндірушілердің әлеуетін көрсетпейтіні айқын. Мұндай жайт біздің мемлекетімізді де, жер қойнауын пайдаланушыларды да, өнім өндірушілерді де қанағаттандыра алмайды. Оның үстіне барлық келісім-шарттарда компанияларға қазақстандық үлесті ұлғайту жөнінде тікелей міндеттеме жүктелген», — деп атап айтты Н.Ә. Назарбаев.

Кеңес жұмысын қорытындылай келе, Мемлекет басшысы Үкіметке қазақстандық үлесті арттыру бойынша нақты ұсыныстар жасау жөнінде бірқатар тапсырмалар берді.

Кеңес жұмысында сондай-ақ Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі В.С. Школьник, ЕҚДБ президенті Т. Миров, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарма төрағасы Қ.Н. Келімбетов сөз сөйледі.



Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен «Үздік шетел инвесторы — 2008» байқауының жеңімпаздарын құттықтау рәсіміне қатысып, конкурс жеңімпаздарына дипломдар табыс етті.



Сол күні Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы жеке бизнес өкілдерінің орта білім беру саласындағы алғашқы қайырымдылық жобасы — «Haileybury Almaty» мектебінде болды.



Бұл жоба 150 жылдан бері британдық жетекші тәуелсіз оқу орындарының бірі болып табылатын Ұлыбританияның танымал «Haileybury» жеке мектебінің үлгісі негізінде жасалған.

Мемлекет басшысы Орыс православиелік шіркеуінің Қасиетті синодына Мәскеу және бүкіл Русь Патриархы Алексий II-нің қайтыс болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Мәскеу және бүкіл Русьтің Аса қасиетті Патриархы Алексий II-нің қайтыс болғандығы туралы терең қасіретпен және қайғылы жағдайда естіп-білдім.

Алексий II-нің Орыс православиелік шіркеуінің беделін нығайтуға, қоғамның рухани өрлеуіндегі оның рөлін арттыруға қосқан зор үлесіне баға жетпейді. Адамға деген сүйіспеншілік, әділдік пен құлықтылық, ізгілік пен қайырымдылық идеяларын таратудағы, тыныштық пен түрлі діни наным адамдарының арасындағы келісімді сақтаудағы Патриархтың сіңірген еңбегі орасан зор. Қазақстанда оның біздің елімізге 1995 жылғы пастырлық сапарын ерен ықыласпен еске алады. Нақ осы Аса қасиетті Патриарх Алексий II Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізуге бата берген еді.

Қазақстан халқының және тікелей өз атымнан Патриархтың туысқан-туғандары мен жақындарына, қасірет тартқан ресейліктерге, иерархтарға, Орыс православиелік шіркеуінің қызметшілері мен барлық келуші адамдарына қатты қайғырып көңіл айтамын. Алексий II-нің жарқын бейнесі қазақстандықтардың жүрегінде әрдайым сақталады», — делінген жеделхатта.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №708 Жарлығына қол қойды.

8 желтоқсан

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында Орталық мешітте болып, барша мұсылмандарды Құрбан айт мерекесімен құттықтады.



Сол күні Мемлекет басшысы Қарағанды облысына жұмыс сапарымен аттанды.

Президент «Сарыарқа» әуежайының жаңартылған ғимаратында, «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығында болып, «Гүлдер» шағын ауданындағы бюджеттік сала қызметкерлері үшін салынған 352 пәтерлік жаңа тұрғын үйге барды, сондай-ақ С. Сейфуллин атындағы қазақ драма театрының жаңа ғимаратын аралап көріп, М.О. Әуезовтің пьесасы бойынша қойылған «Айман-Шолпан» спектаклінің премьерасын тамашалады.

9 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қарағанды облысына жұмыс сапары барысында А. Құнанбаевқа арналған ескерткіштің ашылу рәсіміне қатысты, сондай-ақ «30 корпоративтік көшбасшы» мемлекеттік бағдарламасы аясында салынған жаңа металлургиялық кремний өндіретін «Silicium Kazakhstan» ЖШС зауытында болды.



«Бұл еліміз үшін елеулі оқиға: әлемдік қаржы дағдарысына қарамастан, Қазақстанда жаңа өндіріс орындары ашылуда. Жазық далада мынадай үлкен зауыт тұрғызылды. Өткен жылдың шілдесінде басталған құрылыс нысаны бір жарым жылда салынып бітті. Қарағанды облысында Көмір бассейні, меткомбинат тәрізді корпоративтік көшбасшылар жетерлік, енді осы зауыт та біздің мақтанышымызға айналды», — деді Н.Ә. Назарбаев зауыттың ашылу рәсімінде.



Жаңа кәсіпорынның өндірістік қуаты 25 мың тонна металлургиялық кремнийді, 10,5 мың тонна кремний ұнтағын және 875 тонна кремний шлагын құрайтын болады.

Зауыт өнімдері ғарышты игеру, радио-электроника салаларында, заманауи құрылыс материалдары өндірісінде кеңінен қолданылатын болады.

10 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстанда тіркелген шетелдік дипломатиялық корпус өкілдерімен кездесті.

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Конгресс-Холлда елорданың Астанаға ауыстырылғанына 11 жыл толуына орай өткен мерекелік концертті тамашалады.

Мемлекет басшысы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» №99-IV, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» №100-IV, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №101-IV заңдарына қол қойды.

11 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Астанабасжоспар» МҚК болып, үшжылдық мерзімге арналған бірінші кезекті қала құрылысы шараларының кешенін қарастыратын Астананың Бас жоспарына енгізілетін түзетулер жобасымен танысты.

Содан кейін Президент Астана қаласының әкімдігінде елорданы одан әрі дамыту мәселелеріне арналған кеңес өткізді. Онда 2008 жылы атқарылған жұмыстар қорытындыланып, алдағы жылдың перспективалық міндеттері айқындалды.

Кеңесте сөз сөйлеген Н.Ә. Назарбаев елорданың болжанған мерзімнен жылдам дамып отырғанын атап өтті. Қала тұрғындары мен автокөліктер саны артуда. Алайда, инженерлік және көліктік инфрақұрылымды, жылу және энергиямен жабдықтау жүйелерін дамыту қарқыны төмен деңгейде қалып отыр. Мемлекет басшысы Астананы дамытудың басым міндеттері қатарында қаланың архитектуралық жоспарлау құрылымын жетілдіру, өнеркәсіпті аймақтарды



қайта құру мен абаттандыру, біртұтас көгалдандыру жүйесін қалыптастыру, қалалық көлік ағындарын автоматтандырылған басқару жүйесін жасауды атады.

Кеңес қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы Үкіметке Астананы дамыту жөніндегі 2006–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның орындалу барысын талқылаудан өткізуді тапсырды.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» №102-IV Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Б.Ж. Өтемұратов туралы» №709, «С.С. Қалмырзаевты Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқарушысы қызметіне тағайындау туралы» №710, «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға және Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттамаға қол қою туралы» №711 жарлықтарына қол қойды.

12 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Ақорда» астаналық резиденциясында өткен бірқатар саяси мемлекеттік қызметкерлердің Қазақстан халқына ант беру рәсіміне қатысты.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан халқы мен Президентіне адал қызмет етуге Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасарлары Қ.А. Нұрпейісов пен Т.С. Донақов, Президент көмекшісі Ә.О. Исекешев, Президент кеңесшісі Г.Н. Әбдіхалықова, Денсаулық сақтау министрі Ж.А. Досқалиев, Ауыл шаруашылығы министрі А.Қ. Күрішбаев, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Б.М. Сапарбаев, Қаржы министрі Б.Б. Жәмішев, Төтенше жағдайлар министрі В.К. Божко, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Б.Т. Сұлтанов, Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің төрайымы Е.Л. Бахмутова, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) төрағасы Қ.П. Қожамжаров, Ақмола облысының әкімі А.П. Рау, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ә.С. Бергенов, Қызылорда облысының әкімі Б.Б. Қуандықов, Павлодар облысының әкімі Б.Ә. Сағынтаев, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі С.С. Біләлов салтанатты түрде ант берді.

Мемлекет басшысы «Астана» кәсіпқой команда-сының жетекші велошабандоздарын қабылдады.



Қазақстандық «Астана» кәсіпқой шосселік велокомандасы (Astana Team) 2007 жылы оның алғашқы капитаны болған қазақстандық атақты велошабандоз А. Винокуровтың бастамасымен құрылған. Команданың Про-Тур мәртебесі бар әрі Швейцарияда базаланады. Команданың Бас менеджері Швейцария Турының бұрынғы ұйымдастырушысы Й. Брюнель болып табылады. Команданың қазіргі көшбасшысы – испандық А. Контадор. 2008 жылы «Астананың» құрамына «Tour de France»-тың жеті мәрте жеңімпазы болған аты аңызға айналған америкалық велошабандоз Л. Армстронг та қосылды.

Құрылғанына аз уақыт өтсе де, команда көптеген жеңістерге жетіп, даңқын аспандатты. Оның жетістіктерінің қатарында француздық «Criterium du Dauphine Libere» — 2007 (командалық топ), итальяндық «Giro d'Italia» — 2008 (бас топ), испандық «Vuelta a Espana» — 2008 (бас топ) тәрізді айтулы веложарыстардағы бірінші орындарды атауға болады.

Мемлекет басшысы қытайлық инвесторлардың каражатына салынған жаңа «Пекин Палас» бесжұлдызды қонақ үйін аралап көрді.

Мемлекет басшысы «Қ.П. Қожамжаровты Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №712, «М.С. Тәшібаев туралы» №713 жарлықтарына қол қойды.

15 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні қарсаңында «Ақорда» астаналық резиденциясында бір топ қазақстандықтарға мемлекеттік наградаларды табыс етті. Олардың ішінде танымал мәдениет, ғылым, білім беру, денсаулық сақтау саласының қайраткерлері, өндірістік саланың, құқық қорғау органдарының өкілдері, әскери қызметшілер, соғыс және еңбек ардагерлері бар.

Мемлекетіміздің жоғарғы наградасы — «Халық қаһарманы» атағы Қазақстан Қарулы күштері Штаб-



тар бастықтары комитеті төрағасының орынбасары, генерал-лейтенант Б.Е. Ертаевқа, еліміздің экономикасы мен әлеуметтік-гуманитарлық дамуына сіңірген айрықша еңбектері үшін «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы Алматыдағы Ы. Алтынсарин атындағы №159 гимназияның директоры А.Т. Миразоваға және Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданындағы «Зенченко және К» шаруашылық серіктестігінің бас директоры Г.И. Зенченкоға берілді.



«Халық қаһарманы» атағы 1993 жылы бекітілген, Қазақстан Республикасының жоғарғы дәрежелі ерекшелік белгісі болып табылады. Атақ Қазақстан Республикасына сіңірген аса көрнекті қызметі үшін, оның бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы азаматтық және жауынгерлік ерліктері үшін беріледі. «Халық қаһарманы» атағына (1-сурет) ие болған тұлғаларға Алтын жұлдыз және «Отан» ордені (2-сурет) тапсырылады.

«Қазақстанның Еңбек Ері» атағы 2008 жылдың желтоқсанында бекітілген, Қазақстан Республикасының жоғарғы дәрежелі ерекшелік белгісі болып табылады. Атақ елдің экономикалық және әлеуметтік-гуманитарлық дамуына қосқан айрықша үлесі үшін беріледі. «Қазақстанның Еңбек Ері» атағына (3-сурет) ие болған тұлғаларға Алтын жұлдыз және «Отан» ордені (2-сурет) тапсырылады.

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялағанына 17 жыл толуына арналған салтанатты жиналысқа қатысып, қатысушылар алдында сөз сөйледі (Қосымшаны қараңыз).



Мемлекет басшысы «Санкт-Петербург қаласында (Ресей Федерациясы) 2002 жылғы 7 маусымда қол қойылған Шанхай ынтымақтастық ұйымының хартиясына өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» №103-IV; «Күштеп жоқ қылып жіберуден барлық адамдарды қорғауға арналған халықаралық конвенцияны ратификациялау туралы» №104-IV; «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттерге агрессия қатері туындаған немесе агрессия актісі жасалған жағдайларда әскери-техникалық көмек көрсету тетігі туралы хаттаманы ратификациялау туралы» №105-IV; «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің электр энергетикасы жүйелерінің орнықты қосарлас

жұмысын қамтамасыз ету үшін ресурстар резервін жасау және оларды тиімді пайдалану туралы келісімді ратификациялау туралы» №106-IV заңдарына қол қойды.


Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы Табысқа салынатын салыққа қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға және оған Хаттамаға қол қою туралы» №714, «Иран Ислам Республикасындағы Қазақстан Республикасының Бас консулдығын көшіру туралы» №715 жарлықтарына қол қойды.

19–21 желтоқсан

Мемлекет басшысы Ақмола облысының Бурабай қаласында өткен Қазақстан Республикасы, Армения Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы президенттерінің бейресми кездесуіне қатысты.

Саммит барысында мемлекет басшылары ҰҚШҰ, ЕурАзЭҚ, ТМД және ШЫҰ тәрізді бірлестіктер шеңберінде әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында өңірлік ынтымақтастықты дамытудың өзекті мәселелері бойынша пікірлер алмасты.

Кездесудің нәтижесінде ҰҚШҰ аясында жедел әрекет ету күштері тобын құру туралы, әлемдік қаржы дағдарысының салдарын жоюда көмек көрсету үшін бірлескен қор құру туралы, инновациялық жобаларды бірлесіп әзірлеу мен енгізу бойынша жоғары технологиялар орталығын құру жөнінде уағдаластықтарға қол жеткізілді.



Мемлекет басшысы Ақмола облысының Бурабай қаласында өткен бейресми кездесу аясында Армения Республикасының Президенті С.А. Саргсянмен, Қырғыз Республикасының Президенті Қ.С. Бакиевпен, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмонмен және Ресей Федерациясының Президенті Д.А. Медведевпен екіжақты кездесулер өткізді.

Д.А. Медведевпен келіссөздер жүргізу нәтижесінде Қазақстан мен Ресейдің 2009–2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары қабылданған Бірлескен мәлімдемеге қол қойылды. Іс-қимылдар Жоспарына Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының бүкіл салаларын: саяси және экономикалық сала-

ларды, отын-энергетикалық кешенді, ғарыш кеңістігін игеруді, көлік және коммуникацияны, өңіраралық, шекаралық және көші-қон ынтымақтастығын, әскери-техникалық жүйені, төтенше жағдайлардың алдын алу-ды және жоюды, ғылыми және гуманитарлық салаларды қамтитын 40 нақты іс-шара енгізілген.

23 желтоқсан

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Бейбітшілік пен келісім сарайында өткен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі жыл сайынғы «Парыз» байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне қатысты.

Салтанатты рәсімге жиналғандар алдында сөз сөйлеген Президент бизнес халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге белсенді атсалысуы және қазақстандықтардың өмір сүру деңгейін арттыру үшін қолдан келгеннің бәрін жасауы тиіс екенін атап өтті. «Онсыз жақсы еңбек көрсеткіштеріне де, тұрақты дамитын өндіріс көлеміне де қол жеткізу мүмкін емес. Мемлекеттік және бизнес құрылымдары жүзеге асырып жатқан әлеуметтік бағдарламалар әлемдік қаржы дағдарысының біздің экономикамызға кері әсерін тигізіп отырған бүгінгі күні айрықша маңызды», — деді Н.Ә. Назарбаев.



Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» байқауы Мемлекет басшысының 2008 жылғы 23 қаңтардағы Жарлығымен бекітілген.

Конкурсқа 296 кәсіпорын қатысты. «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы», «Үздік ұжымдық шарт», «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» номинациялары бойынша 28 кәсіпорын лауреат атанды. Бұл ретте әрбір номинацияның үш категориясы бар: шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектісі.

Конкурстың Бас жүлдесін «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жеңіп алды. Корпорация 150-ден астам ірі әлеуметтік сала нысандарының қызметін қаржыландырып отыр. Олардың ішінде 5 медициналық мекеме, 4 санаторий, 8 балаларды сауықтыру кешендері, 36 мектепке дейінгі балалар мекемелері бар. Тау-кен өндірісінің ардагерлеріне мекен-жайлық қолдау көрсету үшін корпорацияда арнайы қор құрылған.

Тек 2008 жылдың өзінде корпорация әлеуметтік мәселелерді шешуге 92 млн. доллар қаржы бөлген.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы 2002 жылғы 10 шілдедегі өзара түсіністік

туралы меморандумды ратификациялау туралы» №107-IV, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы 2001 жылғы 15 желтоқсандағы өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы» №108-IV заңдарына қол қойды.

24 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.Қ. Күрішбаевты қабылдады. Ол елдің агроөнеркәсіптік секторының 2008 жылғы жұмыс қорытындылары туралы баяндады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің бір топ депутаттары — Н.В. Геллерт, М.Қ. Пішембаев, Н.С. Сабильянов, Р.Қ. Сәрпековті қабылдады.

Депутаттар Президентті әлемдік қаржы дағдарысының кері ықпал етуі жағдайында экономиканы қолдауға бағытталған дағдарысқа қарсы заңдар топтамасын қалыптастыру жөніндегі заң шығарушылық жұмысы жөнінде, сондай-ақ «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы парламенттік фракциясының қызметі туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы «Парижде Халықаралық эпизоотиялық бюроны құру туралы халықаралық келісімді ратификациялау туралы» №109-IV, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» №110-IV, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала қызметкерлерін әлеуметтік қолдау және ынталандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №111-IV заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №716 Жарлығына қол қойды.

25 желтоқсан

Мемлекет басшысы ТҮРКСОЙ бас директоры Д.Қ. Қасейіновті қабылдады. Ол Президентті

ТҮРКСОЙ-ға Қазақстанның төрағалық еткен алты айының ішінде атқарылған жұмыстар жайынан және Ұйымды дамыту келешегінен хабардар етті.

Өз кезегінде Президент Д.Қ. Қасейіновті түркі-тілдес мемлекеттердің халықаралық ұйымының бас директоры қызметіне тағайындалуымен құттықтады. «Бұл Қазақстанның халықтар мен түркі тілдес кеңістіктегі елдер арасындағы өзара іс-қимылының ауқымды дамуына қосқан үлесін бағалаудың нәтижесінде жүзеге асты, сондай-ақ біздің еліміздің әлемдегі рөлінің арта түскені», — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев.



Мемлекет басшысы Астана қаласының әкімдігінде болып, «Арендалық тұрғын үй» бағдарламасы бойынша елорданың тұрғындарына пәтер кілттерін тапсыру салтанатты рәсіміне қатысты.

Іс-шараға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде, Мемлекет басшысы 500-ден астам астаналық отбасы жаңа пәтерге ие болумен қатар, Жаңа 2009 жылды жаңа қоныста мерекелейтінін атап өтті. «Муниципальдық тұрғын үйлерді беру — бұл мемлекеттің дәрігерлер мен мұғалімдер, мәдениет қайраткерлері, мемлекеттік қызметшілер туралы, соғыс ардагерлері мен табыстары көп емес адамдар туралы қамқорлығының жарқын куәсі», — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев.



Президент №2 балалар үйінің дәрігері А. Югайға, Көп балалы ана Т. Тоқтароваға, Ұлы Отан соғысының ардагері Ғ. Шәмілұлына, Қ. Қуанышбаев атындағы қазақ сазды-драма театрының актері А. Аймағамбетоваға, Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жүзу жөніндегі жаттықтырушысы А. Кудрявцевке, №58 орта мектептің мұғалімі О. Шахановқа пәтер кілттерін тапсырды.

Президент жаңа пәтер иелерін келе жатқан Жаңа жылмен құттықтап, оларға жаңа қоныстары әрдайым ырыс пен берекеге толы болсын деген игі тілегін білдірді.

Мемлекет басшысы Астана қаласының сол жақ жағалауына болгарлық сәулетші Г. Стоиловтың жобасы бойынша тұрғызылған жаңа «Керуен» сауда, ойынсауық орталығын аралап көрді.

Мемлекет басшысы Астана қаласында орналасқан әскери бөлімде болып, жаңа және жаңартылған үлгідегі әскери техникамен және қару-жарақпен танысты, сонымен бірге бөлімнің жеке құрамымен кездесті.

Президентке осы заманғы танктер үлгісі, жаяу әскерлердің әскери машинасы мен бронетранспортерлер таныстырылды. «Қалқан» арнаулы мақсаттағы десанттық-шабуылдаушы батальонының жеке құрамы шабуылдаушы алаңда көрсетілімдер көрсетті.



Мемлекет басшысы «Бәсекелестік туралы» №112-IV, «Бәсекелестік мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №113-IV заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының кейбір аудандық және оларға теңестірілген соттарын қайта ұйымдастыру туралы» №717 Жарлығына қол қойды.

26 желтоқсан

Тәуелсіздік күніне орай Мемлекет басшысының атына алыс және жақын шетелдердің мемлекет басшыларынан құттықтау жеделхаттары келіп түсуде.

